

1937



«ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР»



ҰЛТТЫҚ  
ПОЭЗИЯ  
ПАДИШАСЫ

“Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?  
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?  
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,  
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?”

Мағжан Жұмабаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

## ҰЛТТЫҚ ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ

(Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевқа арналады)

АЛМАТЫ 2001

ББК 78.5 + 83.3 Қаз  
Ұ-37

Ұлттық поэзия падишасы: Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармагерлігі туралы / Құраст. Ф.Қ. Бектурбекова.- Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. - 175 бет, суретті. - "Ұлы тұлғалар" Ғылымибиографиялық серия.

ISBN 9965-473-18-8.

ББК 78.5 + 83.3 Қаз.

Бас редактор  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор ЕЛЕУКЕНОВ Ш. Р.

Жауапты редактор  
Орталық ғылыми кітапхана директоры  
К.Қ.ӘБУҒАЖЕВА

Редакция алқасы  
ӘБЕНОВА Л.Д.  
НҮРБЕКОВАҚ.Н.

Құрастырушы  
БЕКТУРБЕКОВА Ф.Қ.

4406000000  
Ұ-----  
00(05)-01

© БектурбековаФ.Қ.  
құрастырушы, 2001.

ISBN 9965-473-18-8

## МАЗМҰНЫ

Құрметті оқырман.....
Алғы сөз .....
Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармагерлігі туралы шолу.....
Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері.....

### I Бөлім ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Орал тауы.....
Бүгінгі күн өмір, өлім – менікі.....
Алтын хакім Абайға.....
Сорлы қазақ.....
Өнер-білім қайтсе табылар.....
Алыстағы бауырыма.....
Толғау.....
Туған жер.....
Қазағым.....
Сүй, жан сәулем.....
Төгілген шашы.....
Сағындым.....
Айда атыңды, Сәрсембай.....
Балапан қанат қақты.....
Осы күнгі күй.....
Туған жер.....
Жұлдызды – жүзік, айды алқы ғып берейін.....
Батыр баян (бірінші бөлімінен үзінді).....
Қойлыбайдың қобызы.....
Наурыз.....
Педагогика (ғылыми еңбегінен үзінді) .....

### II Бөлім МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Елеуенов Ш. “Қосылып батыр түрік балалары”.
Мағжан ақын және түрік тақырыбы.....
Кәрібаева Б. Мағжан поэтикасы.....
Құттықожаев И. Мағжан Жұмабаев және стиль мәселесі.....
Құттықожаев И. Мағжан Жұмабаев поэзиясының мәдени негіздері.....
Әбдешев Б. “Шолпанның күнәсі” әңгімесіндегі психологизм.....
Қанарбаева Б. Мағжан шығармашылығының фольклорлық қырлары.....
Дәрімбет Б. Мағжан және коммунистік идеология.....
Мәшһүр Жүсіп Қ. “Батыр Баян” дастаны.....
III Бөлім
“Жыр тербеген жүрек”
Әуезов М. Мағжанды сүйемін!.....
Қаһарманұлы Ғ. Мағжан. Деректер, естеліктер.....
Батырхан Д. Мағжан және Алаш қозғалысы.....
Елеуенов Ш. Мағжан Жұмабаев.....
Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы (Ташкенттегі қазақ студенттеріне етілген баяндамадан үзінді).....
Әбдіраштың Жарасқаны. Мағжан Жұмабаев .....

IV Бөлім  
КӨМЕКШІ КӨРСЕТКІШТЕР

Мағжан Жұмабаев еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	
Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер.....	
Еңбектерінің әліпби көрсеткіші.....	
Есімдер көрсеткіші.....	
Көрсеткішті құрастыруға пайдаланылған мерзімді басылымдар мен әдебиеттер тізімі.....	
Авторлар туралы мәлімет.....	

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы 2001 жылдан бастап “Ұлы тұлғалар” деген арнайы ғылыми – биографиялық серия ашып отыр. Ондағы мақсат – халқымыздың ұлттық зиялыларын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке насихаттау.

Өткен тарихымызды бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден – бір жолы, халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген зиялыларымыздың артында қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек.

Міне, сондықтан да біртуар азаматтарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысын халық арасында насихаттау – бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе деп білеміз.

Ұсынылып отырған ғылыми – биографиялық жинақта Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармагерлігі туралы мағлұмат, өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері берілді. Мағжан Жұмабаевтың өз қаламынан шыққан бірқатар еңбектері, ақынның ақындығы туралы зерттеулер ұсынылды.

Ғылыми – биографиялық серияның “Көмекші көрсеткіштер” бөлімінде Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан: әуелі қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде берілген, оның өз еңбектері хронологиялық ретпен әр жылдың ішінде әліпби бойынша орналасқан.

Кітаптың соңында еңбектердің әліпби және есімдер көрсеткіші берілген. Онда еніп отырған цифрлар, олардың өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын және хронологиялық көрсеткіштерінің тұсындағы рет тәртібін білдіреді.

Бұл жинақ мағжантанушылар мен әдебиеттанушы-ларға, жалпы көпшілік қауымға арналған.

“Ұлы тұлғалар” атты жинақтың алғашқы рет шығуы себепті, жинақтың дайындалу барысында кемшіліктері болса, ұсыныстарыңызды мына мекен – жайға жіберулеріңізді өтінеміз: 480100, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28. Орталық ғылыми кітапхана. Ғылыми – библиографиялық бөлім.

Тел.: (3272) 93-02-19

Факс: (3272) 93-02-60

E-mail: cnb @ academset. Kz

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазір біз өз тарихымызды жалтақсыз зерттеп, тіліміздің, өнеріміздің терең тамырларын тануға кірістік. Енді ғылым – білімге өресін жайдырмайтын темір құрсау жоқ. Мәдени өмірімізге қара таңба салған, ұлы азаматтарымызды қиянаттап ластаған, пәле-жала жабу арқылы қырғынға ұшыратқан сұмдықтарды жариялаймыз. Сонда өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанғандай рухани қуанышқа бөленеміз. Мінеки, сол қайта тірілген, қайта жанған отымыздың бірі – даңқты жырлардың авторы, жарты ғасырдан аса атын да атауға рұқсат етілмей келген Мағжан Жұмабаев. Қаршадайынан орысша оқып, орыс әдебиетінің мәдениетіне еркін жетіккен Мағжан қазақ поэзиясына сол балғын шағында ерекше, аса талантты болмысымен келді. Екі ананы тел емген Мағжан қазақ ауыз әдебиетінің тұнығына қана отырып, жарқ етіп шыққан Абай поэзиясын да өзіне мектеп етті.

Мағжанның балғын поэзиясы екі ғасырдың жалғасқан жылдарына тура келеді. Қоюлана түскен тарихи оқиғалар, тап күресінің жалын ата, айналасын түгел жаңғырта түскен, болашақтың ұшқын оттары жалтылдай бастаған кезең еді ол. Әсіресе, 1905 жылдың революциялық толқынын ерекше сезінген, кей жерде басынан да кешірген қазақ интеллигенциясы, оның ағартушылары мен ақын – жазушылары – кеше ғана бізге өз жолдарын тапсырып кеткен Абай, Шоқан, Ыбырайлар дәстүрін жаңа жағдайда қызу қимылдата бастады. Біз “Оян, қазақ!” деген жаңа ұрандар ести бастадық. Жаңа газеттер, жаңа журналдар шығып, халықты білім жолына, бірлік жолына шақырды.

Мағжанның ұлттық санасы сол халықтың Россиядағы революция толқынымен ояна бастаған кезінде туып, қалыптаса бастады. Ақындағы орыс патшалығының қатал үстемдігіне қарсы сезім – ұлы күрестің әсеріне тікелей байланысты. Жас лапылдаған шабытпен бәрін қамтып, барын айтқысы келген ақын ойындағының бәрін айта беруге мүмкін емес екенін ұзамай-ақ түсінді.

Біз бүгін ертеңгі күнімізге қарап, жарық болашағымызды көрсек, кешегі күнімізге қарап, өткен жолдарымыздың қияметтей ауырлықтарын да көреміз. Біз бүгін өшкеніміз қайта жанып, өлгендеріміз қайта тірілген қуанышты күндерді басымыздан кешіре бастадық. Солардың бірі поэзиямызға алтын қазынасын көтеріп қайта оралған Мағжан Жұмабаев және оның ескіrmес, өлмес жырлары.

Еліміздің ұлттық тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасында 2001 жылдан бастап, қазақ халқының көрнекті қоғам қайраткерлеріне арналған “Ұлы тұлғалар” атты ғылыми-биографиялық серия шығарыла бастады. Бұған дейін А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев туралы ғылыми – биографиялық кітаптар жарық көрді. “Ұлы тұлғалар” тізбегінің заңды жалғасы – “Ұлы поэзия падишасы” кітабы Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармагерлігіне арналып отыр.

Бұл жинақты болашақ зерттеушілер оң көзімен қарай отырып, мағжантану сияқты әдебиеттану ғылымының тың саласына өз жаңалықтарын, соңғы ой-пікірлерін қосаты-нында күмән жоқ.

ШЕРИАЗДАН ЕЛЕУКЕНОВ,  
филология ғылымдарының докторы, профессор



## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАГЕРЛІГІ ТУРАЛЫ ШОЛУ

Мағжан Бекенбаласы Жұмабаев 1893 жылы Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысында, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, “Молодежный” совхозында (қазір “Мағжан Жұмабаев” атындағы совхоз) дүниеге келген. Орташа ауқатты семьядан шыққан. Ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашады. 1905 жылы Қызылжардағы (қазіргі Петропавловск) медресеге оқуға түседі. Бұл медресені араб, парсы, түрік тілдерін еркін меңгерген, Стамбулда оқып, дәріс алған, ауқатты семьядан шыққан жергілікті интеллигент Мұхамеджан Бегишев ашқан екен. Ол өзі Шығыс халықтарының тарихы жөнінде де сабақ берген. Мағжан Жұмабаев бұл медресені 1910 жылы жақсы үлгеріммен бітіреді.

Мағжан он екі жасында Қызылжар қаласындағы Бегишев медресесіне түскеннен бастап әдебиетпен қатты шұғылданған. Тіпті қазақ, татар әдебиетін былай қойғанда, ол араб-парсы ақындарының, атап айтқанда, Фирдоуси, Сағади, Хафиз, Омар Хайям, Низами, Науаи сияқты даналардың ұлы дастандарын түп нұсқадан оқып үйренуді өзінің машығына айналдырған. Ал ұлы Абай мен Дәрдман өлеңдерінің қазақ дүниесіне келуі кішкентай Мағжанның жан-жүрегіне ауызбен айтып жеткізе алмайтын телегей-теңіз әсер әкеледі. Әрбір сауық кештерінде, шілдеханаларда қыз бен жігіттер Абай мен Дәрдман өлеңдерін ең алдымен әсем әнмен шырқайтын болған.

1909 жылы шыққан Абай өлеңдерін оқып, Абайға арнап: “Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға” деген өлең жазды. Абайға деген махаббатының нәзік қылын шертті. Ақын болуды арман етті. Жас жігіттің өлең жазып жүрген талабы қазақ халқының әйгілі қамқоршысы, қазақ еліне: “Қаным – башқұрт, тәнім – татар, жаным - қазақ” деп мәтел таратқан ұлы жазушы Ғалымжан Ибрагимовты қатты толғантады. Сондықтан да Ғалымжан 1910 жылдың күзінде Мағжан өлеңдерінің қолжазбаларын Қазандағы Кәрімовтардың баспасына табыс етеді. 1912 жылы Мағжанның “Шолпан” атты өлеңдер жинағы жарық көреді.

Елдегі оқумен қанағаттанбаған болашақ ақын 1910 жылы күзде өзінің ауылдасы, талапкер жазушы Бекмұхамбет Серкебаевпен бірге Медресе-Ғалияға түсу үшін Уфаға сапар шегеді. Медресе өзінің дәрежесі жағынан алғанда Жоғары оқу орнымен бара-бар еді. Мағжан сол Медреседе сабақ беретін ұстаз, жоғарыда айтылған белгілі татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен, медресенің жетекшісі Сәлімгерей Жантуринмен, жерлесі, болашақ көрнекті жазушы Бейімбет Майлинмен танысады.

Өлеңдер жинағы өзінің сезім лирикаларымен қазақ поэзиясындағы жаңа өрнегімен көзге түседі. Бір айта кетер жәйт, 1909 жылы Петербургте жарық көрген Абай жинағы бұл кезде көпшілікке мәлім еді. Мағжан да әрине оны оқыған. Семинарияда Мағжан болашақ революционер ақын Сәкен Сейфуллинмен танысады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Мағжан Жұмабаев көпшілік қауым мойындаған, қалыптасқан ақын болып танылады. Оның жырлары қазақ даласын шарлап кетеді.

“Жан сөзі” атты атақты өлеңінде ақын өзінің “Медресе - Ғалиядан” кетуіне үзілді-қарсы болған әкесі Бекенмен арадағы салқындықты және жергілікті дау-шарға келмеген жайың, өзінің сол тұстағы қауымға наразылығын зарлай жырлайды.

1912 – 1915 жылдары Мағжан Жұмабаев “Қазақ” газетінің редакторы, түрколог, қоғам қайраткері, көрнекті жазушы Ахмет Байтұрсынұновтан және Шығыс мәдениетімен де, Батыс мәдениетімен де, жан-жақты, терең суарылған аса дарын иесі Міржақып (Мир-Якуб) Дулатовтан дәріс алып, шығармашылықтың жаңа бір қырына көтеріледі. Мағжанға еуропалық білім алуға, орыс тілін үйреніп, мәдениетімен қанығуға олар көп себін тигізген.

1916 жылы Мағжан Жұмабаев Омбының мұғалімдер даярлайтын семинариясын ойдағыдай бітіріп, туған өлкесіне оралады. Қазақ даласында “Алаш” партиясын құруға қатысып, чех көтерілісін бастан кешеді, кейін Ақмола губерниялық “Бостандық туы” газетінде істейді.

Мағжан өмірінің бұл тұсы драмалық жайларды бастан кешірген кез еді. Уақытша әкімет кезінде және онан соң біресе Колчак әскері, біресе Совдеп билік құрып тұрған кезде, “Алашорда”, “Үшжүз” партияларының айтысы кезінде М.Жұмабаев “Алаш” партиясының мүшесі ретінде біраз уақыт түрмеге жабылады. 1919 жылы, өзі сүйіп қосылған жары Зейнеп баладан қайтыс болады, аздан соң ұлы да шетінейді. “Баланың қабір тасына ” деген өлең жазады. “Өлгені емес, жерді тастап кеткені, ізгі оймен жайлы жаннат төрінен орын алып, ата-анасын күткелі” дейді ақын. Бұл тұстағы белгілі, әрі әйгілі өлеңі “Мені де өлім, әлдиле”. Әлеуметтік жолайырық кезінде шартарап ой құшағындағы қамығулы ақынның жанына жара боп түскен соң ең жақындарынан айырылу қайғысы қатты күйзелтеді. Бірінен соң бірі келген қаза оған тағдырдың сайқымазағындай көрінеді де, ашынған көңілден “Өлім күйі тәтті

күй. Балқиды жаным бұл күйге, Мені де өлім, әлдиле” дегізеді. Жастайынан өмір сүріп, ақырында сүйіп қосылған жары Зейнепке арнаған “З-ға” деген өлеңінде: “қосылған жас күнімнен жарым едің, сүйікті анық досым, жаным едің, алысқа ұзап жолға шыққанымда, сарғайып мені күтіп қалып едің” деген жолдардан ақынның өкініш, қиналыс, жан толқуын аңғаруға болады. Екінші әйелі Зылихаға Мағжан 1921 жылы үйленеді. Ол кісі 96 жасқа келіп, 1989 жылы дүние салды.

Жиырмамыншы жылдардың бірінші жартысында М.Жұмабаев Ташкентте өнімді еңбек етті. Сонда шығатын “Шолпан”, “Сана” журналдарында, “Ақ жол” газетінде қызмет атқарып, біраз дүниелерін бастырады. Дәл осы кезде қалың қауымға таныс поэмасы “Батыр Баянды” жазып, жарыққа шығарады.

1923-1927 жылдары Мағжан Жұмабаев Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды, ол кезде институтты В.Брюсов басқаратын еді. Бұл жылдары ол орыс әдебиетін, Батыс Европа әдебиетін терең зерттеп, оқиды. Орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысып, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады.

Бұл кезеңде де ақын жаны жай таппайды: ылғи сын, қаңқу, шаншу сөздерден көзі ашылмайды. Ескішіл, байшыл, ақын атанады. Оқушы қауымға Мағжан өлеңдерін жат өлең ретінде, өткенді көксейтін, жаңа өмірге ілестірмейтін, көртартпа, уайымшыл шығармалар деп уағыздайтын мақала, сөздер баспа бетінде көбейе бастайды. Әсіресе, өзі Мәскеуде оқуда жүргенде мұндай материалдар қаптап кетеді. 1923 жылы Ташкент жұртшылығы алдында Ж. Аймауытов Мағжан ақындығын талдап, терең түсіндіретін баяндама жасап, оны “Лениншіл жас” журналына бастырып шығарса да, сыңаржақ сыншылар тобы ақынның соңынан қалмайды. Қайта Ж.Аймауытовтың өзін қоса сынайды. М.Жұмабаевтың ескішіл, жат өлеңдері орынсыз мақталды деп, оған кінә қояды. Ойламаған жерден болған төтенше оқиға Мәскеуде оқитын қазақ жастарының Мағжанға қарсы жиналысы еді. 1924 жылдың аяғына таман өткен бұл жиында Мағжан өлеңдері талқыланып, оның ақын шығармаларын теріске шығарған қаулысы елге, Қазақстанға жіберіледі. Мұндағы газеттер жиын ұйымдарын басып шығарады. Мәселен, “Еңбекші қазақ” газеті оны 1925 жылы 14 қаңтарда жариялаған. Орынсыз сыннан көңілі жабыққан ақын “Сәлем хат” деген өлең жазады. Ол “Тілші” газетінде жарияланады. Өлеңде мынадай жолдар бар:

Қайтуым хақ, белді буып тас қылып,  
Кет деме, елім, енді мені басқа ұрып.  
Дейтін болсаң: қой жырыңды, жырауым,  
Қобызымды қиратармын тасқа ұрып.

“Еңбекші қазақ” газетінің 1924 жылғы 19 желтоқсанындағы санында “Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабайұлына” деген ескертпемен “Сәлемге сәлем” деген жауап өлең басылады.

1912-1923 жылдары шыққан жинақтарын қарап отырсақ, ылғи ғана қазақтың сор, бейшара халі, ғылым-білім, теңдік жоқтығы жырланады. Сонда Мағжанның ғажайып ақындық талантына бақталастықпен, бақастықпен қарсы шықпаса да неге осыншама шүйліккен деген ой туады. Бұл жорамалды кейінгі 60 жылдар жайы да дәлелдей түседі: ақталған ақынға жол бермей, атын мүлде ешіріп тастау, 1960 жылы “Өмір және поэзия” деген кітабында Ә.Тәжібаевтың Мағжан Жұмабаев творчествосын жоққа шығаруы, 1968 жылы “Простор” журналының ақын жайында ақтау мақалалар басылған нөмірінің солайымен жойылып кетуі, айналып келгенде, осының бәрі ілгері дәуірде дәлелсіз құдалау қылықтарының әшкере болуынан сескеніп, қорқу салдарынан емес пе екен деп ойлайсың. Әйтпесе, Мағжан ақындығына осындай адамдар шүбә келтіреді деу қиын. Мәселен, 1927 жылдың өзінде Ә.Тәжібаев:

Мағжандай іздемеймін Қорқыт көрін,  
Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім.  
Кезбеймін есуас боп ең даланы,  
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім.  
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,  
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін,- деп жазады.

Белгілі “Тоқсанның тобы” поэмасына да қарсы ұзақ өлең жазғаны мәлім. Бірақ енді, 90-жылдары, Әбділда Тәжібаевтың өзін-өзі сынға алып, “Мағжанның алдында кешірілмес күнә жасадық” деп, 1989 жылғы Мағжан жинағына мүлде жаңа көзқараспен мақала жазуын ақын алдындағы, жұрт алдындағы адалдығы деп қарауымыз керек. Мағжан шығармаларына көп тоқталып, саяси жағынан, таптық жағынан қатты сынға алғандардың бірі Ғаббас Тоқжанов. “Мағжан совет тұсында” деген мақаласында ол Мағжанды табы, тобы бөлек, сөзі жат ақын дегенге дейін барады. “Пікір – идея жағынан Мағжан идеяшыл ақын, қиял Мағжанның тәңірісі. Қазаққа келгенде, Мағжанның саяси жолы қазақ байына қосылып отыр. Бүгінгі қазақ еңбекшілерінің жаңа тұрмысы оған ұнамайды. Бүгінгі заман “сұм заман”. Бұл жағынан қарағанда, Мағжан байшыл ақын. Бұл күндегіден безген, келешегі жоқ, уайымшыл, жылауық ақын”. Тек саяси жағынан, тап тұрғысынан келіп сынап отырғаны көрініп тұр.

Сол кездегі ағым солай, жаңа саяси идеологияның орнай бастаған кезі. Кейін бүкіл әдебиет саясатқа айналып, өзіндік, тәуелсіздік хұқығынан түгелдей айырылғанын тарихтан білеміз. Ал өлеңнің ажары, әдемілігі, көркемдік қасиеті дегенге келгенде мұнан Ғаббас Тоқжанов безбейді, мойындайды. “Қазақ әдебиетіне Мағжан кіргізген жаңалықтары жоқ емес. Мағжан күшті ақын. Көркемдік, әдемілік жағынан қарағанда Мағжан өлеңдері үлкен оқиға. Жүсіпбек айтқандай: “суретті, кестелі көркем сөз Мағжаннан басталады”. Мағжан сөзге еркін ақын. Күшешік ақын емес, айтам дегенін оқушының көңіліне қонғандай қылып айтады. Кейбір өлеңдерінде “шешендік, толғау күй төгіліп кететіні” рас. Көріп отырсыз, бәрі де әділ. Сонда Мағжанға неғыл дейсің деген сұрақ туады. Өзі күшті, тапқыр ақын болса, сөзге шебер, көркемшіл болса, ойдағыны айтатын болса, өнді оған не істемедің деп өкпелеу керек? Ол тек, ұрандап кетпеуі, “тап-тап” деп жар салмауы, “айқайлап” қол соқпауы. Шындығына келгенде, алақайдың жөні жоқ екенін 1927-28 жылдардағы кәмпескелеу, онан соңғы колхоздастыру, одан барып орасан, қырғын аштыққа ұрыну – осының бәрі қып-қызыл ұрандарға байсалдырақ қарау керек екенін, сабырмен, сын көзімен қарау керек екенін әбден дәлелдеді.

Мағжанның өз басы жайында, оның әрқилы шығармалары, кейбір жеке өлеңдері туралы сан-алуан пікірлер туып, шабуыл сынға қаптай бастады. Қазақстанға жаңа келген, өлең, әдебиет түгілі, халық, ұлт жайын әлі аңғарып біле қоймаған Ф.И.Голощекиннің өзі Мағжанды сынап бастауы сол үлкен, әрі қауіпті дүрбелеңнің салдары екені анық. Осыншама айқай-шудың аяғы Мағжанды түрмеге жабуға апарып соқты. Онымен де бітпей жанжал ұлғая берді.

1929 жылы Мағжан Жұмабаев “Алқа” атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен 10 жылға сотталды. Шын мәнісінде бұл Сибревком жанындағы Қазақ АССР өкілінің келісімімен құрылған көпшілік қауымға белгілі, отырықшылыққа айналдыру жөніндегі ресми түрде рұқсат етілген ұйым еді.

Өкініші сол, 1929 жылдан 1938 жылға созылған ақынның он жылдық ғұмыры бізге беймәләм. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен аз ғана уақыт бостандық алады, еліне келеді. Петропавлда мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып істейді. Бірақ біраз уақыттан кейін бұл қызметтен босатылады. Ол туралы өзі: “не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің меңгерушісі жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне, 20 шақты күн болды жұмыссыз отырмын” деп жазады, Алматыға Жазушылар одағының бастығы Сәбит Мұқановқа жолдаған хатында. Аударма ісімен айналысқанын, бірақ шарт жайында баспадан хабар жоғын айта келіп, Мағжан тағы да: “мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өз қалам күшіммен көрсетем деген тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын” – дейді. Бұл хат 1937 жылы 20 ақпанда жазылады. Наурыз айында Алматыға келеді. Бұл кез айтыс-тартыс дегеннің нағыз қайнап тұрған кезі еді. Біреудің үстінен біреу жала жауып, ұстатып, айдатып жатқан уақыт. 13 тамызда Ілияс Жансүгіров ұсталады. 29 тамызда Жазушылар одағының хатшысы М.Қаратаевтың “Социалистік Қазақстанда”: “Қазақ әдебиетіндегі авербаховшылдықтың қалдығын толық жою керек” деген бас-аяғы жиырма шақта жазушыны, ең алдымен Сәкенді қаралаған, мұндай фашист жендеттерінің көзін жою керек деген мақаласы басылды. 16 қыркүйекте “Казахстанская правдада” осы мақаланың орысшасы басылды. 24 қыркүйекте Сәкен үйінен ұсталып әкетілді. Мұндай жағдайда өзі 7-8 жыл отырып келген Мағжанның күні не болмақ? Аласапыран тұста, ақыры 30 желтоқсанда Мағжан ұсталады да, 1938 жылы атылады. Бұл тағдыр тапта, тапшылықта, партияны қолдау, яки қолдамауда емес, халықтың оқыған, бетке ұстар қаймағын түгелдей жойып жіберуінде болған. 1936 жылы Омбы жағында жүрген сәттің бірінде інісі Мұхамеджанға жолығып, осы тұста жазған “Өміріме өкпем” деген өлеңімен таныстырады.

Бұл кейін Мұхамеджанның қызы Гүлханыстан табылды. Онда ақынның трагедиялық мүшкіл халі, өмірге налуы өте қайғылы суреттелген.

Сұм өмір, сұлу дүние, алдадың ба?  
Тән арып, тамырда қан қалмадың ба?  
Жалған үшін жан қиып, жапа шектім,  
Еңбегім екі болып жанбадың ба?  
Жайшылықта жан қиған, жақын дүние,  
Талып тұрсам, назарың салмадың ба?  
Ортекедей орғытып, оққа жығып  
Жалмауыз, жауыз жалған, жалмадың ба?

Ақын үнін 1927 жылдан кейін естімейміз. Ақын үні тынды. Өзі бір кездері толғана жазған үні өшкен бұлбұл кейпі ақынның басына келді:

Дариға аяқталмай үзілді жыр,  
Сұм жүрек жалын болып қалды ғой құр.  
Бұлбұлдың үнін үзген не болды екен,

Мынау не, көлдің беті жыбыр-жыбыр?  
Көл беті жыбыр-жыбыр бақа: “бақ-бақ”,  
Сайрасын енді қалай бұлбұл бейбақ!  
Өмірдің өзгермейтін құрсын заңы  
Бір жақтан бұлбұл шықса, бақа шықпақ.  
Жыршы құс бақырайған бақа көрсе,  
Бақылдап тырбық бақа әнін бөлсе,  
Ойласаң таңқаларлық дәнеңе жоқ-  
Құсадан ақын бұлбұл үнсіз өлсе.

Мағжан Жұмабаев өз орнын өмірден үнемі іздеумен өткен, бар білген-түйгенін соған сарп еткен суреткер. Оның творчествосының бір қырында, мұңлы толғаныс, өкіну және қайғы-қасірет, күйініш жатса, таразысының екінші қырында, романтикалық өршілдік, махаббат, сүйініш-күйініш, арман, мақсат, үміт жатады. Көп қайғы қасірет шеккен, азап пен уайым тауқыметін тартқан ақын осы бір екі оттың жалынына шалынып, соған шарпылған! Оның творчествосында тарих тұңғығын терең түсіну, өткенді бажайлау, болашақты болжай білу, бүгіннің ақиқатына көз жеткізу сияқты терең толғаныстар заманның астан-кестен, аласапыран жайымен астасып жатады.

Алдыңғы толқын Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сықылды Мағжанға да жағылмаған кара май, шашылмаған лас сөз қалған жоқ. Ол талай әділетсіз сындарды естіді. Соның бәрі оның елім, жұртым деген ақ жүрегіне, халқының жігер-қайратын шыңдаймын, ішін жаңалаймын деп арпалысқан арманына шіркеу бола алмайды. Мәуе төккен жеміс ағашын жайқалып тұрған шағында үсік шалды. Ақын дер шағының шабытты кезеңін айдауда, қуғын-сүргінде өткізді. Ақыры қаза тапты.

Туған әдебиеті бақшасын баптасуға мүмкіндігін сарқа алмай арманда кетті.

Мағжан Абай дәстүрін жаңалады. Мағжан лирикасы жүректің ең нәзік пернелерін сөйлетті. Адамның интимдік сырларына тіл бітірді. Ол философиялық, әлеуметтік-саяси мәні зор проблемалардың тамаша көркемдік шешімін тапқан поэма жанры үлгісін жасады. Қазақ жерінің табиғатын ба, тарихын ба, елінің игілігі жолында өзін құрбандыққа шалған ерлерін бе – қайсысын жырласа да, ол біз қазақпыз, біз еш жұрттан кем емеспіз деген астарлы идеяны құлаққа құйып отырды. Мағжан поэмаларында лирика мен эпос, кейіпкердің ішкі жан дүниесі, өмірі мен халқының тарихы, жеке адам мен ұлт тағдыры тартысты драмалық сюжетке тоғыса келіп, ғаламат көркем байламдарға бастайды. Мағжан ақын қазақ поэмасын баяндау тәсілінен шығарып, суреткерлік арнаға бұрды. Әсіресе жан диалектикасын көрсетуде ол алдына жан салмады.

Абай қазақ поэзиясын әлемдік поэзия деңгейіне көтерсе, Мағжан бұл деңгейді биіктетпесе, аласартқан жоқ. Дыбыс-буынның айрықша үйлесімін тауып, қазақ өлеңі жолдарын күйше күмбірлетті.

1918 жылдың өзінде Ж.Аймауытов пен М.Әуезов былай жазыпты: “Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұттыкі” Бұлардың өлеңінде өзгеше бір сарын бар, жүрегінің сезімін суреттейтін нәрсемен жалғастырып әкететін артықша бір маңыз бар. Бұлар сыршыл (лирик) ақындар.

Мағжан Жұмабаев творчествосын нахақтап жамандап, құлдыратуға тырысқандар да, оның ақындық құдіретін бағалап, биікке көтергендер де болды. Ахмет Байтұрсынов та, Жүсіпбек Аймауытов та, Міржақып Дулатов та өздері нағыз трагедиялық күй кеше отырып, әдебиет пен өнер парызын ұмытпады, ақынның өнер талантын жоғары бағалады, оның үлкен болашағына берік сеніммен қарады. Мағжан ақынның ерекше сымбатын Сәкен Сейфуллин де, Бейімбет Майлин де құрметпен атап, қасиеттей білді. Мағжанның бүкіл түркі тілдес әдебиетке әсерін жоғары бағалаған адам түрік әлеміне белгілі оқымысты башқұрт Ахмет Зәки Уалиди Тоған. Ол: “Қазақтың ұлттық ақыны Жұмабайұлы Мағжан... өз жырларын тікелей Еділ, Жайық, Сырдария, Ертіс, Жетісу бойын мекендеген қалың қазақ пен таулық қырғыздарға арнаса да, оларға бүкіл түркінің және Түркістанның шерін жеткізді, түркілердің бұрынғы шат-шадыман өмірін елестете білді”, - деп жазды. 1928 жылдың өзінде-ақ Мұхтар Әуезов қазақ поэзиясына деген ұғымын байытқан Мағжан Жұмабаевқа ғажайыптай өлеңдері үшін риза екенін айтып жазды. Белгілі әдебиетші Қошкө Кемеңгеров Мағжан поэзиясын өте жоғары бағалаған. Мағжан Жұмабаев біраз әңгіме, мақала хабарлама, аудармалар жасаған. “Шолпанның күнәсі” деген ұзақ әңгімесі 1923 жылы “Шолпан” журналында басылған. В.И.Лениннен, М.Горькийден көп аудармалар жасаған. Мамин-Сибиряқтың “Ақбоз ат” әңгімесін аударған. Басқа да аударма шығармалары бар.

Ең үлкен ғылыми еңбегі “Педагогика”. Бұл еңбекті ақын балаларды, жастарды тәрбиелеу ісіне аса қатты мән беріп жазған. Ескі қазақ өмір-тұрмысынан, әдет-ғұрпынан нәні алуға болады, оны жаңа заман тәртібімен қалай ұштастыру керек, негізгі классикалық педагогиканың қағидаларын қалай қабылдап, бойға сіңіру қажет деген сияқты мәселелерді Мағжан аса биік зерттеушілік қабілетпен шешеді. 1992 жылы “Педагогика” басқа да шығармаларымен қатар “Ғылым” баспасынан жарық көрді.

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

1893 жылы Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысында, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, “Молодежный” совхозында (қазір Мағжан Жұмабаев атында) дүниеге келген.

1905-1910 жылдары Қызылжардағы (қазіргі Петропавловск) медресесінде оқиды.

1910-1911 жылдары Уфадағы “Ғалия” медресесінде оқиды.

1912 жылы Қазан қаласында “Шолпан” атты тұңғыш жи-нағы жарық көреді.

1913-1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқиды.

1916 жылы Қызылжарға келеді, “Алаш” партиясын құруға қатысып, чех көтерілісін бастан кешеді, кейін Ақмола губерниялық “Бостандық туы” газетінде істейді.

1922 жылы Ташкентке келеді де, орыс – қазақ тілдері мен әдебиетінен Қазақ – Қырғыз институтында сабақ береді.

1923-1927 жылдары Москвадағы Жоғары әдеби-көркем институтында оқиды.

1927 жылы Қазақстанға қайтып оралып мұғалімдік қызмет атқарады.

1929 жылы Қызылжар қаласында тұтқындалып, 10 жылға кесіледі.

1936 жылы М.Горький мен Пешкованың араласуымен 10 жылы 7 жылға түсіріліп, айдаудан босатылады.

1936 жылы Қызылжарға келіп техникумда сабақ береді.

1937 жылы желтоқсанның 30 күні Алматыда тұтқындалады.

1938 жылы 19 наурызда халық жауы деген жала жабылып нақақтан атылады.

# ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жетсе егер қорқынышты қара түнім,  
Басса дерт, әлім құрып шықпай үнім,  
Көңіл ашар, кеудеме жан кіргізер  
Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім.

Мағжан

## ОРАЛ ТАУЫ

Таласқан аспанменен көкпеңбек тас,  
Қарасаң төбесіне айналар бас.  
Жасаған мейірімі кең қадір төңірі,  
Шығарған сол тауынан алтын, алмас.  
Жіп-жиі, шытырманды түрлі ағаш,  
Тұрғаны мұнарланып өсіп жалғас,  
Қарағай, шырша-батыр бір қалыпта:  
Шілде, жаз, қысың, күзін есіне алмас!  
Ішінде аю, қасқыр, түрлі аң толғаң,  
Адамзат батып жалғыз аяқ салмас.

Бір күнде сенің иең түрік еді,  
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.  
Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік  
Қойныңа жайыменен кіріп еді...  
Ер түрік ең далаңа көрік еді,  
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді,  
Тұрғанда бақыт құсы бақтарында,  
Іргесі жел-күн тимей берік еді.

Тұрақсыз бұл жалғанда опа бар ма?  
Сақтаң, алдар, бой салып жақын бар ма!  
Бүгінгі күн жан досың болып жүріп,  
Құлатып кетер ертең сені жарға.  
Қарашы төңірекке мойның бұрып,  
Алтай, Орал бойында тұрған түрік  
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,  
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...

Анамыз бізді өсірген, қайран Орал,  
Мойның бұр тұңғышыңа, бермен орал!  
Қосылып батыр түрік балалары,  
Тапталпа, жолын кесіп, тізгінге орал.

## БҮГІНГІ КҮН ӨМІР, ӨЛІМ – МЕНІКІ

Басы – сайраң, сұм жалғанның соңы ойраң,  
Адам өмірі – тағдыр ойыны. Біл де ойлан!  
Есіл жастық ескен желдей гуілдеп,  
Әлі-ақ кетер жүректен – от, күш – бойдан.

Көздің нұры кеміп, жақтар суалар,  
Сүмбіл қара шаш селдіреп қуарар.  
Ет тарылып, сүйек қалып саудырап,  
Тамырларда сасық сары су ағар.

Сұм тағдырдың емес пе бұл мазағы,  
Аз өмірде естен кетпес азабы.  
Жаты түгіл, жақыныңа жексұрын  
Болып, өзі тілесін деп қазаны!

Қылсын мазақ, мейлі тағдыр ойнасын,  
Жалмауыз жер мейлі жұтсын, тоймасын.  
Жансыз суық көзін қадап қу өлім,  
“Тез” деп күтіп, тісін шықыр қайрасын.

Не қылса да, ол өлімнің өз еркі,  
Жындандырад мені сұлу нұр көркі.  
Құшам, ішем, жынданамын, жылаймын,  
Бүгінгі күн өмір, өлім – менікі!

## АЛТЫН ХАКІМ АБАЙҒА

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанның  
Әлемнің құлағынан әні кетпес!  
Сөзіңе құлақ салып, баға бермей,  
Қисайып қыңырайды жұртың ниеттес!  
Бұртиып, теріс қарап: “Аулақ жүр!” – деп,  
Болды ғой жақын туған бәрі кектес.  
Тыныш ұйықта қабіріңде, уайым жеме:  
“Қор болды қайран сөзім босқа!” деме.  
Артында қазақтың жас баллары мен  
Сөзіңді көсем қылып жүрер жеңге!

Ай жыл өтер, дүние көшін тартар,  
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.  
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын  
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.  
Жүрген жанның артында ізі қалар,  
Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.  
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,  
Шешен өлсе, артында сөзі қалар!  
Сұм дүние сылаң беріп көптен өтер,  
Сау қалғанның көбісі ертең бітер.  
Тоқтамас дүниенің дөңгелегі,  
Шешеннің айтқан сөзі көпке кетер.

## СОРЛЫ ҚАЗАҚ

Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып,  
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,  
Алға баспай, барлық ісі кер кетіп,  
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп,  
Оқу - білім жақындатпай, жолатпай,  
Қырын қарап, қазақ ісін ұнатпай,  
Қырын қарап, қазақ ісін ұнатпай,  
Пыр-пыр ұйықтап сорлы қазақ тек жатыр,  
Қанды жаспен екі көзін шылатпай.  
Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,  
Қылыш алып “надандық” саған кезенді.



Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу  
Ертелі-кеш басыңа мініп өзгенді!  
Кітап әпер, оқысың, балаң қолына,  
Малды аяма оқу – білім жолына.  
Өнер алып басқалармен қатар бол,  
Қосыл бірдей адамзаттың тобына!  
Байғұс қазақ бас көтеріп тұрар ма?  
Көңілі түсіп, білімге мойын бұрар ма?  
Күні туып, оңынан – Күн, солдан – Ай,  
Оқуменен жайнатып дүкен құрар ма?

## ӨНЕР – БІЛІМ ҚАЙТСЕ ТАБЫЛАР

Ер жігіт өнер табар ерте қуса,  
Ерініп, шаршамаса, белін буса.  
Ыртың-жыртың, жоқ-барға көңіл бермей,  
Періште боп анадан қайта туса!  
“Жақын туған бауыр!” – деп, айналмаса,  
Қатын-сатын дегенге байланбаса,  
Тынықпай, дамыл алмай, ертелі – кеш  
Ізденсе, кідірмесе, жайланбаса.  
Дүниенің қайғысына зарланбаса,  
Көз қысып, күлгеніне алданбаса,  
Қақ жарар қара қылды тура бөліп,  
Айтылған сөз жайынан жалғанбаса.  
Өсектен ат-тонымен алыс қашса,  
Естісе, ұялғаннан бетін басса,  
Жамандық – аты өшкірге жақын жүрмей,  
Аяғын күндік жерден байқап басса.  
Өзінен басқа жанды кем көрмесе,  
Құтыртып, шағыстырып жел бермесе,  
Табылмас аузына су тамызушы,  
Өзінің тар етігін кең көрмесе!  
Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,  
Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе,  
Естіген сөз, көргенді бос тастамай,  
Құлақ тігіп, көз салып, жиып-терсе.  
Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе,  
Мылқау, меңіреу адамды қас деп білсе,  
Бейнеттің мұнарланған шөл даласын  
Жұмақта хорлар тіккен қос деп білсе.  
Наданды қатқан жансыз тас деп білсе,  
“Өнер-білім – қарны ашқа ас!” – деп білсе,  
“Дүниенің теңізінде адасқанға  
Тура жол көрсетейін, бас!” – деп білсе,  
Осы оймен тура жүрсе, бұлтармаса,  
Басқаға мойын бұрып көз салмаса!  
Өнер-білім жер астында болса-дағы,  
Іздесе оны талпынып, бос қалмаса!

## АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,  
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.  
Қамаған қалың жаудың ортасында,  
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.

Алдыңды ауыр қайғы жапқан бауырым,  
Өміріңше жапа шеккен жаттан бауырым.  
Түксиген, жүрегі тас жауыз жандар  
Тірідей терің тонап жатқан бауырым.  
Япырм-ай, емес пе еді алтын Алтай  
Анамыз бізді тапқан, асау тайдай?  
Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,  
Жүзіміз емес пе еді жарқын Айдай?!

Алалы алтын сақа атыспап па ек,  
Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек?  
Алтайдай анамыздың ақ сүтінен  
Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек?

Тұрмап па ед біздің үшін мөлдір бұлақ,  
Сылдырап, сылқ-сылқ күліп, таудан құлап?  
Даяр боп ұшқан құстай соққан құйын,  
Тілесек бір-бір тұлпар бейне пырақ!

Алтайдың алтын күні еркелетіп,  
Келгенде жолбарыс боп, жаңа ер жетіп.  
Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,  
Бауырым, мені тастап, қалдың кетіп!

Мен қалдым – жас балапан қанат қақпай,  
Ұшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.  
Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады,  
Жауыз жау қойсын ба енді мені атпай?!

Қорғасын жас жүрекке оғы батты,  
Күнәсіз таза қаным судай ақты.  
Қансырап, әлім құрып, естен тандым,  
Қараңғы абақтыға берік жапты...

Көрмеймін кеше жүрген қыр-сайды да,  
Күндіз – Күн, түнде – күміс нұрлы Айды да!  
Ардақтап, шын жібектей арайға орап,  
Өсірген алтын анам Алтайды да.

Япырм-ай, айрылдық па қалың топтан,  
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан?  
Түріктің жолбарыстай жүрегінен,  
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан?!

Шарқұрып ерікке ұмтылған түрік жаны  
Шынымен, ауырды ма, бітіп халы?!  
От сөніп жүректегі, құрыды ма  
Қайнаған тамырдағы ата қаны?!

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,  
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа  
Лайық па құл боп тұру? Жүр кетелік  
Алтайға, ата мирас алтын таққа.

## ТОЛҒАУ

Тек ел деген сөзі үшін,  
Ергенде ердім ұранға.  
Болмаса аян досыма,  
Досым түгіл қасыма:  
Аты бар деп атшы боп,  
Қошемет қып қосшы боп,  
Ел бастаған ағаға,  
Адьюдант болып ермедім.  
Адьюдант болып адамға,  
Ермеуіме көп белгі.  
Көп белгіден бір белгі:  
Ағаның азы қасарып,  
Аузына ауыр тас алып,  
Тұншығып оймен жатқанда,  
Талай аға тез жүдеп,  
Жөңкіле жүкті тартқанда.  
Жем мен жүрер жабыдай,  
Құрбының көбі тез түлеп,  
Топырлап топқа шапқанда,  
Жапанда жалғыз күңіреніп,  
Мен ойыма ергемін.  
Еділ кездім, шөл кездім,  
Кезгенімде не көрдім:  
Қайда барсам көр көрдім.  
Айдарлысы құл болып,  
Тұлымдысы тұл болып,  
Еңіреген ел көрдім.  
Қаралы көптің ішінде,  
Қара салып басыма,  
Елмен бірге еңіредім.  
Бұл айып деуші дей жатар,  
Мен мұны айып білмедім.  
Мен еліме басшы емең,  
Мен еліме қосшымын.  
Күлкісін гүлге бөлейтін,  
Жыласа бірге жылайтын,  
Жаны бір жолдас жыраумын.  
Жылағанда жалпы жұрт,  
“Жылама, күл!” – дегенде,  
Көне алмадым көнбедім.  
А дегеннен асылды,  
Тебіренген толқын бетінде,  
Көремін деп асықтым.  
Асыққаннан не пайда,  
Толғақсыз туар бала жоқ.  
Ту баста толқын бетінде,  
Асығып күткен асылды,  
Көре алмадым, көрмедім.  
Бұлқынған толқын бетінде,  
Қалқыған қу тезектей,  
Бір күн бура болғышыл,  
Бұзықтар болды көргенім.  
Көргенім анық алайда,  
Тезекке бола толқыннан,  
Ат-тонымды ап безбедім.  
Бұл безуден саулығым:

Жүзден тоқсан толқында ед.  
Анда-санда ес кіріп,  
Сұрадым тоқсан саулығын.  
Ақталмаймың, қалайда,  
Толқынға жоқ-ты жаулығым.  
“Жау” деген – жаудың жаласы,  
Әділ болсаң өмірімді,  
Ақтарып әділ қарашы.  
Отыз жыл өмір бойында,  
Жазғанымды жайып сап,  
Екі жар ғып санашы.  
Тексеруді отызды,  
Ауырсынсаң қояйын.  
Бір сөзімді есіңе ал:  
Мен толқынға жай болсам,  
Жеті жыл бұрын осыдан,  
Төңкерістің таңында  
Алты алашқа әйгілеп:  
Не бостандық, не құлдық,  
Не езілу, не теңдік,  
Не патшалық, не Кеңес –  
“Екіден бір” – дер ме едім.

## ТУҒАН ЖЕРІМ – САСЫҚКӨЛ

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,  
Бетінде күннің нұры балқыған көл.  
Жарысып саф күмістей ақ көбігің,  
Мап-майда мөлдіріңде қалқыған көл.

Жаныңда жас балалар ойнаған көл,  
Жан-жануар суыңды ішіп, тоймаған көл.  
Көз салып жалтырыңа, мұңға батып,  
Ғашықтар жарын іздеп, ойлаған көл.

Шешініп қыз-келіншек су алған көл,  
Әр жанды мөлдіріңнен суарған көл.  
Масайрап, суға тойып төрт түлік мал  
Дөңіңе ойнақ салып, қуанған көл.

Сыртыңда ақ боз үйлер жарасқан көл,  
Байларың кедейлерге қарасқан көл.  
Ағайын тату-тәтті – қоныс бірге,  
Саулықты сағат сайын сұрасқан көл.

Түрлі құс әуез қосып, шулаған көл,  
Шуақта балықтарың тулаған көл.  
Сапырып сары қымыз ертеңді – кеш,  
Басыңда кеңес құрып, дулаған көл.

Сасық деп еркелетіп, ат қойған көл,  
От – суға иең түгіл, жат тойған көл.  
Назданып, жүйрік мініп, тарлан шүйіп,  
Көксілдер тұс-тұс жақтан ат қойған көл.

Кір жуып, кіндік кесіп, сенде өскен көл,  
Құрбымен ойнап – күліп, кел дескен көл.

Жарысып, тайға мініп, батпаққа аунап,  
Күресіп күн батқанда белдескен көл.

Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,  
Сусын боп сұрағанға, от болған көл.  
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта  
Бейне бір сөнің басың сүт болған көл.

Білмеймін не боларың, қайран көлім,  
Жарайды тең болмаса күн мен түнің,  
Итиіп қарашөкпен келіп қонса,  
Басыңнан құсың ұшып кетер сөнің.

## ҚАЗАҒЫМ

Қазағым, таянды ғой қылта мойын,  
Жер, мал кетіп, бос қалды біздің қойын.  
Қарашы өзіңе-өзің көз жүгіртіп,  
Жараспас бұдан былай күлкі-ойын.  
Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,  
Ойламау келешекті түпке жетер.  
Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан,  
Жан қорқып, дене тітіреп есің кетер.  
Тасталық болыстыққа таласуды,  
Таласып жаман көзбен қарасуды.  
Мың-мыңның төгілуі жетер енді,  
Ізделік аққан бұлақ – қара суды.  
Бар жерді күннен – күнге алып жатыр,  
Біреулер алып қала салып жатыр,  
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,  
Жерінен аузын ашып қалып жатыр.  
Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,  
Отырайық жиылып, оңдалайық.  
Мың жылғы өткен қумай ата-заңды,  
Өнерден кеш қалмайық, ойланайық.  
Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,  
Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ,  
“Ауыл болсаң – қоғам бол” – деген сөзбен,  
Бұлтармай ертеңді-кеш жүріп барсақ,  
Сол шақта көп түкіріп көл де болар,  
Көлде толқын айдаушы жел де болар.  
Мектеп пен медреселер көп салынып,  
Ағайын тату – тәтті ел де болар.  
Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,  
Нық сіңген надандықтан қаша алмаспыз.  
“Заман түлкі болғанда, тазы болмай”  
Биік қырдан алдағы аса алмаспыз!

## СҮЙ, ЖАН СӘУЛЕМ

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!  
Жылы, тәтті у тарады қаныма.  
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін  
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Құшақтатып нәзік талдай беліңнен,  
Сүйгіз, сәулем, тәтті балдай тіліңнен.  
Бой шымырлап, талықсиды жүрегім,  
Балқып денем, барам еріп деміңнен.

Кір қойныма, қыпша белің бұралып,  
Тарқат шашың, жатсын жібек оралып.  
Жаным! Жаным! Тезірек тисін төске төс,  
Көз жұмулы, жиі ыстық дем алып.

Шашың – қара, денең – ақ бұлт, жүзің – Ай,  
Тісің – меруерт, көзің, сәулем құралай.  
Ләззат, рақат, бақыт – бәрі қойныңда,  
Сұрамаймын өнді ұрмақ – жақсы жай!

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!  
Жылы, тәтті у тарады қаныма.  
Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін:  
Өтпесе түң, атпаса екен таңы да!

## ТӨГІЛГЕН ШАШЫ

Төгілген шашы,  
Қиылған қасы,  
Керілген маңдай да.  
Тістері меруерт,  
Бейне қар – мамық ет,  
Кез келсең мұндайға.  
Жалындап күйіп,  
Жалындап күйіп,  
Бір ғана сүйіп,  
Өлсең де болмай ма?

## САҒЫНДЫМ

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.  
“Қарашығым, құлыным!” – деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Жатқан үйім – қабырғасы қара тас,  
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.  
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке,  
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.

Тапал, салқын, тым қараңғы үңгір тар,  
Есігімде мықты қара құлып бар.  
Кіп-кішкене терезелер темірлі,  
Мұндай үйден кімге естілер ащы зар!

Алтын күнді, қара жерді сағындым,  
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым.  
Асау тайдай еркелетіп өсірген,  
Ағайынды туған елді сағындым.

Әлдеқайда күн шығады, батады,  
Сорлы тұтқын күңіреніп жатады.  
Қарар болсаң терезеден темірлі,  
Көздеп тұрған күзетшілер атады.  
Ас бола ма сасық сорпа, қара нан?  
Алма бетте қалмады ғой тамшы қан.  
Қоңырау қағып оятады ақырып,  
Тым болмаса сібірлеп те атпай таң.

Бостандықта өткен күнді сағындым,  
Желдей зулап кеткен күнді сағындым.  
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,  
Ойдағыны өткен күнді сағындым.

Абақтының айға баға күні ұзақ,  
Жанды жейтін жылға баға түні ұзақ.  
Ескі мола дән дыбыс жоқ, тым-тырыс,  
Тық-тық басып күзетші жүр жалғыз-ақ.

Қара жылан – қалың ойлар қаптады,  
Шыбын жаным барар жерді таппады.  
Ойлар жейді жас жүректі жегідей,  
Тәңірі ием, таңың-дағы атпады!

Ойыны бір құрдастарды сағындым,  
Тілегі бір жолдастарды сағындым.  
Келешекке бірге жоспар құрысқан,  
Сырласатын жан достарды сағындым.

Уға толды жас жүрегім, жабықтым,  
Таныс дауыс ести алмай зарықтым.  
Не дегенін, не істегенін біле алмай,  
Қоры болдым ғой азат жүрген халықтың!

Құшақтарға жанымда жоқ жақын жан,  
Басқа шапшып мазаны алды ыстық қан.  
Жалындаған жас жүрекке не пайда,  
Дене күйіп, бір жатып, бір тұрудан?

Жүрегіме жақын жанды сағындым,  
Жібек мінез, ақақ жарды сағындым.  
Айрыларда күншығыстан ағарып,  
Ақ жібектей шапақ таңды сағындым.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,  
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.  
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,  
Істей берсін қолдарынан келгенін!

Қара елім, қалың қара ағашым,  
Қайраты мол айбынды ер, алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын.

Қазағымды, қалың елді сағындым,  
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.  
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,  
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Қуанышта: "Әй сені ме!" – дегендер,  
Күйініште мен үшін уайым жегендер.  
Құтылу қиын, басқан адым аңдулы,  
Тізіп қойып ертеңді-кеш түгендер.

Тәңірі ие, өзің алшы панаңа,  
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?  
Баласынан тұтқын болып сарғайған,  
Кім жеткізер сәлемімді анама?

Абақтыда айды, күнді жаңылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даланы сағындым.  
"Қарашығым, құлыным!" – деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым!

## АЙДА АТЫҢДЫ, СӘРСЕМБАЙ

Айда атыңды, Сәрсембай,  
Ағарып алтын таң атпай  
Шығайық қырға, далаға.  
Шу-шу-шу...  
Әттең ғана бұл оқу!  
Келмес едім қалаға.  
Қарашы кейін бұрылып:  
Таудай болып созылып  
Қала – бір жатқан дәу пері.  
Айналасы – тұмаң, түн.  
Дем алысы – от, түтін.  
Жарқ-жұрқ етер көздері.  
Сөзі у-шу, ың да-жың,  
Сасық иіс ауыр тым.  
Тұншықтым ғой, құдай-ай!  
Кейін қарап нетеміз?  
Ауылға қашан жетеміз?  
Айдашы атты, Сәрсембай.  
Әйелдері ұятсыз,  
Күнде сүйгіш, тұрақсыз.  
Қылмыңдасар, керілер.  
Жүздерінің қаны жоқ,  
Көздерінің жаны жоқ,  
Еркектері – "перілер".  
Оларда отты жүрек жоқ,  
Тамақтан басқа тілек жоқ.  
Қорсылдаған "доңыздар".  
Түн баласы перілер,  
Жұмақтан артық көрінер –  
Оларға сасық үңгір тар.  
Көкті көрмес көр олар,  
Қарашы, келіп қаңғырдым,  
Сар даламды сағындым,  
Айда атыңды, Сәрсембай!  
Әлде ұйқың келе ме?  
Сәрсембай-ау, сен неге  
Шырқап бір ән салмайсың?  
Жетесің туған жеріңе,  
Еркелеткен еліңе,



Жүрегім неге жанбайсың?!  
Сарыарқамның топырағы –  
Менің жаным шырағы,  
Кеудемде төсеп жатамын.  
Оның жібек желінің,  
Тәтті, кәусар көлінің  
Қазір дәмін татамын.  
Қайрылып кейін қарамаң,  
Шықтық па ұзап қаладан,  
Айтшы жаным ағатай?  
Кейін қарап не теміз?  
Ауылға қашан жетеміз?  
Айдашы атты, Сәрсембай!

## БАЛАПАН ҚАНАТ ҚАҚТЫ

(“Балапан” журналына арналып қара сөзбен жазылған өлең)

Балапан қанат қақты...

Жас еді. Қанаты да қатып жеткен жоқ еді. Амалсыз қақты.

Солтүстіктің суығына шыдай алмады. Суық жел сүйегіне жетті. Ызғар өкпесіне өтті.

Ұшып орманға барып еді, күні кеше күбірлесіп, күлімдесіп, жылы құшағын ашып тұрған ағаштар бұған мойнын бұрмады. Ұшып тоғайға барып еді, қанша шырылдап айналып жүрсе де, қалың ақ кебінін жамылып, тоғай тұрмады.

Балапан баспана таба алмады.

Балапан қанат қақты...

Аштан өлетін болды. Ойды-қырды қар басқан. Бір қылтанақ таба алмады. Тоңып, дірілдеп, аласұрып жүрген балапанды көріп: “Қорама кір, қолымда тұр, қалған-құтқанымды берермін”, - деп күледі солтүстіктің салқын жүрек, тас бауыр адамы!

Балапан қанат қақты...

Ойы – жан дәрмен жылы жаққа жетпек, егіз Есіл – Нұраның тәтті суларынан ішіп, Аралдың ыстық құмын құшпақшы. Терең Балқаштың мөлдіріне шомылмақшы. Алтайдың етегінде “ух” деп демін алып, Марқакөлдің қаймағында жүзбекші.

Балапан қанат қақты...

## ОСЫ КҮГІ КҮЙ

Ойламай отқа түскен неткен жанбыз,  
Сөз ұқпас мылқау, меңіреу, жүрген жалғыз.  
Көрінбес көзге түртсе қараңғыда,  
Япырм-ай, қалдық па рас, тіпті таңсыз?!  
Тақаулы тамағына өткір пышақ,  
Тек жатыр тұяқ серппей сонда да аңсыз,  
Тыңдамас, сөзге түспес, ырыққа көнбес  
Болды ма қайран қазақ тастай жансыз?  
Жер кетті, жаның кетті, қам жемедің,  
Құл болдың қара табан енді малсыз.  
Ортаға қамап алып қырып жатыр  
Қара жүрек “надандық” қолмен сансыз.  
Қазағым, арыстаным, қайратты ерім,  
Тұрдың ба қару қылмай, құр амалсыз?  
Түн басталды, не болмақ алда күнің,  
Бос жүрсең еш панасыз, үйсіз, тамсыз?  
Сандалдың: алдың – бораң, артың – тұмаң,  
Түк көрмей сәуле берер шырақ-шамсыз.

Білімсіз ит надандық жеңгені ме?  
Буының қалтырайды болып әлсіз.

## ТУҒАН ЖЕР

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,  
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.  
Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде  
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім,  
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.  
Сенен басқа жерде маған қараңғы,  
Жарық болар Шолпаң, Айым, сен – Күнім.

Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,  
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.  
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,  
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!...

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,  
Батпағыңда тең құрбымен алысып,  
Түнде ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз  
Үйретем деп асау тайға жабысып.

“Адам басы – алла добы” –деген рас,  
Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас.  
Кім біледі, мен де шетке кетермін,  
Туған жерім, сені тастап басым жас.

## ЖҰЛДЫЗДЫ – ЖҮЗІК, АЙДЫ АЛҚА ҒЫП БЕРЕЙІН

Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,  
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.  
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,  
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін.  
Сөзің – сиқыр, есті тұман басқандай,  
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.  
Күлкің, Күнім, күндей күміс табаққа  
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Шашың – толқын, жүрегімнің жарына  
Соғылды да, батты улы зарыма.  
Айнама, саған арнап жырлар жазамын,  
Қаламымды малып жүрек қанына.

Жырларыммен кестелейтін орамал,  
Бүлдіргендей, бөбектайым, бетің бал.  
Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,  
Ұмтылғанда орамалмен қағып қал.

Еркетайым, келсең егер қасыма,  
Сәулелерден шоқ қадар ем басыңа.  
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,  
Келші, құлмей көзден аққан жасыма.

Келші, көзім, Күн нұрына көмейін,  
Сүйші - өлейін, “неге өлейін?” – демейін.  
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,  
Жұлдызды – жүзік,  
Айды алқа ғып берейін!

## БАТЫР БАЯН (поэма)

Бірінші тараудан үзінді

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп жанады да.  
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,  
Толғанып қарауым сол саяғыға.  
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар  
Әдемі ертегідей баяғыда.  
Әдемі өткенді ойлап айнымасам,  
Сұм өмір күшті уын аяды ма?

Ертегі уатпай ма баланы да,  
Сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да?  
Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған,  
Еркімен өзі-ақ отқа барады да.  
Жай тақтақ жабайыдан жол қалғанда,  
Қанды ор боп ақын жолы қалады да.  
Ойлайды, күңіренеді, толғайды ақын,  
Күрсініп көзіне жас алады да.  
Ақында адамзаттан дос болмайды,  
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына.

Мен де ойды ағытамын қаламыма,  
Арқаның көз жіберсем алабына:  
Сарыарқа – сары дария, қиыры жоқ  
Көз болсын, қандай қыраң, талады да.  
Ішінде сары дария көз тоқтатар  
Көкшетау – Сарыарқаның аралы да.  
Көкшеде күні кеше қойдай өрген  
Түрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да.  
Айрылып асау, ерке аңдарынан  
Көкшенің тас жүрегі жаралы да!

Арқада жер жетпейді Бурабайға,  
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.  
Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға  
Бөлектау: “Ой, бауырым!” – дер анадайда.  
Оқжетпес найза қия – қыранға ұя,  
Қарасаң жанның шері тарамай ма?  
Солардың ортасында Бурабай көл,

Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға.  
Бурабай – Арқа арлы, жер еркесі,  
Ертеде қоныс болған Абылайға.

Бауырында Бурабайдың қалың ағаш  
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.  
Арудың ақпен өрген тұлымындай  
Қарағай, қызыл қайың, тал аралас.  
Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш,  
Дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш!  
Қабірінен әулиенің алашқа артық  
Ертеде Абылайға орда болған ағаш.  
Ордасын сол ағаштағы Абылайдың  
Меккедей тәуеп қылған тамам алаш.  
Қиын күн туған алаш баласына,  
Шұбырып жапанның сар даласында,  
Кез болған жаудан үркіп “Ақтабанға”.  
Дұшпанның қалғандай боп табасына.  
Арқаға аяқ салып, түскен барып  
Екі оттың – орыс, қытай арасына.  
Күндерде сонау – қара, тапсырған ел  
Тағдырын Абылайдай данасына.  
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың  
Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.

Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,  
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.  
Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,  
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?  
Сол кезде елге қорған болған Абылай,  
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.  
Күндердің бір күнінде хан Абылай  
Қалмаққа – (ойына алды) – деген сөз шыққан соң,  
Ордаға батыр, билер келді аңдап.

Жиылды өңшең ноян ығай-сығай,  
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай,  
Ту баста Абылайды хан көтерген  
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.  
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай  
Қартқыран Қанжығалы қарт Бөгенбай,  
Бөкеңнің жас жолбарыс жеткіншегі  
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай.  
Найзасын нажағайдай ойнататын  
Жас барыс Бәсентиін Сарымалай...

Жиналған өңшең бөрі Бурабайға,  
Алаштың кебесіндей ізгі жайға.  
Батырлар бұғаудағы арыстандай,  
Абылай тұңғыық бір терең ойда.  
Бөрі де ел қорғаны – батыр, билер,  
Аттанбай тек жатудан таппай пайда:  
“Жүрелік, жау басынар!” – деген сөзбен  
Салады Қанай биді Абылайға.  
Би Қанай: “Бұ қалай?” – деп бастағанда,  
Абылай сұрайды одан: “Баян қайда?”

“Қанайым, ойың удай, тілің шаян,  
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.  
Көп жаудың албастысы, ел еркесі  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Баянның аруақты құр атынан  
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ ноян?  
Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат  
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!  
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,  
Келмесе қандыбалақ батыр Баян!”-  
Деген соң ойы теңіз хан Абылай,  
Аяңдап батырларға қайтты Қанай.  
Байлаулы бөрілерді аза қылмай,  
Кестелеп, сөзбен сипап айтты Қанай,  
Күңдеу ме, көтеру ме? – кім біліпті,-  
Батырлар десті жалғыз “Баян бала-ай!”  
Көкшенің бауырында өңшең көкжал  
Күңіреніп күтіп жатты күндер талай.  
“Жау!” – десе жатпайтұғын батыр Баян,  
Апырм-ай, келмеуінің мәні қалай?

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,  
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді,  
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,  
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!  
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзбей,  
Найзасың, сірә, шалғай сермеп пе еді?  
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр  
Баяндай “алашым!” - деп еңіреп пе еді?  
Бұл жолы кешігуі жай емес қой,  
Тұлпарым кез болды ғой орға, тегі!

Арқада бір өзенді дер Обаған,  
Сол жерде азғана Уақ қоныс қылған.  
Уақтың ерте күнде өжет-қайсар  
Ер Көкше, Ер Қосайдай ері болған.  
Сол ері ерте күннің, Ер Көкшенің  
Нәсілінен қайтпас алмас Баян туған.  
Баянның ер ағасы Сары,  
Қос қыран тізе қосып жауын қуған.  
Айналып оны айт, мұны айт, Баянды айт,  
Ер Баян алашыңның бетін жуған.

Ол күндер аз қазақ пен қалың қалмақ  
Қыранмен қара құстай алысқан шақ.  
Баласы алты алаштың Абылайдың  
Астында ақ туының табысқан шақ.  
Қазақтың батырлары бәрі қыран,  
Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап...

## ҚОЙЛЫБАЙДЫҢ ҚОБЫЗЫ

(поэмасы)

Ертеде ел бар екен қалың Найман,  
Қытайға қалың Найман қанат жайған.  
Қалың Найман ішінде Бағаналы,  
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.

Қойлыбай жын жүгендеп, пері мінген,  
Алдында жорғалаған шашты шайтан.  
Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбалаңдап,  
Қақаман жетіп келед әлдеқайдан.  
Қақаман жалғыз көзді жынның ері,  
Ерегiссе тау-тасқа салған ойран.  
Дарқанның Нәдір пері – аға жыны,  
Ардақтап оған Шолақ деп ат қойған.  
Қойлекеннің үшінші жан жолдасы –  
Шайтанның шу асауы батыр Шайлан.  
Қойлыбай бақсы болған қазақ асқан,  
Жынменен жолдас болған бала жастан.

Азырақ әңгіме үшін сөз қозғайын,  
Қалың Найман жиылған бір зор астан.  
Бір асқа жиылыпты Найман тамам,  
Бай, биі, батырлары балпаң басқан.  
Ішінде сол жиынның Барақ та бар,  
Аузынан арыстандай жалын шашқан.  
Бәйгеге екі жүздей ат жіберіп,  
Күрес сап жиылған жұрт ұрандасқан.  
Ерігіп аңғал батыр, маңғаз байлар:  
“Бәйгеге қобызың қос” деп сұрасқан.  
Қалқасы қалың Найман қалаған соң,  
Қойлыбайың бәйгеге қобыз қосқан.

Найманның ұлы дүбір сол асында,  
Әлеумет алқа-қотан дөң басында.  
Айнала ығай-сығай, жақсы жайсаң,  
Қойлыбай қобызымен ортасында.  
Бас болып батыр Барақ қалаған соң,  
Бәйгеге бақсы қобыз қоспасынба?  
Қойлыбай сонда айтады шақырып ап,  
Ыңғайлы бір бозбаланы өз қасына:  
“Ат шабатын жерде бір сексеуіл бар  
Жарып өткен жапанның жартасына.  
Қобызды сексеуілге байлап таста,  
Мен сенем жын Қақаман жолдасыма”.  
Қалың Найман бәйгеге қобыз қосып,  
Шуласып отырысты дөң басында.

Бір кезде ат келетін мезгіл жетті,  
Бозбала ат алдынан шауып кетті.  
Сол уақыт жай отырған Қойлыбайды  
Аруақ қалшылдатып, дірілдетті.  
Аузынан қанды көбік бұрқ-бұрқ етіп,  
Жап-жалаңаш қылышты қобыз етті.  
Көздері қып-қызыл боп қанға толып,  
Сарыны сар даланы күңіретті.  
Бір мезгіл екпіндетіп, долдандырып,  
Бір мезгіл жыны буып күбірлетті.  
Қалың құмды қап-қара бұлтқа қосып,  
Қызыл жел құйындатып дүрілдетті.  
Жан-жақты ың-жың, у-шу дауыс қаптап,  
Шапқылап жын-перілер дүбірлетті.  
Осылай ойнап, сарнап бақсы жатты,  
Қалжырады, қап-қара терге батты.  
Сол кезде ат келетін құба жонды,

Түтіндей будақ-будақ бір шаң жапты.  
Сол шаңның ортасында бір сексеуіл  
Ербеңдеп ойнақ салып келе жатты.  
Екі басы жерді ұрып кезек-кезек,  
Сабалап қырды жол ғып жаралапты.  
Байланған сексеуілге қобыз берік,  
Көз ашқанша жиынға келіп қапты.  
Сексеуілді қопарып алып келіп,  
Қақаман жұбатады ерке қартты.  
Қобыз келді, Қойлыбай көзін ашты,  
Қалың ел тамашадан тас боп қатты...

## НАУРЫЗ (мақаласы)

Әр халықтың өзінше жаңа жылы, жыл басы болады. Қай уақытта, қай халықта болса да жаңа жыл сол халықтың, сол уақыттың шаруа жағдайына қарай белгіленген. Европа жұрттарының бір жерінде жаңа жыл – 1 январь, бір жерінде – 1 сентябрь, тағы осындайлар. Азияда жаңа жыл – жазғытұрым, қазақ елінде – марттың 22-сі.

Қай елдің жаңа жылын алсақ та, негізінде шаруашылық жағдай болады. Дін әсері жаңа жылдарда аз, жоқтың қасы болса, қу молдалардың мал табу үшін жалған қондырмасы.

Қазақ жаңа жылы дін әсерінен таза. Бұл күні ешбір құлшылық, дін әдеттері жасалмайды. Бар болғаны – ел бір-бірімен көрісіп: “Жасың құтты болсын!” – дейді.

Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды. Қар тез кете ме, жаз жылдам бола ма деп болжау жасайды.

Жаңа жыл күні қазақ әдетінше әр үйде қазан-қазан көже пісіріледі. Көженің ішіне қысқы соғымның тек басы салынады. Көжеге көп сүт құйылады. Басты, шекені қарттар мүжіп, құлақты балаларға кесіп беріп, басқа жұрттар көжені талап ішеді. “Ауыз ақтан айрылмасың, қызылды уақытымен (қыс) көрсетсің, жас құтты болсын” деп бата жасап тарқасады.

Бұл көже ішу (сүт құйған) – келе жатқан жазбен ұшырасып, қарсы алып, ас ішу ретінен аққа (сүтке) көшу. Көжеге тек бас салып асып жеу – қарлы қыспен, қыс тамағы (қызыл) қоштасу.

Міне, қазақтың жаңа жылының барлық маңызы – шаруашылық маңыз.

Қазақ жаңа жылы – жазғытұры күн мен түннің теңелген күні (22 март) болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды. Бұл реттен қазақ жаңа жылы ғылым қойнына да барып кіріп қалады.

Қазақ жаңа жылын “Наурыз” дейді. “Наурыз” әулиенің, әмбиенің аты болмаса керек. “Наурыз” күні райын, шаруа ыңғайын дұрыстап зерттеген бір шоңғал, “оқымаған агроном” аты болуға керек.

Сондықтан қазақтың наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы. Бұл мейрамды дұрыстап өткізу керек. Бұл мейрамды тұрмыспен, ғылыммен байланыстырып, қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл адамдарын тап-жігімен ұйымдастыратын мейрам ету керек. Мектеп оқушылары наурызды оқыту программасына айырым комплекс жасап өндіруі керек. Жастар ұйымдары, партия ұялары наурызды басқа ел тонайтын молдалар, елді адастыратын дін мейрамдарына қарсы қойып, халықтың басын, денесін дін дуасынан құтқаратын, сақтайтын үгіт-насихат жүргізуі керек.

Наурыз тарихын сарқа жазуды білімділерден күтіп, біз осы қысқа әңгімемен тоқтаймыз. Ауылдың көзі, құлағы – мұғалімдерді, жас буын оқушыларды, ауыл кедейлерін жаңа жылмен құттықтап, жаңа жылында жаңа жұртшылығының өркендеуін, жаңа-жаңа, татымды жемістер беруін, шаруашылығының жаңа жолымен, социалшылық жолымен ілгерілеуін тілейміз.

# ПЕДАГОГИКА

(ғылыми еңбегінен үзінді)

## ТАРТУ

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім.  
Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі.  
Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері!  
Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам.  
Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

## СӨЗ АЛДЫ

### Бірінші басылуына

Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсына оқылған дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге шейін басылып шығып, жарық көре алмады. Бұл айып менікі емес. Бүлінген замандікі.

Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржіма деуге болмайды. Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан көшіре бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым. (Көп пайдаланылғаны – Рубинштейн, Скворцов, Смирновтардың педагогика туралы еңбектері).

Бізде бұрын жасалған пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда, курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді, жиһан тілі болып кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиісті таппадым.

Мен педагогика майданында бәйгі алып жүрген жүйрік емеспін. Кітаптың құрылысында, тілінде, түрлі ат қоюда, хатта кітаптың жалпы негізінде көп кемшіліктер болуға мүмкін. Мұғалімдер тексеріп оқып, хата жерлерін көрсетсе, сансыз рақмет айтар едім.

Мағжан Жұмабаев.  
1922 жыл, 15 сентябрь, Қызылжар.

### Екінші басылуына

“Педагогика” баспаға екінші рет ұсақ түзетулермен берілді.  
Тізуші. 1923 жыл. Июнь, Ташкент.

## ЖИНАҒЫ

1. Сөз алды.
2. Жетекші сөз. Тәрбие деген не? Тәрбие бөлімдері. Тәрбиеден мақсұт. Педагогика қандай пән? Педагогика жәрдемші пәндер.
3. Педагогика бөлімдері. Жалпы педагогика. Дене тәрбиесі. Өлшеу, жылылық. Дем алу. Тамыр соғу. Бала бөлмесі. Баланың тамағы. Қолдан асырау. Емізік. Аралас тамақтандыру. Тамақтандыру тәртібі. Емшектен айыру. Екі жасар һәм үш жасар баланың тамағы. Баланы шомылдыру. Киім. Бөлеу һәм бесік. Ұйқы. Баланың қозғалуы. Серуен. Тісеу.
4. Жан тәрбиесі. Педагогика пәні. Жан көріністерінің дене көріністерінен айырмасы. Жан көріністерімен дене көріністері арасындағы байлам. Жан көріністерін тану жолдары: өзін бақылау жолы. Бақылау. Жан тәрбиесінің түзу болу шарттары. Нерв системасы. Нерв системасының қызметі. Нерв системасының саулығын сақтау. Нерв системасын өсіру һәм берік қылу.
5. Жан көріністерін тап-тапқа бөлу. Ақыл көріністері яки жанның білуі. Әсерлену. Әсерлену ұғымы. Әсерлену көрінісі қалай болады. Әсерлену көрінісінің болу шарттары. Әсерленудің іші, күші һәм тоны. Әсерленуді орындастыру. Перцепция. Апперцепция. Иллюзия. Баланың әсерленулері.



6. Әсерленуді бөлу. Жалпы сезім яки дене әсерленулері. Сыртқы сезім әсерленулері. Көру. Баланың көру әсерленуі. Көру сезімін тәрбие қылу. Көру сезімінің жан тұрмысына керектігі. Есту сезімі. Баланың есту әсерленулері. Есту сезімін тәрбие қылу. Есту сезімінің жан тұрмысына керектігі. Сипау сезімі. Ет сезімі. Иіскеу һәм тату сезімдері.

7. Абай. Абайдың түрлері. Баланың абайы. Абайдың қымбаттылығы һәм оны тәрбие қылу жолдары. Абайлы болмау себептері.

8. Суреттеу. Суреттеу ұғымы. Суреттеу мен әсерлену арасындағы айырма. Галлюцинация. Суреттеулердің бөлінуі. Баланың суреттеулері. Суреттеулер ассоциациясы. Жақындық ассоциациясы. Тұқымдастық ассоциациясы.

9. Ес (зейін). Көру есі. Есту есі. Адам өмірі үшін естудің керектігі. Баланың есі. Есті өркендету жолдары. Адамның жасындағы өзгеріске қарай ес өзгерісі.

10. Хиял. Еріксіз һәм ерікті хиял. Баланың хиялы – фантазиясын тәрбие қылу жолдары. Баланың фантазиясы һәм оның өркендеуі. Ертегі. Баланың ойыны. Жалқы һәм жалпы ойын. Ойыншықтар.

11. Ойлау. Ұғым һәм оның жасалуы. Ұғым мен суреттеу арасындағы айырма. Ойлау мен хиял арасындағы айырма. Ұғымның іші мен ауданы. Ұғымдардың қоғамына қарап бөлінуі. Жалпылау һәм шектеу. Хүкм. Хүкмнің жасалуы. Ұғым мен хүкм арасындағы айырма. Хүкмдердің бөлінуі. Ой шығару. Ой шығару қалай жасалады. Дедукция. Силлогизм. Толық һәм шолақ силлогизм. Силлогизмдердің бөлінуі. Силлогизмнің дұрыс бөлу шарттары. Силлогизмнің керектігі. Индукция. Аналогия. Гипотеза. Баланың ойлауы. Ойлаудың жан тұрмысы үшін керектігі һәм оны өркендетудің жолдары.

12. Тіл. Жанның жайын жарыққа шығару жолы. Тілдің адам өмірінде һәм ұлт өмірінде ұстаған орыны. Баланың тілі.

13. Ішкі сезім көріністері яки көңіл. Ішкі сезімдер. Әсерлену мен ішкі сезім арасындағы айырма. Ішкі сезімдердің жасалуы. Сыртқа шығару. Ішкі сезімдердің бөлінуі. Жан күйі. Аффект. Баланың ішкі сезімдері. Ішкі сезімдерді тәрбиелеу. Тәрбиеден мақсұт һәм тәрбие жолдары. Өзімшілдік сезімдерінен. Ашу, қорқу. Ойлау сезімдері. Көпшілік сезімдерінен. Аяу һәм достық. Іш пысу, зерігу. Сұлулық сезімдері. Сұлулық сезімдерін тәрбие қылу. Құлық сезімдерін өркендету жолдары.

14. Қайрат. Қайрат түрлері. Қайрат қалай жасалады. Қайраттың керектілігі. Қайратты өркендету жолдары. Әдет. Құмарлық. Мінез. Мінездің жасалуы. Төрт темперамент. Мінез тәрбиесі.

15. Баланың жалпы жаратылысы.

## ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА

### ЖЕТЕКШІ СӨЗ

#### Тәрбие деген не?

Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді, адамзат туралы айтқанда, адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі.

Адамзат дене һәм жан аталған екі бөлімнен тұратындықтан, бұл екі бөлімнің соңғысы, яғни жан, адамзат үшін аса қадірлі болғандықтан, дұрысын айтқанда, адамға шын мағынасымен “адам” деген атты осы жанға да беретіндігінен, адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласының әсіресе жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек.

Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы туғанда іңгалаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінекей, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды.

#### Тәрбие бөлімдері

Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде

адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол жөпшенді ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, тұзу ойлайтын, дұрыс пішетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне осылай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын. Бала аурулы, зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден; бала тар ойлы ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі; бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. “Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін” деген иран елінің мәтелі шын, дұрыс мәтел.

### Тәрбиеден мақсұт

Тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлтын, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі - әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі - әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару.

### Педагогика қандай пән

Біз жоғарыда адам баласының тәрбиеге мұқтаж екендігін, оған қандай тәрбие беру керектігін һәм ол тәрбиені не үшін беру керек екендігін айттық. Жә, тәрбие керек. Бірақ, балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші (ата-ана, мұғалім) тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, еш тәрбиені оқып білмей-ақ өз бетімен бере алмақ па? Әркім өзі-ақ жол тауып кететіндей, бала тәрбиесі соншама бір жеңіл нәрсе ме? Жоқ. Олай емес. Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әр кімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Сол басқа адамдардың тәрбие майданындағы тәжірибелерін көрсеткен жеке бір пәнімен, яғни тәрбие пәнімен таныс болу керек. Тәрбие пәні педагогика деп аталады.

“Педагогика” грек елінің сөзі. Paida – бала, gogike – жетектеу, деген екі сөзден құралған. Баяғы Грецияда балаларды бағып мектепке алып келіп жүретін кәрі құлдар педагог деп аталған. Педагог деген аттың бұрын мақтаулы болмағандығы осыдан көрінеді. Бірақ, соңғы заманда, пән, ғылым үшін адамзат өнерленген сайын педагог деген ат қадірлі, қасиетті болып барады.

### Педагогикаға жәрдемші пәндер

Педагогика адамның денесін һәм жанын дұрыс тәрбие қылу жолдарын үйрететін пән болғандықтан, педагогика пәнімен дұрыс пайдалана білу үшін, екінші түрлі айтқанда, адамды дұрыс тәрбие қыла білу үшін адамның денесі һәм жанының жайын кеңес қылатын басқа пәндермен таныс болуға тиісті. Бұл пәндер төмендегілер.

### Дене туралы пәндер

Анатомия. Адам денесінің құрылысын баяндайды. (Денеде қандай мүшелер бар, жаратылысы қандай).

Физиология. Адам денесінде болатын көріністерді баяндайды. (Қан жүру, дем алу сықылды).

Гигиена. Саулықты сақтау пәні.

Гимнастика. Саулықты бекіту үшін түрлі дене қозғалысы туралы пән.

Жан туралы пәндер

Психология. Адамның жанын, жан тұрмысын, жан көріністерін, жан күштерін, ақыл қайратын, көңілдің жайын баяндайтын пән.

Логика. Дұрыс ойлау жолдарын көрсететін пән.

Этика. Құлық туралы пән.

## ПЕДАГОГИКА БӨЛІМДЕРІ

Педагогика пәні беске бөлінеді.

1. Жалпы педагогика. Адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді.
2. Дидактика. Оқытудың негізгі жолдарын көрсетеді.
3. Методика. Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп, белгілі бір пәнді қалай оқыту жолдарын көрсетеді. Мысалы, мектепте қазақ тілін қандай жолмен оқыту керек екендігін үйрететін пән – қазақ тілінің методикасы деп аталады.
4. Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай басқарылуға тиісті, сынақтарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек. Міне, осылар сықылды мектеп құрылысы жолдарын көрсетеді.
5. Педагогика тарихы. Түрлі заманда түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Педагогика тарихы осыларды баяндайды.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ.

Педагогика.- Алматы: Ана тілі, 1992.- 9-18 б.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АҚЫНДЫҒЫ  
ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

## “ҚОСЫЛЫП БАТЫР ТҮРІК БАЛАЛАРЫ”

Мағжан ақын және түрік тақырыбы

1912 жылы Қазандағы ағайынды Керимовтер баспасынан Мағжан Жұмабаевтың “Шолпан” атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көреді. Сонымен бірге ол сол кездегі баспа орындарына, “Айқап” журналына, “Қазақстан”, “Қазақ” газеттеріне белсене қатысып, өлең, мақалаларын жариялап тұрады.

Мағжан өстіп әрі оқып, әрі ағартушылық-демократияшыл сыйпаттағы өлең жазып, түрлі қызмет атқарып жүргенде, 1917 жылғы революциялар дауылы тұрды. Бұл кезде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді көрнекті қазақ зиялыларымен бірге Қазақ автономиясын құруды көксейтін “Алаш” атты қозғалысқа белсене араласады. Бүкілодақтық Атқару Комитеті Президиумының 1919 жылғы 4 көкек күнгі Указы бойынша Алашорда үкіметі әскерімен бірге Кеңес өкіметі жағына шығып, кешірім алған соң, Мағжан Жұмабаев Қызылжарда шығатын “Бостандық туы” газетінің редакторы болып тағайындалады.

Ескере кететін нәрсе – 1920 жылы Қазақстанның Автономиялы республика болып жариялауын Мағжан жатсынған жоқ. Ол кеңес өкіметінің көп қадамдарына ризашылық білдірмесе де, оның дұшпаны болған жоқ. “Қызыл жалау” (1924) деген атақты өлеңін де жариялады. Бұл өлеңнен байқайтынымыз – Мағжан таптық принцип дегенді қабылдамады, қазақ ұлтын екіге жарып, бай, кедей деп қырқыстыруға барынша қарсылық көрсетті. Сол себепті ол “Қызыл жалау” өлеңінде былай деп ашық айтады:

-“Қанды жас жалау кімдікі?”

-“Кімнің ұлы құл болса,

Тұлымдысы тұл болса,

Қанды жас жалау соныкі,

Ендеше, қазақ, сенікі!”

Сол кездегі қып-қызыл белсенділер Қызыл жалау кедей табынікі, байдікі емес, “байларды қойдай қу қамшымен” деп жатса, Мағжан жоқ тіпті де олай емес, ең езілген халық қазақ, ендеше тұтас қазақ ұлтынікі дейді. Мағжан қазақтың байы мен кедейін айырмады демейміз. Ол “тоқсанның жағындамын” деп, кедейге шын жаны аштынын ашық жариялады. Сонымен бірге “айрылдық аузынан уыз төгілген байлардан” деп оларға да ара түсті. Қазақ бай, кедей боп қан төгіспесін, қырқыспасын, ұлт мүддесін бәрінен жоғары қойсын деп талап етті. Қазақты тапқа, топқа, руға жіктемей, алаш туын желбіреткен Мағжан ақынды біз ұлттық ақын дейтініміз сондықтан. Ол көптеген Кеңес жазушыларындай (Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов т.б.) тек пролетар жырын ғана жырлаған жоқ, кедейіне қосып тұтас ұлт мұңын мұңдады, қазақ жоғын жоқтады.

Кеңес тұтасында Мағжанның үстінен таяқ түскен жоқ. 1924 жылдың аяқ шенінде Мәскеуде Нәзір Төреқұлов, Ғани Мұратбаев бастаған алпыстан астам қазақ зиялылары жиналып, ақынның 1922 жылы Тәшкенде шыққан өлеңдер жинағын талқылап, оған өткенді көксейді, ескілікті іздейді, ұлтшылдықты дәріптейді деп, қатаң саяси айып тақты, бұдан былай оның шығармаларының баспа бетін көрмеуін талап етті. 1929 жылы ақын Бутырька түрмесіне қамалды, 10 жылға айдауға кесілді, 1936 жылы Горькийдің көмегімен бірер жыл таза ауа жұтып, қайтадан НКВД қапасына қамалды. 1938 жылы 19 наурызда Сталин жәндеттерінің қолынан қаза тапты.

Тоталитаризм жандайшаптарының Мағжан Жұмабаевқа таққан ауыр айыптарының бірі – оған “түрікшілсің” деген кінә қоюы. Қазір ойлайсың: бір халық екінші халыққа іш тартса және ол халық өз бауырың, туысың болса, бір ағаштың бұтағы яки ата тегі бір болса, бұның басқа жұртқа қандай зияны тиюі мүмкін. Орыстардың өздері де украин, белорус, серь, болгар халықтарына славян тектілеріміз деп, бауырына тартып жатады. Оның қандай сәкеттігі бар?

Ендеше бұрынғы Кеңес Одағында түрікшілдік, пантюркизм дейтін нәліктен соншама мансұқталды? Біріншіден, бұл большевиктердің ойлап тапқан термині емес. Төркіні әріден басталады. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Түркия дүние жүзіндегі барша түрік халықтарын бір мемлекет шаңырағының астына жинамақ деген лақап таратылды. Оны пантюркизм деп атады. Пантюркизм панисламизммен ауыз жаласып, Ресейге қарсы соғыс ашпақ деп даурықты. Шын мәнінде пантюркизмді құбыжық етіп көрсету мақсаты басқа еді. Ол түрік халықтарының арасына жік салып, бір-бірінен ажыратуды, бір-біріне қатыстырмауды көздеді. Сөйтіп патшалық Ресей құзырындағы мұсылман отар халықтарды орыстандыру жөніндегі алға қойған міндеттерінің орындалуын жеңілдеткісі келді. 1967 жылы Қазан шаһарында “Қасиетті Гурий сыбайластығы” деген миссионерлік қоғам құрылды. Миссионерлер мұсылман халықтары арасында христиан дінін таратуға білек сыбанып кірісті. Татарларды, қазақтарды алдап та, күштеп те шоқындыра бастады. Осы мақсатқа мектеп жүйесін кеңінен пайдаланды. Христиан әдебиетін тарату ісін еселеп күшейтті. Миссионерлік қоғам 1862-1910 жылдар аралығында тек қазақ тілінде ғана алпыстан астам христиан діни кітаптарын, оқу құралдарын шығарып үлгерді. Олардың бірсыпырасы орыс графикасы негізінде басылды. Сонымен

бірге Арабстаннан, Түркиядан ағылып келіп жатқан ислам діні кітаптарын тежеуге тырысты, орыс цензурасы кедендерден талай кітаптарды ұстап алып қалып жатты. Мағжан Жұмабаев секілді қазақтың зиялылары бұған көнгісі келмеді, көнбеді де. Мағжанның түрікшілдігін кезінде жазушы Жүсіпбек Аймауытов былай деп түсіндіруге тырысты: “Бір жағынан үй-іші - әкеге, әлеумет – ру басыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген, қазақ ішінде туып - өскен болса, екінші – татар медресесінде оқып, түрікшілдік исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші – орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесінші – батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм), жарашылдық школынан сабақ алса, өнді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығу керек. Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығуы керек. Олай болып шықпау мүмкін емес. Әлеумет ортасының, заманының жағдайы солай” (“Лениншіл жас”, журналы, № 5 1923 жыл).

Екіншіден, большевиктер бұл жағдайды ескерусіз қалдырды. Ол – ол ма. Коммунистік идеология түрікшілдікті (пантюркизм) фашизмнің улы жапырағы деп жариялауға дейін барды.

“Мағжан түрікшілдігінің” бір сырын қазақ кеңес әдебиетінің жетекші жазушыларының бірі Сәбит Мұқанов та қазбалап көрген. “Мағжан шынында түрікшіл емес,- деп жазады Сәбең. Оның түрікті бауыр қылуында, өз мақсатына сәйкес ойы бар. Біз жоғарыда Мағжан қазақтың ескі күнін көкөсегенде, баяғы хан дәуірін қайта орнатпақ емес, қазіргі қазақтың көзіне ескі, еркін өмірін елестетіп, басын көтертпек. Басын көтертіп алғаннан кейін бөлек республика құрмақ дедік. Мағжан “түрік” деген сөзді белгілі мақсат үшін ғана керек қылды. Түріктің ерлігін айта кеп, қазақты отаршыл үкіметке қарсы қайрап салғысы келді” (“XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті”, 1932 жыл, 224 бет).

Мағжанға бейнебір кінә арқалату үшін жазылған бұл сөздер бұрын да екіұшты естілетін. Мағжанның түрік тақырыбындағы өлеңдері қазақ халқың, жалпы түріктерді ұлт-азаттығы күресіне қамшылайды.

Түрік тақырыбы Мағжан поэзиясында, Жүсіпбек Аймауытов пен Сәбит Мұқановтар айтқандай, “Медресе Ғалияда” жүргенінде емес, одан да ертерек басталған. Өйткені Мағжанның 1905 жылдан бері қарай Қызылжардағы Мұхамеджан Бегішов медресесінде оқуы оның дүниетанымына көп ықпал еткен. Медресеге ұстаздық етуші Бегішев кезінде Стамбул қаласындағы Түрік университетін бітірген адам. Ол да Мағжан поэзиясында түрік тақырыбының ерте басталуына себепші болды.

Мағжан Жұмабаев қазақ ұлтының қайткенде азаттыққа қолы жетеді деп көп ойлап, армандаған ақын. Өзі өмір сүрген тарихи жағдайда азаттық қолға оңайлықпен түсе қоймайтынын сезген ол ер түріктен тараған туыс елдердің ұйымдасып, бірлесіп, тізе қосқан күресі ғана отаршылдықты Қазақ елінен, басқа бауырлас елдерден аластауға мүмкіндік туғызады деп есептеген. Сондықтан ақынның түрік тақырыпты өлеңдерінде бұл идеяның ең өзекті идеяға айналуы табиғи нәрсе. Ол он тоғыз жасар жас ақынның тұңғыш “Шолпан” жинағында жарияланған “Орал тауы” өлеңінде-ақ құлаққа дабыл ұрғандай естіледі.

Анамыз бізді өсірген, қайран Орал,  
Мойның бұр тұңғышыңа, бермен орал.  
Қосылып батыр түрік балалары,

Таптапта, жолын кесіп, тізгінге орал, - деп, саңқылдап тұрған жас өренді қалайша түрікшіл емес дейсің?

Бұдан соң түрік тақырыбына қосылған өлеңдерден: “От”, “Пайғамбар”, “Алыстағы бауырыма”, “Тез барам”, “Орал”, “Қазақ тілі”, “Тұранның бір бауында”, “Түркістан” туындылары саналады. Бұл өлеңдердің негізгі идеясы, ой-пікірі, көтеретін мәселесі, үндеу пафосы айқын. Қай өлеңінде де Мағжан сонау түп-тұқияннан бергі тарихты қозғап, исі түріктің ата тегі бір, қарындас, бауырлас халықтар екендігін өрнекті, жалынды тілмен паш етеді. Бұдан түйетін түйіні де түрік нәсілділердің бәрінің назарын аударарлық. Ол – түрік халықтарының сол кездердегі мүшкіл халі, одан қалай құтылу жолдары, түріктердің тәуелсіздік үшін, елдің бостандығы үшін тізе қосып, жұмылып күресу қажеттілігі. Ерекше атап өтетін бір жәйт – Мағжан түрік халқының шетел басқыншыларына қарсы Кемал Ататүрік бастаған азаттық қозғалысына үн қосуы. Мағжан Жұмабаевтың түрік тақырыбын дамыта келе Шығыс пен Батыс арақатынасы, одан барып күллі әлемдік, адамзаттық азаттық проблемеларға ұластыру оның ерекше жетістігі, дүние жүзі әдебиетінің асыл қазынасына қосқан бағалы үлесі деп саналуы керек. Енді осы аталған проблемелардың бас-басына тоқталып өтелік.

Көрнекті түрік тарихшысы Баһаддин Өгел 1981 жылы Анкарада екі томдық “Ұлы Хун империясы тарихын” басып шығарғаны мәлім. Осы еңбектің бірінші томы Әлімғазы Дәулетханның аудармасымен қазақ тілінде жарық көрді. Екіншісі де тәржімаланып, баспахананда теріліп басылғалы жатыр. Міне осы еңбегінде Өгел: “Ежелгі түрік тарихын хундардан бастаймыз” деген тұжырымдаманы бірден ұсынып, хундар түрік нәсілді жұрт болғандығын ғылыми жан-жақты, дәйекті деректермен негіздейді. Бір ғажап

жері – осы тұрпаттас ойды Мағжан ақын сонау XX ғасырдың бас кезінде тілге тиек етеді. “Пайғамбар” деген өлеңінде:

Ерте күнде отты Күннен Гун туған  
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам,  
Жүзімді де, қысық қара көзімді

Туа сала жалынменен мен жуғам, - дейді (Бахаддин Өгел. Ұлы Хун империясының тарихы. Бірінші кітап. Алматы, “Хант” баспасы. 1998, 10-б.). Мұндағы “I” деген сілтемені Мағжанның өзі жасайды. “Гун – түріктің арғы атасы” деп ескертеді. “От” өлеңінде бұл сарын Гун қолбасшылары Атилла, Баламір есімдерін қайталаумен еске алынады. “Орал тауы” өлеңіне, басқа да бірсыпыра туындыларда ежелгі түрік Отаны – Тұран, Орал, Алтай мекендері екені жырланады. Тағы бірде: “Ұзын Орал – күн мен түн шекарасы, Өлім – түн, Өмір – гүлді Гун даласы” (Орал) деп толғанады.

Мағжан поэзиясында түрік халықтары бірлігі идеясының тууына әлденеше себеп бар. Ең бастылары жаңағы Сәбеңнің сөзімен айтқанда, объективтік жағдайларға байланысты: отаршылдыққа қарсылық, ұлттар бостандығы мен теңдігі үшін күрес.

Мағжан “Түркістан” атты өлеңінде “Түркістан – ер түріктің бесігі ғой” десе, бұл пікір бас кезінде Кеңес өкіметі тарапынан қарсылыққа кездеспеген, белгілі дәрежеде тіпті қолдау тапқан. Түркістан халықтары автономиясын құру қажеттігін 1918 жылғы 22 сәуірде Түркістан Советтерінің Тәшкенттегі V съезіне жіберген жеделхатында В.И. Лениннің өзі қолдайды (ПСС, т.50, С.63).

Ол жылдары Түркия халқы, елі шетелдік интервенцияға қарсы жанқиярлық соғыс жүргізіп жатты. Түріктердің ұлт азаттығы қозғалысын РСФСР, жас Кеңес өкіметі барынша қолдады, моральдық, материалдық құлықтылық ғана емес, материалдық көмек (алтындай 10 миллион сомнан астам) көрсетті. Қару жарағымен қарасты. Түрік ұлт азаттығы қозғалысы көсемі Мұстафа Кемал – патшаның атағы жер жарды. Ол кеңестік баспасөздің, қоғамдық пікірінің, әсіресе мұсылман жұртшылығының ең сүйкімді қаһармандарының біріне айналды.

Қазақстанға келсек, мұнда бұрын да түріктерге іш тартатын дәстүр бар-ды. Сәбит Мұқановтың куәлік етуі бойынша, түрікті мадақтап алатын аңыздар Қазақстанда отызыншы жылдардың басына дейін сақталып келген (XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, 222 бет). Түрікке қазақ байларының... ынтасы құлағаны сонша, - деп жазады Сәбең, - балаларына Әнуарбек, Талғатбек, Мұстафа, Кәмал, Жамалбек, Сұңғатбек сықылды түрік патшаларының аттарын қойды. (“Байлары” деген сол кездің жүндей сабаған сөздерінің бірі демесең, мұндай есімдердің орташа, кедей қазақтардың талайына қойылғаны белгілі). Әнуар патшаны ертедегі бабағұмар секілді сиқыршы, айлакер, адамзатқа бітпеген күш бар деген аңыз тараған.

Міне, осындай жағдайда басына бұлт оралған түрік ағайындарға деген жанашырлық, тілектестік сезім күшейді. Соның бір дәлелі Мағжанның “Алыстағы бауырыма” атты ұзақ өлеңі. Өлеңнің алғашқы жолдары алыста ауыр азап шегіп күресіп жатқан түрік бауырлардың халін, “түксиген жүрегі тас” басқыншыларды әшкерелеуге арналады. Тегінде бұл өлең 1918 жылдың бірінші жартысында Мағжан түрмеде отырған кезде жазылған болуы керек. Өйткені түрік бауырларға көмекке келуге өзінің қайрансыз екенін, “қараңғы абақтыға” жабылғанын айтып мұң шағады. Бірақ түріктің жолбарыстай жүрегі жаудан бұқпайтынына берік сенім білдіреді. Бұдан соң тағы уайымға берілгендей болады. “Шарқұрып ерікке ұмтылған түрік жаны, шынымен ауырды ма, бітіп халі?!” - деп түңіледі де, қайта серпіліп:

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,  
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа  
Лайық па құл боп тұру. Кел кетелік

Алтайға, ата мирас алтын таққа! – деген үнеумен қорытынды жасайды. Әрине, айтылғанды тура мағынасында түсінбеуге керек. Ақын түп тамыры бір түрік ағайынға ынтымақтастық сезімін білдіріп отыр, жүрекке жүрек, білекке білек қосылуын тілейді десек, ақын ойын түсінген болып шығамыз.

1920 жылы сәуірде түріктер басқыншыларды ойсырата жеңіп, Түркия республика тәуелсіздігінің декларациясын жариялады. Бұл жеңіс қазақты шексіз қуантты, жігеріне жігер құйды. Жеңіс лебін Мағжанның “Түркістан” атты өлеңінен айқын аңғарасыз. Өлең лириканың дифирамб үлгісінде жазылған. Түріктердің тарихы батырларға, ерен ақындарға толы. Ер түрік кезінде бүкіл дүниені тітіренткен. Ғылым, білім де ерен өркен жайған. Ертеде Тұран дескен Түркістанның табиғаты қандай. Жері еріне, ері жеріне сай. Сонау ертегі хан Афрасиябтан бастап әрқайсысы бір-бір шың көкжалдар. “Еріксіз ер түрікті еске аларсың, Көкке асқан Хантәңіріге қарай-қарай”. Олар кинолентасындай көз алдыңнан табиғатпен тамырласа жылжып өте береді. Поэмаға бергісіз өлеңде Фараби домбырасы шертіледі, аспан көкке сырласып отырған Ұлықбекке дейін қалт жіберілмейді. Көкпен жалғасқан жыр құлашы өлшемге жатпайды. Қиял қанатымен шарықтаған отты желдей тарих арасының баспалдағына көтерілгендей. “Балқашты бауырына алған Тарбағатай, Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай, Қазығұрт

қасиетті тау болмаса, Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай?”.

Тұранның теңіздей терең тарихына бойлау мүмкін емес. Бірақ Мағжан ақынға ол бұйым көрінбейтін сияқты. Айналырған жиырма бес шумақтың аясына сол қаулаған қалың өрттей тарихты сыйғызып жіберген ақындық құдіретке не дерсің, не айтарсың. Мұндай сиқырлы шеберліктің сыры, меніңше, ақындық шабыттың ғұлама ойдан, ғұламалықтың, Мағжанның осы өлеңде жырға қосатын Жейхун-сейхун дариясындай тасыған ақындық асқан талантынан қуат алуында болуға керек. Тұран елі тарихын алақанға салып бергеннен кейінгі және бір сәтінде, арқалы ақын көкірегі мақтаныш пен мақсатқа толып, шаттанған күйде қазағына бұрылады:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,  
Түріктен басқа от боп жан туып па?  
Көп түрік өнші алысып тарасқанда  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Қазақ тарихының ерлік беттерін ақтарғанда, өзінің ұлт ақыны ретіндегі жырлаған, сырлаған ойларын және бір демдейді. Мағжан поэзиясының тақырыбы тарам-тарам өзендерді елестетсе, қазақ елінің тағдыры жайлы толғаныстары сол өзендер жамырай құятын айдын тәрізді көз алдыға елестетеді. “Тез барам!” деген өлеңінде ол осы идеяларды қуаттайтын кейіпкер атынан сөйлейді. “Тазартайын Сарыарқамның топырағын” деп жар салады. Бұл енді атқа қонып үлгерген кейіпкер – нақтылы істің, нақтылы мақсаттың иесі. Сол қаһарман “Түркістан” туындысының финалында “дат!” деп, сөз кезегін беруді сұрағандай.

“Қырағы Тянь-Шаньмен Памир, Алтай,  
Күтеді сені көптен қарай-қарай.

Кене мен Абылайдың жолын құмай,  
Жапанда жайылудың мәні қалай?”- деп, ол кездегі отар ел – қазаққа қарап қабағын түкситеді.

Мағжан ақынды боркөмік, жылауық, жасық санайтындарды мен тым құрыса оның түрік тақырыбына жазған жырларын дұрыстап оң көзімен оқымағандар санатына жатқызар едім.

Отызыншы жылдарға таман Кеңес Одағында түрік мәселесі тәрк етілді. Әуелі Түркістан автономиясы құрылды. Мұның тарихы империялық сананың аярлығына, залымдығына құрық бойламайтындығын дәлелдейтін материал дер едім өз басым.

Түрікшілдікті сынап жерлеу Ресей көлемінде соншама елей қоярлық емес фактіден басталды. 1920 жылдың 20 ақпанында Ташкент шаһарында Түркістан Коммунистік партиясының V өлкелік конференциясы ашылды. Конференцияда Түркістан Кеңес Атқару Комитетінің төрағасы Тұрар Рұсқұлов баяндама жасап, өлкенің ұлттық құрамына сәйкес партия ұйымының атын өзгертейік. Өйтсек, коммунист-мұсылмандардың революциялық процестегі ролі күшейеді, оның бер жағында шетелдік Шығыс халықтарының Кеңес Одағына деген ілтифаты, сүйіспеншілігі арта түседі, деді. Түркістан Компартиясы бұдан былай түрік халықтарының компартиясы, ал Түркістан-Түрік кеңестік республикасы аталсын деген ұсыныс енгізді.

Міне, бұл тұста Мәскеу ойланып қалды. Түрік дейді, сонда барша түрік бір шаңырақтың астында бірігуі керек пе? Әлде азияттар орыстарды Түркістаннан шеттеткісі келер ме екен? Түркияға Қазақстан мен Орта Азияны қоспақ ойлары бар ма? Ақыры іс насырға шауып, “пантюркизмге” жаңа жорық жарияланды. Мағжан – түрікшіл деген жел сөз қайта көтерілді.

Ақын жүрегіндегіні жазды. Мағжан түрікке “алыстағы бауырым” деп үзілсе, басқа бір халықтарға жаулық сағынбаған. Қайта күллі езілген халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған. Өстіп, Түрік тақырыбы Мағжан поэзиясында бірте-бірте әлемдік азаттық тақырыбына ауысып ұласа береді.

Опалаң-топалаң заманның бет-алысын халқының пайдасына жарату ол кездегі қазақ зиялылары үшін бұлжымас ережеге айналды. Ресейдегі төңкеріс тасқыны бір шеті ұлы Қытай қорғанынан асып төгіліп, сонау Үнді қиырына ұмтылғанда, бұл жақтағы жойқын халық бейне ертегінің алыбындай ыңыранып, қозғалысқа енгеніне, сөз жоқ, Мағжандар қуанды. Қуанбағанда ше. Керенскийдей демократтардың, Колчактай правительдердің қазаққа қайырымы болмайтындығына көздері жеткен соң ендігі үмітін Шығысқа артты. Мағжанның ендігі ізденістеріне символизм өкілдерінің жетістіктері ой салды.

Устремляя наши очи  
На бледнеющий Восток,  
Дети скорби, дети ночи,

Ждем, не придет ли наш Пророк, - депті символизмнің ірі өкілдерінің бірі Д.С.Мережковский “Түн перзенті” (1894) атты өлеңінде. Бұл шумақты Мағжан “Пайғамбар” атты өлеңіне эпиграф етіп алады. Өлбетте, өзінше толғайды. Орыс ақыны Шығыстан Христосты яки Айса пайғамбарды күтсе, Мағжан, жоғарыда айтылғандай, жаһанға Күннен туған Гун келеді, деп жар салды. Ол Күнбатыстағы “қанды



шуды” басуға келеді.

Бір өзгеріс керек екендігін жұрттың бәрі сезінді. Ол өзгеріс қайтсе жасалмақ? Отарлардың ауыр күйі қайткенде жеңілдемек? Сөз жоқ, империялардың жайы табылса ғана. Сонда қазақ елінің де көзі ашылады. Ал империяның іргесін шайқалтатын күш қайсы? Символистер ақындар сауалдың жауабын тарихтан іздейді. Символды (рәмізді) өткен күннен табады. Өткен көне дәуірлерде дүниені астын үстіне келтірген күштер болған. Мәселен, гундер. Қытайға ұлы Қытай қорғанын салуға мәжбүр еткендер. IV ғасырда Кавказды, Еуропа, Балқанды ұлы қозғалысқа келтіргендер. Сондықтан символистер ақындар көшпенді түрік тілді гундердің Баламбер, одан соң Аттила секілді дүниені қалтыратқан бейнелерін өз ойларының тірегі етті. Орыс ақыны Вячеслав Иванов: “Топчи их рай, Аттила”, - десе, тағы да бір орыс символистер В. Брюсов: “Әлемге қара бұлттай төнген гундар, қайдасыңдар? Келіңдер, қиратыңдар, талқандап жойыңдар мына есуас дүниені, мен сендерді құттықтап, гимн өнін шырқатып қарсы аламын”, - дейді (“Грядущие дни”).

Мағжан еліктегеннің жөні солай деп, орыс символистерінің соқпағымен тарта бермейді. Өз сүрлеуін табады. “Отты Аттила, Баламбер мен едім, қараңғылықты жойған едім”, - деп, түркі тілді аталарының ерлігін өз ерлігіне балайды.

“Түн баласы” қазақ ақынының өлеңдерінде сұмдық күнәкер бейне. Ол Мұсаның тілін кескен, Айсаның қанын ұрттап ішкен, Інжілді өртеп, Құранды табанына басып таптаған жын. Бар ойы – қарнын кептеу. Тағы бір “өнері” – “қанды шу” жасау. Жан, рух бар-ау деген ой көперіне кірмейді. Ақын үшін бұдан ауыр қылмыс жоқ. Зұлым, көрсоқыр түн баласы тиісті жазасын алуы керек. Қалайша? В. Брюсов “Грядущие гунны” өлеңінде “қыр, жой, кітаптарын өрте, сарайын ойранда, қасынан шатырыңды тігіп, патша тағының орнына шөп өсір” дейді. Ал Мағжанның жауабы бұдан өзгеше. Қазақ ақыны қыр да жойдан тартынады, оның есесіне мейірім, адамгершілік жалауын желкілдетеді. “Күншығыс” өлеңінде Ібіліске ерген есерлерге бір сәт елігіп:

Күл қылайық қаласың,

Құл қылайық баласың,- деп бір кетеді де, заматында райдан қайтып, мүлде өзгереді:

Жо, жоқ! Ашу басалық!- деп кілт тоқтайды.

Ақ жүрегін айқара ашып:

Гүл қылайық қаласың,

Ұл қылайық баласың,

Мейірім есігін ашалық.

Мұндарларды адасқан,

Айрылып естен шатасқан

Күншығыстың жолына

Салайық, шетсің демейік,

Аямайық, көмейік

Күншығыстың нұрына...- деп, адамгершіліктің биік тұғырынан табылады.

Мағжан Күнбатыс пен Күншығысты шендестіргенде бір ғана мақсат көздеген. Жаһанды жаңарту, адамзат пейілін жаңалап кеңейту ниетін ойлаған. Мағжан “Жер жүзін топан басса екен” деген өлеңінде Батыс пен Шығыс қамын бірдей ойлайды. Топан суы жер бетін қаптап, улы көбігін шашып, жанды, жансыз жоқ болып, бір өзім қалсам не істер едім деп, өзіне сұрақ қояды да, оған жауап қайтарады. “Заулап тұрған отымнан, Жаратар ем жаңа адам” дейді. Жаңа адам – Мағжан жобасында қала – даланы гүлге айналдыратын адам. Өзін, ұлтын ғана емес, барша адамзат қамын жейтін жан.

Мағжан Жұмабаев қазақ әдебиетінде тұңғыш рет және жеке-дара жалғыз өзі ғана көтеріп жазған түрік тақырыбының халықаралық маңызы өте зор. Бүгінгі Қазақстанның Түркиямен тонның ішкі бауындай қатынас орнатуында Мағжанның да үлесі бар десек, артық айтқандық болмайды. Бір кезде ақын түрік ағайындарымызға: “Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта, қайғыдан қан жұтамыз” десе, енді, шүкіршілік, жағдай өзгерді. Ерікті елдер төске төс тигізіп құшақтарын жазар емес. Қуанышымыз қойнымызға сыймайды. Ендігі арман сол қуанышымыз ұзағынан болғай! – деп тілейсің. Тілейсің де, бүгінгі азаттық алған бауырлардың шат-шадыман, майрағай-тайрағай шағына жете алмай кеткен, бірақ сол үшін жан-тәнін пида еткен боздақтарды күрсіне еске аласың. Түрік тақырыбын қазақ әдебиетінде қасиетті тақырып етіп жападан жалғыз дәйекті жырлаған Мағжан ақын аруағына арнап бүгінгі түрік текті ағайын шырақ жағып, құран оқып, еске алатынына сенесің.

ЕЛЕУКЕНОВ Ш.,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан заман. - 2001.- 27 шілде.- 12-13 б.

## МАҒЖАН ПОЭТИКАСЫ

Қазақ өлеңі тарихының XX ғасыр көгінде Мағжан поэзиясы Шолпан жұлдыздай оқшау тұр. Қазақ сөзін оның тарихымен тұтастықта көріп бағалаған А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Қожанов, т.б. Мағжан поэзиясын қуана қарсы алды, аса жоғары бағалады. Халық үшін қажеттігін бірден түсінді. Алайда, ол таным, ол пікірлер кенет үзілді. Қаптаған қара тасқын лезде-ақ әдебиет айдынын лайлап үлгерген еді. Сол кер заманның жол айырығындағы халық трагедиясы – ақынның да ұлы трагедиясына ұласты. Рухани қапастан, алдымен, хас ақын тұншығатыны мәлім.

Мағжан Абай дүмпуінен ояңған көркем ойдың ғана емес, қоғамдық сананың да ең жарық жұлдыздарының бірі. Әттең сол сирек құбылыс біздің өзін толықтай рухани игілігімізге айнала қойған жоқ. Кім білсін, бүгінгі ұлттық эстетиканың мүкіс тартып, өз шеңберін тарылта түсуіне осындай мұраларымыздың түңлігі түрілмей жабық жатуынан ба екен?!...

Мағжан – қазақ өлеңіне Абайдан кейін дүбірлі өзгеріс әкелген ірі реформатор ақын. Қара өлеңнің бұла күші бесік болып тербеткен Мағжан жазба әдебиеттің қатаң көркемдік ұстанымында тәрбиеленген Абаймен үлкен эстетикалық мұрат үстінде қауышты. Ендеше, Мағжан ренессансының берік тағаны – Абай. Олар бір-бірімен тым жақын, жалғас жатыр. Алайда, Мағжан өзін-өзі ашудың кілтін іздеуден танбады. Қазақ лирикасын әлемдік дәрежеге көтерген Абайды орап өтудің мүмкін еместігін білгіш Мағжан тіпті де түсінді ғой. Я, Абайсыз Мағжанға ақын болудың өзі екіталай еді. “Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?” қаршадай Мағжанның сүйегіне сіңіп кеткен. Сөйте-сөйте біртіндеп Абай аманаты түгелімен Мағжан мойнына артылды. Осы бір қылта-қиылысты жіті аңғарған М.Әуезов Мағжан болашағына үлкен үміт артты. Енді әлем алдында Мағжан – дарияның шалқитынына еш күмәні болған жоқ. Туған әдебиетін қылаусыз сүйген данышпанның бұл болжауы толық ақиқатқа шықты.

Мағжан ол өреге көтерілу үшін алтын айға қол сермегені рас. Алдымен, ол әлемдік поэзияның ана сүті – шығыстың шын шайырларының кәусар бұлағынан сусын қандырды. Зәмзәм суындай мөлдір тазалықтан ләззат кешті. Бұл шабытты шағында ол өлең стихиясының тізгінін тартпады. Абай не нәрсені де сабырмен сөйлегенін білеміз. Аймауытовтың: “Абай – ақылдың, Мағжан – сезімнің ақыны” деуі содан болар. Әйтпесе, ақыл мен сезім категорияларында бұл екі ақынның да теңдесіз феномен екеніне кім дау айта алады. Мағжан қанында ойнаған қара өлең қызуымен ғана шектелген жоқ. Өйткені, ол үлкен поэтикалық мектептен өтті. Алайда, төтеден шауып, төске озуды мақсұт тұтпады. Тіл – тарихи үрдіс. Қорқыт, Қойлыбай, Ақан серілерді ақын Мағжанның ғылыми негізде қарастырып, зерттеуі кездейсоқ емес.

Мағжан ғұмыр кешкен табиғат тылсымына алтын нардай шөккен бұл өнер алыптары кейін Мағжан поэзиясының да нарқын белгіледі. Жібектің түйінін шешкен ақын олардың бірде сөзі, бірде көзі боп жарқылдайды. Балының дәмін татып, өнерінің сиқырын сезінбесе, бояуы кетпес алмас мұра қалдырып, ерлік рухты жалғай алмас еді. Соған қарамастан, “Мағжан - түрікшіл ақын” деген пікір айтылса, оған қосыламыз. Өйткені, ол жолда ақын көп ізденді, тер төкті. Өлеңнің түрі, стилі – ақынның өз бет-бейнесі. Оған қол жеткізе алмаса, ақын болу мүмкін бе? Білімдар Мағжан оны терең түсінді. Әсіресе, алдында реформатор Абай тұрғанда түршіл болып көр! Абайдан қара үзуді мақсұт тұтпаған ол оның көлеңкесінде қалудың да еш қисыны жоғын сезінді. Осы жүкті Мағжан қабырғасы қайыспай көтеріп кеткеніне күә боламыз.

Ай туды күңгірт кеш еді, алтын табақ,  
Ару ғой ай дегенің алтын қабақ.  
Жүзінен сол сұлудың нұр төгілді,  
Жайырақ – суда ойнаған алтын шапақ.

Жапырақ сәуле сүйіп дірілдеген,  
Жел шіркін жаны күйіп күбірлеген.  
Жерде су сылдыр қағып сүйінгендей,  
Кей кезде күйік кернеп күрілдеген.

Бұл – “Тұранның бір бауында” (сурет) атты өлеңнен үзінді. Мұнда Мағжан қолтаңбасы айқын көрінеді. Бұл жолдарды өзіне ғана тән ету ақынға еш оңайға түспегенін түсіну керек. Неге десеңіз, алдында Абайдың “Желсіз түнде жарық ай” тұр ғой. Тұң, ай, жел, су, жалпы табиғатты Абайдан асыра жырлау қазақ өлеңінде мүмкін бе? ...

Мағжан өлеңге романтикалық өң берді. Адам мен табиғатты қатар алып араларынан өзгеше байланыс іздейді. Абай табиғатқа объективтік көзбен қараса, Мағжан субъектінің қатынасын даралайды. 23 шумақ әлгі өлең, сондықтан, сюжетсіз, таза сурет сипатына қарамай кең тыныс, эпикалық сарын естіртеді. Сол сияқты, сыршыл, сазды лирика лебі де еседі. Эстетикалық танымдағы

жақындық екі ақынды тоғыстырғанымен, көркемдеу әдістері бұларды екі арнаға бұрады. Сондықтан, өлеңнің құрылысы, буын саны, суреттеу әдісі де басқа болып шығады. Абай “Тасыған өзен гүрілдеп” сияқты объективтік бағалау түріндегі сұлу табиғаттың реалистік бейнесін, хабарлы жай сөйлем арқылы берсе, Мағжан көтеріңкі леп, астарлы метафора, 11-13 буынды тармақтармен, не бір бейнелі тіл шұрайын шығара сөйлейді. Абай пейзажы жарқын, ашық, анық болса, Мағжан күлгін түсті, көңілдің қоңыр бояуын жасырмай сырласады. Яғни, ол табиғатты соның ләззатын жұтады. “Жел шіркін жаны күйіп күбірлеген”, “Жерде су сылдыр қағып сүйінгендей, Көй кезде күйік кернеп күрілдеген” деген жолдар бұл пікіріміздің айқын айғағы. Дара стиль деп осыны айтады. Әлгі жолдардың арғы жағынан ақынның өзін көріп отырғандай әсерде отырасыз. Әсіресе осынша сұлулыққа оранған Мағжан жүрегінде батпандаған мұң жатыр. Өзіне тән өзгеше уәйім бар. Ақын ол шындықты өлеңнің жалған жібімен әлеміштемеді. Шыншылдық осы жерден шығады. Жазба әдебиетке тән – стиль ерекшелігі де осында. Сөйтіп, Мағжан шығармашылығына ақын жан азабы жалғаны жоқ сол буы бұрқыраған саф күйінде із қалдырады. Яғни, құныға құмартқан қазақ өлеңі мен Абай оның жан азығына айналып, рухын асқақтатқанымен, оның ала жібін аттамайды, қылдай қиянат етпейді. Нағыз ақын поэзия құндылығын тарих алдында осылай бағалап, таразыламақ...

Өлеңде әр ақынның өз “дәмханасы” болуы шарт. Ол болмаған жағдайда басқаның әзірлеген тамағына телміруі хақ. Мағжанда сол “дәмхана” кең әрі бай еді. Оның өлеңдері аса күрделі қосылыстардан түзілуі содан. Мағжан өлеңдерінің дені арнайы трактовка тілейді. Ондағы сөз, бояу, жарық – бәрінің Мағжан зертханасынан бөлінетін өз мөлшері, өлшемі бар. Мәселен, жоғарыдағы ұзақ өлеңнің басқа бір шумағын келтірейік.

Тізілген түйме меруерт тұтқа таптап,  
Жандардай жарқыраған тәп-тәтті таң.  
Жас өрік ай нұрында ақ алтындай,  
Жас жүзім – зүбәржаттан тізген шашақ.

Міне, бұл Абайдың пейзаждық лирикасындағы объективтік бүтіндікті бұзады. Ол ізбен жүріп отыру тіпті де міндет емес, қара өлеңнің ұйқасы мен ырғағына ерікті, еркін жолдарды араластыруға талпыныс жасайды. Содан реалистік ойлау тәсілінің өзі аздап қозғалысқа түскендей болады. Сөйтіп, ол табиғатты сезіну, оны бейнелеуде өз интеллектісіне сәйкес образдармен бедерлеп, тіл қатуға мүмкіндік алады. Мағжанның тілі қара өлеңмен шыққанымен “Шығыстың поэзия ошағы” оның арманшыл жанына мәңгі алау боп қалғанын сезінеміз. Әлгі өлеңнің өн бойындағы шығыстық белгілер бұл пікірімізді растайды. Мәселен, Мағжанның сол шумағын Біржанның мына жолдарымен салыстырып көрейік.

Болғанда кешке жақын апақ-сапақ,  
Алдымнан шықтың сәулем аппақ шапақ.  
Кигені қара кәмшат оқаланған,  
Басында бір шоқ үкі бұлғалақтап.

Бұлардың суреттеу машығы, өлеңнің ырғағы, синтаксистік-интонациялық құрылымы егіздейін жұптасады. Ал, поэзиялық өлшем, эстетикалық қызметі жағынан ше? Міне, екі ақынның басты ұстанымды айырмашылығы осы жерде.

Біржан адам портретімен шектеледі. Өз дәрежесінде оның классикалық үлгісін сомдады кезінде. Ал, Мағжан мақсаты – миссиясы мүлде бөлек. Жазба әдебиеттің, әлемдік классика нұсқаларын меңгерген ақын көркемдік әдістің консерваторы бола тұра, оны дамытуға тиісті еді. Ол бұрын қазақ өлеңінде ізі түспеген соңғы сурет іздейді. Экзотикадан әлдеқайда алыс, қанық бояулы, жанды табиғат суретін өз сезімі арқылы өткізбек ниетте болды. Сөйтіп барып, лирикалық “менге” тәуелденбеген сұлулық адам психологиясымен жанды байланысқа түспек. Өмірден көркемөнер осылай қанаттанбақ, өзіндік өмір – салтанатын құрмақ. Поэзияның бұл тылсымын Мағжан, әрине, талант қарымымен де, шеберлікпен де толық меңгерген еді. Сонымен, “Тұранның бір бауында” атты сурет өлеңі қара өлеңнен гөрі қазақ өлеңінің тереңіне қарай шегініп, өзгеше поэтикалық өрнек тапқан. Ол белгілер өлеңнің өн бойында сайрап тұр, буын санының 11 буыннан асып кетуі, ерікті ұйқасқа қарай бой ұруы, ұйқас тұйық бітеу буынмен жасалуы, т.б. Осыдан келіп, Мағжанның түр мәселесіндегі орынын анықтаудың ғылыми сұранысы туады. Мағжанның әдісі де әзір ғылымда беймағлұм.

Осының бәріне қатынасы бар әзірше алдымызда нақты қойылып, анық айтылған Ж.Аймауытовтың мына пікірі: “Мағжан – еліктегіш ақын. Бір ақын көп еліктесе, сол көп еліктеуші ақын Мағжан деуге болады. Мағжан еліктегенде қазақ, татар, араб деп талғамайды. Кімнің сөзі көңілге жақса, соған еліктеп жазады. Сондықтан Мағжанның алғашқы кездегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар. Сыртқы түрінде орыстың бейнелеушілеріне еліктесе, ішкі рухында күйректік, жылаулықтық (сентиментализм), романтизм болады. Сентиментализм әсіресе әйел теңдігіне арнап жазған өлеңдерінде ұшырасады”.

Бұл пікір айтылғалы бір ғасырға жуық уақыт өтті. Пікір айтылған кездегі объективтік-субъективтік жағдайды ескермеуге тағы болмайды. Қалай болғанда да Мағжанның түр мәселесіндегі

жаңалығын түсіндіретін мезгіл жеткен сияқты. Бұл мәселелердің шешім таба алмауының бір себебі – ақынды даралайтын стиль мәселесінің қазақ әдебиеттануында ғылыми сипат алып зерттелмеуінде. Аналитикалық талдау тапшылығында...

Ж.Аймауытов пікірінің жаны бар: “Мағжан ірі әдіс-тәсілдердің ешқайсысынан бой тасалаған жоқ”. Ендеше, оның әдісін белгілеу оңай емес. Себебі сол романтизмнің атасы саналатын Байрон, Лермонтовтар мен Мағжанды ортақтастандыратын романтикалық сарын қайсы? Әлде айтып отырғанымыз кітаби романтизм бе? Бұл екі арасын Аймауытов та ашып айтпайды. Абай поэмаларына да біз романтикалық деген атау бергенбіз. Мағжан әдісіне оның қаншалықты қатынасы бар?...

Көркемөнер қыр-сырын терең меңгерген Абай: “Біліммен жинап білген сөз бойға жұқпас сырғанар” деп тегін айтпаған. Олай болса, романтизм әдісі Мағжанға тек сырттан келген жоқ, табиғи талант иірімдері ұлттық көркемөнер қойнауынан бастау алып қалыптасты. Оны ғылыми дәйектеу үшін тарихи поэтикаға арқа сүйеген дұрыс. Өйткені ол әдіс Мағжанның сыршыл-лирикаларының ғана емес, кесек поэмаларының да негізгі бөлігін қамтиды. Ал романтизм өзінің тұтас табиғатымен ақын тұлғаны құрап тұрған үш таған – мәңгі жастық, қайыспас ерлік, айнымас ғашықтық сияқты категориялармен туысып, тамырласып кеткендей...

Мағжан – еліктегіш ақын емес, ұлттық ақын. Онымен мәңгі жасайтын бір бөлшегі. Ғұмырлық мақтанышы. Сондықтан ол егер қарыздар болса, туған әдебиетіне, Абайға қарыздар. Қала берді, оның алыстан көз тартатын жаңалап қолданған, еселеп айқындай түскен символистік, романтикалық амал-тәсілдері қазақтың көне әдебиеті мен шығыс поэзиясында тұнып тұр. Оның “тұнықтан жүзіп ішпей қанбау” сыры да сонда болса керек. Олай болса, Мағжанның түр мәселесіндегі методологиясына Абайдың пішім турасындағы “дәстүршілдік” тұрғысынан қараған жөн сияқты. Ал оның тарихи-поэтикалық тамырын іздеу – ғылыми үлкен міндет. Мағжан орыс поэзиясымен Абай сынды жарысқа түсіп, күш сынасты. Қоян қолтық араласты. Осы жолда ол қазақ өлеңіне өлшеусіз еңбек сіңірді. Оны жазба дәстүр тәжірибесі озық Европа өнері деңгейіне көтерді...

Мағжанды күйректікке ұрындырған алғышарт Абайдан асып түспесе кем емес еді. Өйткені ол аса ірі тұлғалы - түршіл, Абайдан шыққан шыншыл ақын. Сондықтан ол көбіне шындықты жырлады, пайғамбар жүрек сезген “сұмдықты” жырлады. Ендеше кезіндегі саясаткерлердің одан оптимизм іздеу ұран-үндеу талап етіп, “советтік шындықты” жырламады деп жазалауы – ұрдажық сынның үлесі. Иә, Мағжантану – қасиетті ілім. Оның бүгіні, болашағы, өткені бар тұтас ілім. Қазақ халқы үшін ауадай қажет ілім...

Келші, көзім күн бетінді көрейін,  
Сүйші, сәулем тұншығып мен өлейін.  
Жет, жұлдызым жылжып қана жібектей,  
Жұлдызды – жүзік, айды алқа ғып берейін.

Бұл – қазақтың қара өлеңі үшін, Абай үшін де тосын өлең. Бейнелеу амалы, өлеңдік өлшемінде жаңалық. Жанды әсерінде көркемдік сыр бар. Сол күрделі қосылыс жарастық тауып, сыңғырлап қоя берді. Мұнда қара өлеңнің “ақсақ” ұйқасы өз үлесін алмай тұрған жоқ. Алайда, ол қара өлеңге өзгеріс – тек буынға ғана лайықталған нұсқаға екпін түсіріп көреді. Алайда ол екпін қазақ өлеңіндегі ассонанс, аллелерация күштілігінен, мінсіз ұйқас қуатынан, ұлттық метафора басымдығынан бөлініп, оқшаулықпен көзге ұра қоймайды. Себебі, ауызекі тілге қанша жақындатылғаны-мен қара өлең ұйқастың құдіретті сарыны жеңіп кете береді. Дегенмен, әр тармақтың басындағы қаратпа сөз қара өлең құрылымына айтарлықтай өзгеріс әкеледі. Сол сөздер арқылы екпін әдеттегідей соңғы буындарға емес, алдыңғы буынға, атап айтқанда үшінші буынға түсіп, силлабикалық өлең жүйесінен гөрі тоникалық өлең жүйесі заңдылығын көлденең тосады. Бұған не дейміз? Абай поэзиясында кездесетін бұл көріністі кейбір ғалымдар (мәселен, Жовтис – Б.К.) тоника элементі деген пікір айтып та үлгергені белгілі.

Мағжан шығармашылығында да қара өлең екпінімен жиі одақтасатын бір бұл емес, басқа да өлеңдерінен ұшыраттық. Дегенмен қорытынды шығаруға асықпайық. Тағы да біраз салғастыра бақылау жүргізіп көрейік.

Сөзің сиқыр, есті тұман басқандай,  
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.  
Күлкің күнім күндей күміс табаққа,  
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Міне, мұнда екпін алғашқы шумақтағыдай ерекшеленбейді. Қазақ тілі заңдылығында екпіннің аса жауапты орыны жоқтығына сүйеніп саздылыққа, қара өлең сарынына салып оқи беруге мұнда мүмкіндік табылады. Өйткені мұнда қара өлеңнің төрт аяғынан тік басқан барлық заңдылығы қамтылған. Тек Мағжандық метафора ғана “мен мұңдалап” атой салады. Буын-бунақ сандарында ешбір оқшаулық жоқ. Яғни, қара өлең өз заңдылығында жазба дәстүрінде жетіле түскен түрі. Мұндай жетілулер, бейнелі тіл шұрайын шығара қолдану, ауыз әдебиеті амалдарын жаңа сапада тірілту, әр түрлі грамматикалық

ізденістер Мағжан поэзиясында молынан кездеседі. Әсіресе өлеңнің басты компоненті – интонацияда ақын қолтаңбасы айқындала түседі.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып өскен,  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Міне, бұл – Мағжан жетілдірген қара өлеңнің классикалық түрі. Дауыссыз дыбыстар үндестігі туғызған ассонанс, буың, бунақ мөлшерінің бір-бірімен дәл келе жұптасуы өлеңнің пластикасын келістіріп, ырғақты, сазды әуезділікті ерекше жолға қояды. Ал, алдыңғы қара өлең үлгісіндегі шумақ пен бұл шумақтағы созылмалы әуезділік, соған сәйкес саздылық бірдей емес, араларында үлкен интонациялық айырмашылық бар. Неге? Біздіңше, бұл жерде жалпы суреттеу, баяндау тәсілдері пайдаланылып, айтарлықтай әсер, поэтикалық жүкті солар көтеретіндей. Алғашқы шумақ – суреттеу жемісі де, соңғысы – баяндау тәсілінің өнімі. Баяндауға келгенде ақынның құр атқа мінгендей кәсіле жөнелуі түсінікті. Онда ежелгі әдебиетіміздің қанға сіңген желігі бар. Сол сияқты қара өлеңнің құлақ құрышын қандырған қасиетті сарыны қосылып бұл мағжандық ассоциация жыр мен қара өлеңнен әлдеқайда басқа сапаға ауысыды. Өнерге ұласады...

Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің тәңірі берген несібі ғой.

“Түркістан” өлеңінің бір шумағы өлеңдік тұлғасы жағынан келесі шумақтарын қайталамауы мән беретін құбылыс. Бірде баяндау, бірде суреттеу әдісін алмастырып отырады. Мәселен, әлгі шумақты таза сурет не таза баяндау деп бөліп айту қиын. Себебі суреттеу тәсілінің барлық бейнелілігі өлең бойына дарытыла отырып баяндалады. Ырғағы да соған бейім. Алайда, екпін тіпті үшінші буынды қойып, бірінші буынға түседі. Бұл бұрын қазақ өлеңінде кездеспеген жәйт. Дегенмен оны мағыналық екпінге жатқызайық. Себебі еспе қайталау арқылы ол екпінді әлсіретіңкіреп, ішкі ырғақтың күшімен тегістеп жіберетін де мүмкіндік мұнда мол.

Еспе қайталау мұнда жеке сөздер арқылы емес, “бесігі ғой”, “несібі ғой”, “есігі ғой” сияқты сөз тіркестері арқылы жасалып, ұйқастың да толымды түрін қоса қамтамасыз етеді. Осы үйлестіктің бәрі риторикалық шешендік өнермен жазба поэзияны жалғастыратындай. Сөйтіп, “ақын үндестік ұлы” екеніне көз жеткізеді. Ал ауыз әдебиетіндегі еспе қайталау мұндай эстетикалық қызмет атқара алмайтыны белгілі. Немесе шешендік сөздер тұлғасымен тақпақ түрінен асып, көркемөнер мүлкіне айнала алмайтыны да аян. Яғни, Мағжан образды баяндау арқылы суреткерлік мұратына қол жеткізеді. Бұл игерілген көркем тәсілін ол әрман қарай да байыта, тереңдете түседі.

“Қорқыт”, “Қойлыбайдың қобызы”, “Батыр Баян” сияқты бір тума поэмаларының бұл бағыттағы биіктері, сөз жоқ, ақын шығармашылығының шырқау шыңы...

Романтик Мағжан сөйтіп қара өлең қуатынан суреткерлікке көтеріліп өлеңге реалистік арна салды. Мұның бәрі айналып келіп стиль мәселесіне ұласады. Оның сыр-сипатына, жанды қозғалысына сол мәселені түбегейлі зерттеу арқылы ғана қаныға аламыз.

Мағжан романтик қана емес, үлкен символист ақын. Ол осы тұста да кесек суреткерлік танытады. Символизм де әдебиет тарихы тәжірибесінде, ғалымдарымыздың түсіндіруінде көбінесе, ауыз әдебиетінің халықтық поэзия сұранысына тән тәсіл. Ал Мағжан шығармашылығында бұл көне түр ақынның көркемдік өрлеу кезінде пайдаланған бірден-бір тиімді тәсілдерінің бірінен саналады.

Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,  
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.  
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,

Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан – деген жолдар поэзиямыздағы сол кезеңнің реалистік бейнесі. Алайда Мағжанның көркемдеу тәсілімен тексерсек, ақын реалист емес, символист. Зұлмат заманның нақты суреті шамырқанған ақын шабытында қазақ әдебиеті бұрын білмеген бейнелілікпен беріледі.

Шындық иесі – данышпан. Ақынға жүрек сөзін жеткізу – парыз. Мағжанды да ақын еткен сол қасиетті шындық пен жанды-жансызға айрықша махаббатпен қарататын абзал жүрек әмірі еді.

Сол жүрек соңғы сағатында көп сұмдықты сезді. Халқымыздың көріпкел, көсем поэзиясы салтымен ақын бәрін де алдын ала айтып кетіпті. Алайда жазба өнер дүлдiлі өзiнiң поэзиядағы орнын еш ұмытпайды.

Сандалдық, алдың – боран, артың – тұман,  
Түк көрмей сәуле берер шырақ шамсыз.  
Бiлiмсiз ит наданның жеңгенi ме?

Буының қалтырайды болып әлсіз – деген жолдар да Мағжан қолтаңбасын жазбай танытады.

Мағжан – тыз етпе сезімнің емес, бауыры кең тұлпардай көсілетін арналы жүйеліліктің ақыны. Көңіл – күйдің ғана жыршысы емес, жоғарыда аңдатқанымыздай эстетика-философиялық концепциясы қалыптасқан ақын. Ақиқатты ол уысына шеңгелдеп қан ұстап тұрып айтудан тайсалмады. Сөйтіп барып ақын уақыттың үніне, тікелей тарихтың өзіне айналды. Сондықтан Абайдың “ұлы сия, долы қолы” Мағжанда мүлде басқа рең алады. Ақынның жан-тән күйзелісі лирика шеңберін үзіп, ұлы трагедияға ұласқандай. Енді Мағжанның жан түкпіріндегі жүрек сөзі боямасыз, ақтық сөзі боп ақтарылады. Өлең түрінен гөрі трагедиялық хал алдыңғы планға шығып, бар назарды өзіне аударады.

Қиналдың-ау шыбын жан,  
Тоқталсайшы ыстық қан!  
Зарлайсың ғой жетім боп,  
Бесікте қалған балапан.  
Бұл ана көкірегінің зары.  
Сүйек-сүйегі сәгіліп айтатын жоқтау.

Жиырма екі шумақтан тұратын “Жаралы жан” өлеңі 11 буынды қара өлең мен 7-8 буынды жыр үлгісін қатар өріп отырады. Авангардтық үлгіден бастап, қара өлеңмен аяқтайды. Ұзақ, сюжетсіз лириканың бітім-болмысы бір ізді емес, әр текті.

Соқпа сорлы жүрегім,  
Шірі өнді, ақ білегім!  
Мынау қарға құзғынның  
Бердің-ау, тәңірім, тілегін!  
Сауықшыл есіл елім-ай,  
Сарыарқа сайран жерім ай!  
Күмістей таза суы бар,  
Айдын шалқар көлім-ай.  
Сол жерде ойнап жүре алмай,  
Қарғаға құзғын жем болып,  
Қалғаным ба, бір алла-ай!?

Мағжан сезімінің шарықтау шегі бұл ұзақ өлеңнің орта тұсында орналасқан. Аңыраған аруананы ғана көзге елестетеді. Әрине, көркемдігі шындықпен өлшеніп, өлең-өнер өз апогеясына көтеріледі. Яғни, Мағжан эстетикасының танымы сан қырлы, көбінесе ол тек түршіл емес дәстүршіл. Сондықтан ол ХХ ғасыр көркем сөзінде Пушкинмен, Абаймен қатарласатын феномен әрі ренессанстық тұлға.

Жаралы құба жонда кім зарлаған?  
Қансырап қанын жұтып кім сарнаған?  
Қайғылы сар даланы күңіrentкен,  
Зарына адам шыдап тұра алмаған.  
Азамат! Анау қазақ қаным десең,  
Жұмақтың суын апар, жаным десең.  
Болмаса, Ібіліс бол да у алып бар,  
Тоқтатам тұншықтырып зарын десең!..

Бұл тұтас өлеңнің финалы. Қара өлеңнің Мағжан қаламынан түрленген жаңа нұсқасы. Концептуалдық мәселенің қай-қайсысында Абаймен бір өндік бойында тұратын Мағжан бұл жерде де Абаймен ұлы гуманизм тоғысында түйіскенімен, түр мәселесінде тағы да өз “дәмханасы” -өз стилімен бөлекшелене кетеді.

“Азамат, анау қазақ қаным десең” деген жолдан Абай лебі еседі. Мағжанның сол кездегі бас көтерген қазақ зиялыларына қарата айтқан бұл сөзі, алайда, көсемсөзден аулақ. Қара өлең құдірет-сарынын ешбір жүйрік жете алмайтындай деңгейге көтерген Мағжан Абайдың түпсіз шеберлік кілтінен іздеуден жалықпады.

Жүрегіммен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға,  
Қызыл тіл қолым емес кісендеулі

Сондықтан жаным күйіп жанады да.

Қара өлең бұрын соңды бұлай күңіреніп көрген жоқ. Қорқыт қобызының сарыны естіледі. Ал дәл осы буын өлшемінде жазылған, бірақ Мағжанның синтаксистік өзгерістер енгізген жолдары өзінің қара өлеңдік бір миссиясын өтей бермейтіні бар. Бұл кездейсоқ емес. Мәселен,

Жаралы құба жонда кім зарлаған?

Қансырап, қанын жұтып, кім сарнаған?

“Зарлаған”, “санаған” сияқты толымды ұйқас ырғақ туғызғанымен мұндағы сұраулы сөйлемге құрылған риторикалық өлеңнен гөрі қара сөзге бейім жолдардан нағыз қара өлең сарыны, әсіресе, әлгі Мағжан естірткен “үн” мүлде жоғалған.

Дүниедегі дүл-дүл ақынның көбі Шығысты шиырлады. Мағжан да көзін Шығыспен ашты. Алайда ол түркі әдебиеті қазынасын аз ақтармады. Әдеби текті жетік білді. Көп өлеңдерінің тақырыбы ғана емес, түріне де ол сол ізді таңбалауы тегін емес.

Көне түрік пен Шығыс ренессансы қиласатын тұстан шаң беруі Мағжан өлеңін кімнен де болса даралай түседі. Сондықтан түр мәселесіндегі Мағжан тұлғасы қазақ совет әдебиеттанудағы жалған-жасанды теория қалыбына сыя алмайды. Олай болса ғасырмен иықтас ақын шығармашылығын поэтикалық жағынан тарқату – бүгінгі әдебиеттаныммыздың кесек, ірі мәселесі.

Мағжанның 13-14 буынға шығып кетуі де осы бағыттағы ізденіс жемісі.

Күміс нұрлы Ай, Жұлдыздар – алмас, жібек жел,

Сыбырласып жас қайыңдар бұраң бел..

“Қан қайнады. Жас жүрегім ойнады,

Бір сүйейін! Жақында, жаным, бері кел!”

Қызығы – бұл жолдарды Мағжан бой алдырған поэзия үлгілерінің ешбіріне ұқсата алмаймыз. Абай, орыс поэзиясының табиғат шеберлері Фет, Тютчев алған “қамалдарға” да тікелей түрлік жақындық жоқ. Мағжан жанының табиғи бөлшегіндей бұл тым сезімдік дүние өзінің поэзия қуатымен де, соны өрнегімен де қатты ерекшеленеді.

Қара өлең ешқашан 13 буынға шыға алмайды. Ең алдымен, оның ырғағы бұзылады. Ұйқастың небір тылсымын тапқан Мағжан әрқашан өлең бойындағы жанды қозғалысқа ерекше мән береді. Мұнда да тамыры түркі жазбаларындағы көне грамматика нұсқасы тіріледі. Бүгінмен органикалық байланысқа түсіп, ой мен ой, бой мен бой жалғанады. Мағжанның ерікті ұйқасқа елеңдеуінде, тұлпар дүбіріне құлақ түруінде осындай ұлы мақсат жатыр. Иә, ол төрт құбыласын түгендеуге түйіліп-ақ еді...

БАҚЫТ КӘРІБАЕВА,

филология ғылымдарының докторы

Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2000. - №7.- 39-42 б.;

№8.- 35-39 б.; №9.- 25-29 б.

## М.ЖҰМАБАЕВ ЖӘНЕ СТИЛЬ МӘСЕЛЕСІ

М.Жұмабаевтың мәдениеттанушылық көзқарастарын ХХ ғасыр басында белең алған тұтас мәдени стиль аясында қарастырсақ, методологиялық жағынан дұрыс болады. Абайдың классикалық стилінен бірнеше дара стиль салаланып бөлініп шығып, жаңа дәуір стилінің негізін қалай бастаған болатын. Бұл дәуірдің өзі рухани өмірдің бүкіл саласын бір мақсатқа – білім беру, ғылым үйрену, өнеркәсіп игеруге жұмылдырған жалпы стилдік құбылыстан және бұдан келе-келе айырым дүниетанымға, бөлекше жазу қолтаңбасына ие суреткер қаламгерлер бөлініп шығатын жалқы стильдік құбылыстан тұрады. М.Жұмабаев шығармашылық, демек мәдениеттанушылық эволюциясында осы екі сатының екеуінен де өткен. Бұл екі сатыдан ол халықтың сана-сезімі үш нәрседен – діннен, ауызша таралған рухани мұрадан және өркениеттік мәдениет жетістіктерінен тұратынын анық түйсінген дара тұлға, дара стиль иесі ретінде тәрбиеленіп шықты. Бізде Мағжанның дара стилі әлі арнайы сөз болған емес. Ал бұл құбылыс ерекшеліктерін кезінде Ж.Аймауытұлы нақпа-нақ айтқан еді, олар: бейнешілдік, түршілдік, мәдениетшілдік және күншығысшы, ұлт ақындығы екендігі.

Сонымен, әрқандай ірі тұлға сияқты Мағжан Жұмабаев ең алдымен өзі өмір сүрген дәуірдің өкілі. Қазақ тарихының бұл кезеңі “Абай дәуірі” және “жәдидшілік қозғалысы” деп екіге жіктеуге келетін өзара желілес, сабақтас сатылардан тұрады. Бұл сатылардың сипатты белгілері ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамында дәуірдің бірегей мәдени стилін белгіледі. Ал әр дәуір, әр әдеби стиль үшін әдебиетте

сәйкес жанрлар, тиісті қалам иелері болады, әлгі жанрлар мен қалам иелерінің шығармашылығында дәуір және оның стилі неғұрлым бедерлі түрде көрінеді.

Мағжан Жұмабаев міне, дәуірдің мәдени стилін танытқан осындай бірегей тұлғалардың бірі.

Бірақ, бұл ақын бірыңғай дәуір стилімен тыныстады, соның қалыбынан шықпады деген сөз емес. Мағжан дәуірдегі күрмеулі мәселелерді, әсіресе әлеметтік, елшілдік мәселелерін көркем шындыққа айналдыру барысында өзіндік дара стильге ие болды. Мағжан Жұмабаевтың бұл қолтаңбасы өткеннің көркемдік тәжірибесін өзінше игерумен, сондай-ақ әлем мәдениеті жасақтаған игіліктерді өз шығармашылығының көрігіне салып, қорытып, пайдалана білудегі соны бітімімен ерекшеленеді. Осы ерекшеліктері оның шығармашылық жүйесінде бір жағынан мәдени стиль жасақтаушы бөліктер функциясын, екінші жағынан төл мәдениетті өзге мәдениеттермен үндестіруші қызметін атқарған.

Бұл тұрғыда М.Жұмабаев шығармашылығының этномәдени негізі айрықша мәнге ие. Ол қоғамдық прогресті, оған мәдениетті негіз етуді халық тілінен, төл әдебиеттен бастап, осы көзқарасты көркемдік принципке айналдырған қаламгер. Сөйтіп, ол қазақ мәдениетінің генетикалық нәрі ұлттық қайнарда жатқанын өз шығармашылығы арқылы дәлелдеді және ауыз әдебиеті үлгілерін әлеуметтік мақсатта пайдалана білді, фольклорды “пролеткультшілдікке”, жаппай берекесіз урбанизацияға қарсы қалқан етіп көтерді, эпикалық құлашты осы рухани уыздан үйренді, төл мәдениетін тануы, сол арқылы өзге мәдениеттерге көпір салуы, халық шығармашылығы – Мағжан үшін мәдениеттің ішкі моделі, “паттерн” (О.Шпенглер термині) болды.

Сонымен, Мағжан Жұмабаев шығармашылығында фольклорлық поэтикалық белгілер стиль жасақтаушы фактор түрінде көрінген ХХ ғасырдың 20 жылдарындағы бірден-бір қазақ қаламгері десек қателеспейміз. Екінші стиль жасақтаушы фактор - түркі “бағзы рәмізі” (прасимвол).

Мағжан “Тәңірі” этимонын қазақ жазба әдебиетінде бастапқы контекстінде алғаш пайдаланған қаламгер. Оның бірінші дүниежүзілік соғыс, Еуропа мемлекеттері арасындағы дүниені қайта бөлісу лаңының әсерімен жазылған “Пайғамбар” өлеңіне түркішілдік көзқарасы ықпал еткен. Өлеңде негізінен әдебиетте бұрыннан бар тақырып – пайғамбарлық пен ақындық арасындағы байланыс өзек болғанымен, Тәңіріні жарылқаушы емес, жарылқаушы деп танитын түркілік діни сана ізі үстем. Ал ХХ жылдары ол түркішіл бағытқа анық ойысады. “Алыстағы бауырыма” өлеңі – ұлт азаттығына жету үшін ең тура және үмітті жол түркі халықтарының бірлігі екендігін аңғартуымен түркі қауымының ыстық ықыласына бөленеді. Мағжан көзқарасы жағынан “тұраншылдық” бағытты ұстанды, “Түркістан” цикліне осы идеяны арқау етті. Жалпы түркішілдік дәуірдің “мәдени стилі” және осы аядағы М.Жұмабаевтың мәдениеттанушылық көзқарастарына қатысты түрде мәдениет жасақтаушы модель түріндегі көне түркі мәдениетін, мәдени үлгі түріндегі түркі өркениетін көрсетуімен құнды. Бұл ретте Мағжан ұлттық мәдениетті өркениеттен ажырата қарайды. Өркениет әкелетін сорақы салдарды ол Батыс және Кеңес өкіметі мысалында көрсетеді, оған ұлт мәдениетін негіз ету арқылы бірқатар моральдық-этикалық артықшылықтарға ие болып отырған түркі мәдениетін қарсы қояды. Ондағы сезімталдықты, сезімшілдікті, отансүйгіштікті, бейбітшілік мұратын, шынайылықты атайды. Осы және басқа да жақсы қасиеттерді түркі елі Батыс ұғымындағы биік философия емес, өзіндегі халықтық философия негізінде талдап жасағанын аңғартады. Шынтуайтында, бүгінде батыстық категориялар арқылы талданып жүрген “Шолпанның күнәсіндегі” жан диалектикасы, ішкі психологиялық саралу, “экзистенциалистік” аталатын сана рефлексиялары Мағжан сырттан күшпен тасып әкелген амал емес, түркілік мораль философиясынан, соның ішінде отбасы мораліндегі “бақ” (береке) ұғымынан туындайтын ұстаным деу жөн. Түркі тарихындағы қағанаттарға тән империялық сананы ол қабылдамайды, ақынға түркі дүниетанымының жұлын-жүйесі тәрізді шоманизм, прасимволы секілді Қорқыт ата бейнесі жақын. “Қорқыт” поэмасы осы философияны әлемдік ислам дінімен тайталас драматизмге бөлеп көрсететін дүние болса, “Қойлыбайдың қобызы” адам өлсе де, өнер өлмейтінін ұқтырады. Осы арқылы өзінің де өмірін көрге айналдырушыларға кекті наразылығын білдіреді. “Қорқыт ” поэмасын “өмір-өнер” аясындағы Шеллинг қағидасында ғана қарастыру қате көзқарас.

М.Жұмабаев шығармашылығы – мәдениеттер үндесуінің (диалог) жарқын үлгісі. Мағжанда мәдениеттер келісетін де, келіспейтін де тұстар баршылық. Мұның өзі заңды да. Әсіресе синкреттілігі, өзге мәдениетті өз ішінде қайта қорытып алуы жағынан түркі мәдениеті өзгелерден айырым тұр. Исламның суфизм бағытының қазақ бақсылығымен контоминациясын да осы тұрғыдан бағалау керек. Бұл кірігу Мағжан шығармаларында, әсіресе оның лирикасында күшті көрінеді. Оның лирикасын романизм, символизм тұрғысынан қарастыра бермей, шығыспен байланысы жағынан қарастыру – алдағы міндеттің бірі.

Түйіп айтқанда, М.Жұмабаевтың мәдениеттанушылық көзқарастарын үш мәселенің төңірегіне топтап қарастырған тиімді көрінеді, олар:

1. Ұлы суреткердің шығармашылығын, дәуірдің мәдени стилі проблемасының аясында алып, оның дара стилінің қалыптасу процесін саралап салмақтау;



2. Ақынның көркемдік дүниетанымы мен ізденістерінің халықтық рухани мұрасынан тамыр тартудың, яғни олардың этномәдени негізін жан-жақты ашып, айқындай көрсету;

3. Бүкіл әлемдік ауқымда ойлайтын қаламгердің туындыларындағы мәдениеттердің үндесін, мысалы “батыс-шығыс” мәдени парадигмасының белгі-бедерлерін танып-түстеу және талдап таразылау.

Міне сонда ғана Мағжанның мәдениеттанудағы орны оқшауланып шығады.

И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ.

Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2000. - №10.- 43-45 б.

## М.ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақ қоғамында орын алған дауылды сілкіністер мен дүбірлі серпілістер заманы қалың жұрттың арасынан айрықша білімдар, аса білікті жандардың үркердей шоғырын іріктеп шығарады. Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы секілді аға буын арыстардың ізін басқан талантты топтың ішінен жұлдызы жарқырап көрінгендердің қатарында Мағжан Жұмабаевтың да болғандығы баршаға белгілі.

Сөз жоқ, Мағжанның бүкіл қоғамдық, қайраткерлік және қаламгерлік қызметінің мәнді мәйегі, жанды жиынтығы, ең алдымен, оның ақындық шығармашылығынан айқын аңғарылады. Ұлттық поэзияның көрнекті өкілінің халқымыздың мәдени таным-түсініктері мен талғамының көкжиегін кеңейтіп, келбетін көркейтудегі орасан еңбегін де осы тарапта талдап-таразылаған абзал.

Өзінің үзеңгілес зиялы замандастары сияқты, М.Жұмабаев та Шығыс пен Батыстың руханиятынан тең дәрежеде сусындап, одан танып-түйсінгенін туған топырағының тереңіне тамыр тартқан дәстүрлі дүниетанымдық ұстындармен жарасымды байланыстыра білді. Осы орайдағы тынымсыз да табысты ізденістері оның поэзиялық туындыларында керемет келісім мен үрдісті үлгілерге толы құйылыс тапты. Отызыншы жылдарға қарай Мұхтар Әуезов: “Мағжан – культурасы зор ақын”, - әділ бағасын берсе, күні кеше Ә.Тәжібаевтің: “Мағжан культурасының биіктігі бүгін де оқшау тұр”, - деген тұжырымға тоқтауы жайдан-жай болмаса керек. Шындығында да, Жұмабаев жырларының ә дегеннен, назар аудартатын сара сипаты оның “культурасында”, яғни жан-жақпен ұштасқан мәдени өрісі мен өресінде бедерленіп жатыр. Сондықтан, М.Жұмабаев поэзиясының дүниетанымдық ая-астарын диалогизм принциптеріне негізделген мәдениет концепциясының ауқымында қарастыру қызықты да құнды нәтижелерге жетелейді.

Осы тұрғыда ойласақ, ақын тіршілік кешкен тұстағы шығармашылығы шыңдалған шақтағы, қазақ қауымында байырғы көшпенді мәдениет пен көп жағдайда күшпен таңылған отырықшы мәдениеттің өзара қауышу мен қақтығысу процестері, яғни, “екі мәдениеттің диалогы” қызу жүріп жатты. Ұлт тағдырындағы мұндай күрделі, көкейтесті “шекаралық” жағдай Мағжан өлеңдерінде көркемдік шешімін таппай тұрмады. Мысалы, оның дала мен қала арасындағы қарама-қайшылықты суреттейтін “Айда атыңды, Сәрсембай”, сондай-ақ, қазақтың “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманын” аңсау бағытында және түрікшілдік сарынында жазылған романтикалық жырларында (Өткен - аяулы, “Түркістан”, т.б.) мұның белгілері идеялық-эстетикалық синтез күйінде көрінді. Ж.Аймауытовтың айтуынша, көшпелі дәуірдің рухын айнаға түсіру кезінде – “Мағжан мәдениетшіл романтик болып отыр”. Бұл бір.

Екіншіден, мұсылманшылық мәдениетіне көзқарасын сараласақ, Мағжан діни схоластикаға және оның жаттанды канондарына бір табан жақындамайды. Ақынның исламға деген қарым-қатынасын, дау жоқ, сол кезеңдегі ілгерішіл мәдени ағым – жәдидшілдіктің арнасында бағалап-байыптаған жөн. Сонда Мағжан шығармашылығының Шығыспен ғана емес, туыстас түркі халықтарының руханиятымен қалай тамырласып жатқандығының қыртыс-қатпарлары өз құпиясын танытпақ.

Мәселенің үшінші жағы, Жұмабаев поэзиясынан тайға таңба басқандай анық аңғарылатын символизм ықпалына байланысты. Негізінен неміс ойшылдары А.Шопенгауэр мен Ф.Ницше жасаған философиялық концепцияларға арқа сүйеген бұл әдеби құбылыстың батыстағы Ш.Бодлер, П.Верлен, С.Малларме, Э.Верхарн, Ресейдегі К.Бальмонт, Д.Мережковский, В.Брюсов, А.Белый, А.Блок тәрізді көрнекті өкілдерімен қатар, Мағжан да қазақтың көркемдік ой жүйесіне бұған дейін болмаған тың, таңсық өрнектер мен өзгерістер дарытты. Оның жыр әлеміне орыс философы әрі ақыны В.Соловьевтың де әсері аз болған жоқ. Бірақ Мағжан ізашарларына жалаң еліктеуші емес еді; ол символизм жетістіктерін төл топырағының өз табиғатына лайық бейімдеу арқылы ғана теңдесіз шығармаларын тудырды. Ақын

туындыларындағы жаңаша жырланған өмір мен өлім мотиві, ғашықтық тақырыбы сол еуропалық мәдениеттің қайнарынан бастау алатын ақиқат. Кейін атақты “Алқа” әдеби платформасын жасаған тұста да Мағжанға дүниежүзілік мәдениеттен кеңінен хабардарлығы көмегін тигізгендігі күмәнсіз.

Ғасыр басында ерекше жедел қарқынмен өрбіп-өрістеген аккумуляция процесі әр ұлттың ғаламдағы өз орның, өз болмысымен бағдарын айқындау тенденциясын да күшейтті. М.Жұмабаевтың ағартушылық қызметі мен шығармашылық еңбегі де қазақтың ояну дәуірінің ауқымында толықтай танылды. Оның 1911 жылы жарық көрген “Жатыр...” атты алғашқы өлеңдерінің біріндегі:

Сезінбей өзінікің, өзгенікің,

Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр, -

деген жолдардың өзі-ақ оның “өз” бен “өзге” проблемасын, яғни “мәдениеттер диалогы” мәселесін ұлттық тұрғыдан түсінгендігін білдіреді. Бұл сарын ақынның шығармашылық сапарының өн бойына алтын арқау болып тартылғандығы талассыз.

Сөйтіп, М.Жұмабаев – қазақ мәдениетінің тарихында орны әрқашан оқшау тұратын ренессанстық тұлға.

И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ,  
Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2000.- №7. - 43-44 б.

## “ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ” ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ

Көркем прозадағы реалистік шындыққа негізделген психологиялық талдау тәсілі адам характерін жан-жақты ашып, оның жан дүниесінің қыртыс-қабаттарын толық қамтуды талап етеді. Осы орайда М.Жұмабаев өз кейіпкерлерінің жеке тұрмыстағы әдет-дағдыларын нақты бейнелейді. Әңгімедегі Шолпан бейнесі Сәрсенбай арқылы, көршісі Нұржанның отбасы арқылы айшықталып, Шолпанның ақ-қараны ажыратуына ықпал етеді.

Өйткені әдеби психологизм кейіпкердің өмір тәртібінің қарама-қайшылығынан басталады. Сәрсенбай әңгімесінің арасында жай сөздің екпінімен: “Балалы үй – базар, баласыз үй - мазар” деген сөз ып-рас-ау” дегенде, Шолпанның басына жаңа бір ой жарқ ете түсті: “Үш жылдан бері балам болмасын деген тілегінің қате болғанда да есалаң екендігі, бала болмаса екеуінің өмірінің қу мазарға айналатындығы” еді (1,96). ... Міне, осы ойлардың бәрі сол сағатта ап-айқын боп Шолпанның көз алдына келеді. Сонымен бірге әңгімеде Шолпан, Сәрсенбай бейнелері өздеріне тән тіршілік қарекетімен, сезім-толғанысымен, тағдыр-талайымен көзге түседі. Оларды автор көбіне ішкі монологпен, кейде портреттік мінездеме арқылы сипаттап отырады.

Грек халқының ұлы философы Аристотель жан мен тәннің бірлігі хақында “Меніңше, адам жанының барлық құбылысы тәнмен байланысты: наразылық, момындық, үрей, қайғыға ортақтасу, ерлік, қуаныш, махаббат пен жек көру сезімдерін дене де бастан кешіреді” (2,373) деп пайымдайды.

Әңгімедегі Шолпан образы көркемдік тұрғыдан ұтымды да әсерлі шыққан. Мысалы, “Сәрсенбай балалардың төтті қылықтарын күле сөйлеп, ұзақ әңгіме айтты. Төсекте жатып ол шын ынтасымен қарқ-қарқ күлгенде Шолпан да бірге күлді. Бірақ, бұл күлген Шолпанның жаны емес, бет терісі ғана еді” (1,96). Бұл сөйлемде Шолпанның сезім әсері, психологиялық хал-жағдайы бірден көзге түседі.

Қиналып-күйзелгені “Шолпанның жаны емес, бет терісі ғана еді” деген фразадан байқалса, екіұшты ойдың шырмауында қалмай, өз ішкі сезімін сездірмейтіндігі “Шолпан да бірге күлді” деген хабарлы сөйлемнен байқалады.

Осы қысқаша портреттік мінездемеден мынаны байқауға болады: М.Жұмабаев адамның тек іс-әрекеті ғана емес, оған жалғас түрде беріліп отыратын кейіпкердің кескін-келбетіндегі өзгерістерді де сырт қалдырмайды.

Сондықтан, Шолпанның кескіндемесі психологиялық жағынан нанымды шыққан.

Әрине, көркем әдебиетте кейіпкерді сұлу мүсіндеу – қиынның қиыны. Өйткені, оның кескіндемесінің сана әлеміне тікелей қатысы бар: жан қозғалысының қараңғы қалтарыстарын, жүректің нәзік дірілін, бір тоқтамға келе алмай, өзімен-өзі арпалысып қиналғанын, яғни, жан-сезім құбылыстарын сыртқы көріністермен қоса қабат бейнелеу өте ұтымды. Автор осы тәсілді Шолпан образын сомдағанда шебер пайдаланады. “Бірақ Шолпан анау ойлармен уланып, кірпік қаққысы жоқ. Қыстың ұзын түні шайтанның шашындай ұзайғаннан ұзайды. Шолпанның ойлары да тереңдегеннен тереңдеп, қарайғаннан қарайды... Күншығыстан ағарып алтын таң атып келе жатқанда Шолпан болар-

болмас күбірлеп: “Жасаған-ау, бала бере көр!” – деп, жас балаша өксігін баса алмай, жасағаннан бала сұрап жатыр еді” (1,97).

Мәселен, Шолпанның “Ойлармен уланып”, “қарайғаннан қарайды”, “Жасағаннан бала сұрап жатыр еді” деген сөйлемдерде алай-түлей боп жатқан сезім дауылын аңғартса, “болар-болмас күбірлеп”, “жас балаша өксігін баса алмай” дегендерден Шолпанның бет құбылысын, буырқанған жан дүниесінен хабар береді.

Мағжанның әңгімесіне тән қасиет – шығарманың қаны тамған, тіпті дәрекілеу болып көрінетін натурализмге төтеден бір-ақ тартып кететін тұстары.

Сыланған сұлу келіншек алғаш перзент әуресінен қашты, кейін тәубасына келіп, жалбарынып, құдайдан бала сұрады. Бірақ, құдайдың мерейі қатып қалған ба, қалай, намаз оқып, таспық тартып, пірөдарлық жолға түссе де, әйелдің тілегін бермеді. Кейіпкерінің сол күйзеліс сәтін автор бүкпесіз, ашық суреттейді.

“Жоқ, бала болудың кілті көкте емес, адамның өзінде шығар... Шолпанның бұл күнге дейін бала көтермеуі... Оның шын әйел бола алмағандығынан шығар. Ерімен жатқанда, барлық қазақ әйеліндей қаннен қаперсіз жай бір жұмыс істегендей салқын жатуынан шығар. Ерімен қосылғанда сол қосылу ісіне жан денесімен беріле білмеуінен, оның құшағының жалыны әлсіз болғандықтан шығар...” (1,99).

Бұдан әрі Мағжан қысылып-қымтырылмайды, тіке тартады: “Осы әрі тәтті, әрі улы ойлардың билеп айдауымен Сәрсенбайға жатқанда, тіпті, екінші түрлі жата бастады. Денесі өртке, құшағы жалынға, аузы отқа айналды. Сәрсенбайдың қойнына жата бастағанда мойнына бұғалық түскен киіктің асау лағындай, өмірінде ер затын бірінші рет көретін он үш жасар қыздай дірілдеп, күйіп-жанатын болды. Құшақтағанда Сәрсенбайдың қабырғаларын бір-біріне қабыстырғандай, қысып-қысып құшақтайтын болды... Аузынан Сәрсенбайдың от жібергендей құшырланып, жалындап сүйетін болды” (1,99).

Кіршіксіз көңілге құрт түсті. Әйел енді тағдырды өзі алдамақ болды. Енді осы арада Шолпанның бар қылығы құдайдан перзент сұраған әйелдің ісі ме, әлде нәпсі қызығын күткен сезімтал жанның құмарлық құшағына ене берген күнәһар сәті ме? Оған автор анық жауап бермейді. Ақ босағаны арамдықпен былғайтын жігіт қылығы тым жиіркенішті болмасын дегендей, Мағжан тағы да ақындық суреткерлікке жүгінеді: “Түлкі алған жас тазыдай екі иінінен демін алып, жалма-жан шешініп, Әзімбай көрпеге кіріп келе жатыр” (1,164). Байқайсыз ба, Әзімбайдың қылығы ұябұзар ұрлық емес, түлкі алған жас тазының қызығы. Мағжан кейіпкерлерін ұға біледі, ақын кейіпкерлерін аяй біледі. Іле-шала шыншыл реализм де, тіпті табиғи натурализм де бой көрсетіп қалады: “Оның іздегені отты, жыңды құшақ емес, бала! Бала екенін білдірмекші еді, Әзімбайды өз қасіретіне ортақ қылмақшы еді... Бірақ Әзімбай еш тыңдаған жоқ. Қоян қуған төбеттей көрпеге кіргеннен-ақ аласұра бастады. Бірауыз сөзге келместен Шолпанның денесін умалай бастады” (1,164). Мағжан шығармасын аяқтарда қою бояудың трагедиялық нотасын аямайды. Шолпанның қазасы... Тепкілеу, ұрып-соғу, аяғы ауыр ананың ыстық тәнін тастай сумен қорлау... Бұл сәтте Мағжан натурализмге түгелдей берілмей, көркемдік тәсіл таба білген. Жантәсілім етіп жатқан әйел: “Балам қайда? Әлгі неге келіп бір көріп шықпайды? – деді де, көрпенің бұрышын құшақтағандай болып, ерні беу-беу деген қимылдап, сұлқ болып тағы талып кетті...” (1,110). Өліп бара жатып, ана баласын ойлады. “Әлгі” дегені - Әзімбай. Әзімбай енді көңілдес емес. Тән ермегі емес, жүрек қалаулысы. Енді Шолпанның нәрестесінің әкесі. Өліп бара жатқан әйелдің санасына жастық шағы орала береді. Шолпы сылдыры, сүйіп қосылған жары Сәрсенбай...

Шығарманы оқып шыққаннан соң нәзік жанды оқырман дүниеден түңіліп кетпесін дегендей, Мағжан: “Күнмен таласа Шолпан да өмірмен қоштасты” дейді. Шолпан сөнді. Шолпан батты. Бірақ күн көтеріліп келе жатқан жоқ па?!

“Адамның сезім күйін, толғанысын, қуаныш, қайғысын барлық қайшылығымен, “жан-дүние диалектикасын” терең ашып бейнелеудің үлгісін Л.Толстой романдарынан айқын көреміз. “Анна Каренина” романындағы терең психологизм кейіпкердің ішкі сезімінің нәзік иірімдерін, құпия сырларын әсерлі суреттеу адам мінезін асқан шыншылдықпен нанымды көрсетуге мүмкіндік береді. Жеке адамның “жан дүние диалектикасын” ашып беру арқылы жазушы қоғамдық өмірдің қайшылықтарын, адамгершілік пен қатыгездік қақтығысынан туған трагедиялық жағдайды әсерлі бейнелейді” (4,279). Міне, жанры жағынан біз “Шолпанның күнәсін” әңгіме қатарына жатқызамыз. Жан әлемінің құпия сырларын саралау әңгімеде кездесіп отырады. Бас кейіпкер Шолпан - әр түрлі сыртқы жағдайлардың және ішкі толғаныстардың нәтижесінде үнемі өзгеріп, дамып отыратын характер. Мағжан сол өзгерістерді жан диалектикасын қырағы қадағалау жолымен көрсетеді. Осының арқасында бала көтеру сияқты қарапайым тақырып биік адамгершілік өреге көтеріліп, адамның құлықтылығы, бас бостандығы мәселелеріне айналады. Шолпан сүйгеніне қосылады... Ондай бақыт кез-келген қазақ қызының маңдайына ол кезде біте бермегенін де автор ескертіп өткен.

М.Жұмабаев өз кейіпкерлерінің психологиялық құбылыстарын экспрессивтік қозғалысымен,

сыртқы портретінің кейбір деталь-штрихтерімен байланыстыра сипаттайды. Басты кейіпкер Шолпанның сыртқы кейіп пішіні оның ішкі жан-құбылысының тікелей құбылысының тікелей көрінісі болып табылады.

“Шолпанның күнәсі” әңгімесінің осындай қасиеттері Мағжан Жұмабаевтың психолог-жазушы екендігін айқындай түседі.

БАЯЗИ ӘБДЕШЕВ,  
Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2000.- №3.- 43-44 б.

## МАҒЖАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Мағжан қазақ әдебиетінің қалыптасуында ежелгі сақ, ғұн, түрік, қыпшақ дәуірімен бастау алған ауыз әдебиетінің рөліне ерекше ден қойған. Халқымыздың аса бағалы рухани байлығы деп бағалап, оны сақтауға айрықша мән берген. Бұл ойымызды ақынның мына пікірлері де бекіте түсті: “Өткен дәуірдегі теңіздей тұңғық әдебиетіміздің бізге бұл күнде адасқан ұшқындары, тентіреген тамшылары ғана жетіп отыр. Көбі, көбі болғанда ең сұлулары ұмытылған, желдей ескен жыраулармен бірге топыраққа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз түн айтылатын Қобыландылардың ауызда адасып, азғантайы ғана қалған. Талай күндерге созылған ертегілердің басы қайырылып, аяғына жетіп, шоп-шолақ болып қалған. Талай жүйріктердің тұңғық таза толғаулары – араб, парсы, сарт-сауанның сөздері араласып, балдыр-батпаққа айналған..

Бірақ, талайлар ұмытылып қалды деп қанша өкінгенмен, әлде болса да ауызда аман қалған әдебиетіміз, бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Алдымен сабақты шеттен емес, өзінен алуға міндетті. Негізі берік өз еліміздің әдебиеті боламын десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті”.

Бұдан Мағжанның халық ауыз әдебиетін өз шығармаларында пайдалану себебі айқындалады. М.Жұмабаев фольклорлық мұраны жинаумен өзі тікелей айналысқан. Мәскеуде жоғарғы әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүрген кезінде, батырлар жырының көп томдығын құрастырып, кіндік баспаға ұсынады. Бірақ әлдебір себептермен баспа бетін көрмей қалған. Ол еңбек оқырмандарына Мағжан қолымен әлі жеткен жоқ.

Сонымен қатар, Мағжан балаларға арнап – “Молда мен серке”, “Түлкіден де қу бір қаз” деген екі ертегі, тоғыз жаңылтпаш, он екі жұмбақ жазған. Мағжанның бұл еңбектері 1927 жылы “Балаларға тарту” атты кітапқа енген ақынның 1989, 1995 жылдары шыққан екі жинағында кірмей қалған.

Мағжанның көзі тірі кезінде жарық көрген бұл еңбектері, сол кезде-ақ халық арасына кеңінен тарап кетеді де, кейін Мағжан ұсталып, атылып кеткеннен кейін, жаңылтпаштары мен жұмбақтары “халықтікі” атанып мектеп оқулықтарына енеді. Соның бірі:

Әй, Тайқарбай,

Қойыңды Майқараға жәй, Тайқарбай

деп басталатын жаңылтпаш.

Басса ізі жоқ,

Бауыздаса қаны жоқ

деп айтылып жүретін жұмбақ. Бұл жұмбақ күні бүгінге дейін атадан балаға, немереден шөбереге мұра болып, ауыздан-ауызға көшіп айтылып келеді. Рас, уақыт жұмбақтың айтылуына, жауабына, өзгерістер кіргізбей қойған жоқ. Мұның бір себебі, жұмбақтың авторының кім екендігін біреулер белгілі орындарға айтып қояр деп қорықса, енді біреулері жұмбақтың айтылуына жауабын ыңғайлап өзгертуі де ғажап емес. Бұл жұмбақтың әуелгі нұсқасы – “Басса ізі жоқ, сойса қаны жоқ” деп берілген. Бірақ келе-келе ел аузында жоғарыда айтқанымыздай өзгеріске ұшырайды да, жауабы – “қайық” деп те, “көлеңке” деп те айтылып жүрген. Шындығында жұмбақтың әуелгі айтылуынан гөрі, соңғы, өзгеріске түскен мазмұны да, жауабы да оралымды болып шыққан. Олай дейтін себебіміз, қара шыбын союға келмесе де, мыжыған кезде қан шығатындығына көбіміз куәміз. Ендеше жауабының “қайық” болмаса “көлеңке” болуы жарасымды-ақ. Мағжанның:

Көк көйлекті жеңешем,

Көлбең-көлбең етеді.

Жер түбіне жетеді.

(Түтін)

деп келетін жұмбағы да халық арасында күні бүгінге дейін айтылып келеді. Неге екендігі белгісіз тек

оның соңғы жолы айтылмайды. Бұл да шамасы авторын жасырудан, болмаса әуелгі нұсқасының ұмытыла бастағандығынан болса керек.

Сондай-ақ Мағжан халық арасындағы ақын жыраулардың еңбектерін де жинап, оны оқырмандарына таныстырумен де айналысқан. Оны-“Базар жырау”, “Ақан сері”, “Әубәкір ақсақал Диваев”, “Наурыз” туралы мақалаларынан да байқаймыз. Базар жырау туралы мақала жазу себебін былай білдіреді: “Бейкүнә” ұмытылып бара жатқан ақындардың біреуі – менің бір-екі сөзбен таныстырайын деп отырғаным Базар жырау деп айта келіп, оны не үшін өзіне құрмет тұтатынын төмендегіше білдіреді: “Шерлі елдің шын баласы ғой Базар. Өз шерін толғап отырып, елдің шеріне түсіп кетеді. Кешегі көкжал Кененің ер ұлы Сыздық “елім” деп жортып жүріп, Шөмекей ішіне барса керек. Сонда Сыздық бастаса гәуірден құтыламыз деп жалпақ елмен бірге Базар жырау да қуанғанға ұқсайды” - дейді.

Қазақ ауыз әдебиетін жинап, оны орыс тіліне аударып, баспасөз беттерінде жариялап, сіңірген еңбегі үшін Диваевқа деген шексіз алғысын білдіре келіп, оны қазақ оқырмандарымен былай таныстырады: “Әубәкір ақсақал қырық жыл бойына қазақ-қырғыз елінің ауыз әдебиетін, жол-жорасын жинаған. Елдің елдігін сақтайтын - әдебиетті, тарихы, жол-жорасы, Қазақ-қырғыз елінің ел болуын тілеген Әубәкірдің әдебиет, жол-жора жинау жолына кіруінің мәнісі осы. Әубәкір ақсақалдың қазақ-қырғызға қымбаттылығы өткен еңбегінің ұшан теңіздігінде емес, адал ойлы қамқор болуында”...

Мағжан қазақ ауыз әдебиетінің небір тамаша үлгілерін жинап бастыруда ұлан-ғайыр еңбек сіңірген, белгілі фольклорист Г.Н.Потанинмен жақын қарым-қатынаста болған. 1917 жылы, 21-28 июльде Орынборда өткен Бүкілқырғыздардың съезіне, Мағжан – Ақмола облысынан, Г.Н.Потанин Семей облысынан депутат болып қатысады.

Ал Мағжанның фольклорға баруына тағы бір себеп ретінде, М.Әуезовтың мына пікірін келтіргендігіміз жөн секілді: “Халық бір түрлі тұрмыстан екінші бір тұрмысқа көшкен соң, бұрынғы қолданған әдет-ғұрып, түрлі рәсімдер тотыға бастайды. Бұрынғы сауықшыл кездегі ауыздан-ауызға көшіп жүрген өлең, жыр, тақпақ, мақал, айтыс өлеңдер сияқты халық әдебиеті жойыла бастайды. Екінші, бөгде отырған халықтармен кәсіптері бір, қатынасы мол болған соң, олардың салттары да зор әсер беріп, бұрынғы тұрмысты үсті-үстіне толықтырады. Кейінгі жаңа буынның жастары көршілес халықтың салтын әуес қылып қолдана бастайды. Содан көрші отырған халықтың түрлі рәсімдері, өлең жырлары тарала бастайды. Осы ретпен халық бұрынғы кездегі салтынан, қолданып жүрген халық әдебиетінен айрылады”.

Фолклорды пайдаланудың үшінші себебі – халық ауыз әдебиетін халықтың санасын оятып, сол арқылы әлеметтік орта мен қоғамдағы орын алып отырған келеңсіздікке қарсы күресетін құрал деп түсінді. Яғни әдебиетте ой айтуда жаңа үлгі іздеуінің нәтижесінде, Мағжан поэзиясы мен фольклордың арасындағы байланыс нығайып, Қазақстанда жаңа қоғам орнау кезінде ерекше күш алған, әрі әдеби үлгі іздеген. Оны біз ақын шығармаларының әр қырынан байқаймыз. Оған бір ғана мысал – “Жаралы жан” өлеңінде жоқтаудың ырғағын қоғамдағы жіберіліп отырған кемшілікті ашып көрсетіп, оны кінәлеу үшін пайдаланғандығынан аңғарамыз. Ал ақынның 20-30 жылдар аралығында жарық көрген “Батыр Баян”, “Оқжетпестің қиясында”, “Қорқыт”, “Қойлыбайдың қобызы”, “Ертегі”, “Қанышбай қисасы” поэмалары арқылы, қазақ әдебиетінің генетикалық нәрі ұлттық қайнарда жатқандығын дәлелдейді. Осы жылдар аралығында Мағжан шығармаларының бай қазынасы жасалса, мұның өзі, ауыз әдебиетінің беделін көтеруде пайдасын аз тигізген жоқ. Мағжанның фольклорды пайдалану әдісін шығармашылығының дамуы, қалыптасуына байланысты екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – 1920 жылға дейінгі, екінші кезең – 1920 жылдан кейінгі кезең. Бірақ сөз жоқ, бірі екіншісінің дамытылған, жақсара түскен жалғасы. Ақынның 20-шы жылдарға дейінгі өлеңдерінде халық ауыз әдебиетінің кіші жанрлары мен ислам дінінің және Шығыс әдебиетінің ықпалынан туған теңеулері басым келеді.

Екінші кезеңінде төл әдебиетімізбен бірге өзге елдердің әдебиетінің озық жақтарынан үлгі ала отырып, қазақ әдебиетін жанрлық жағынан байытады. Халық арасында Ескендір жайында түрлі аңыздар, әпсаналар, хикаяттар өте ерте заманда пайда болған. Антика әдебиеттерінің өкілдері: Плутарх, Курций Руф, Диодар, шығыста: Фирдоуси, Низами, Навои мен Жәми қалам тартқан. Қазақ ақындарының арасынан алғашқы болып, Ескендірге байланысты аңыздарға шығарма жазғандар Абай мен Мағжан. Абайдың поэмасында Ескендірдің тойымсыздығымен әлемді жаулағаны сөз болса, Мағжан оның айтылмай қалған ойын әрман қарай өрбітеді. Ескендірдің екі мүйізі жайындағы сюжетті өлеңіне арқау етеді. Біздің шамалауымызша ақын жоғарыдағы біз айтып өткен антикалық әдебиеттер мен шығыс ақындарының еңбектерін зерделеп оқыған. Олай дейтініміз, Ескендірдің арақ құмарлығы мен жаратылысындағы шапшаң ашуланшақтығы, грек әдебиетінің өкілі Плутарх шығармасында ғана кездеседі. Ендеше қазақ суреткерінің өз өлеңінде оны арақ құмар етіп бейнелеуі, біріншіден тарихи бейнелеу болса, екіншіден оның жаман мінезін заман талабына жақындату. Патшаның ішкіштігі құпиясының ашылып, елге тарап кетуіне себепкер болады. Шараптың қызуына балқып отырып

төбесіндегі екі мүйізін көріп қойған шаштаразды өлтірмей жібере салады. Нәтижесінде патшаның сыры шаштараздың ауызы жеңілдігі себебінен елге тарап кетеді де, жаулары оны атып өлтіреді...

Ертеде ерте күндерде  
Ескендір атты хан болған.  
Бесіктен көрге кіргенше,

Көргені қызыл қан болған – десе, енді бірде, жақсы болсын, жаман болсын тарихта өз орны, өзіндік ерекшелігі бар ірі тұлға ретінде бағалайды. Оның келер ұрпаққа да солай жетуін қалайды...

Біз Мағжан Жұмабаев поэзиясының ауыз әдебиетімен байланысын зерттей келе, өлеңдерінің, мақалаларының дәстүрлі фольклормен тығыз байланысты екендігін анықтадық. Өлеңдерінен халық әндерінің әуені; эпикалық сарындарды, ертегінің, мифтің ізін немесе халықтық наным-сенімдерді, жоқтау, мақал-мәтел, салт-дәстүр шешендік сөз үлгілерін байқадық...

Фольклорды пайдалануда Мағжанның сол кездегі өзімен тұтас ақындарға ұқсамайтын басты ерекшелігі болды. Мағжан фольклорға “төменнен қарады”. Мағжан фольклорлық сюжеттерді халық аузында айтылып, халық санасында сақталған дайын күйінде пайдаланған. Оны тек әдебиетпен қоршап, көркемдеп, әшекейлеп берді. Мағжанның фольклорды бұлайша пайдалануы – Пушкиннің фольклорды пайдалану әдісіне келеді. Сондықтан да Мағжанды орыс ғалымдарының “қырғыздың Пушкині” деуінің бір сыры осында емес пе екен деген ой келеді.

Зерттеу барысында Мағжан фольклорды жазба әдебиетінде пайдалануда, алдына екі түрлі мақсат қойғандығы айқындалды. Бірінші, ол қазақ халқының асыл қазынасын келешек ұрпақ үшін, тарих үшін қажет дүние деп ойлаған. Екінші, халқымыздың өткен тарихын жазба әдебиетте жырлап беруді, азаматтық борышым деп санаған. Батыс, Шығыс, орыс әдебиеттерінен үлгі ала отырып, суреткер өзін қоғамнан, халқынан бөле алмаған. “Бағыты бір бола тұра әркімнің өз тарихы сөйлейді, біздің ой-қиялымыздан азиаттық иісіміз жан-жағымызға тарамасы еш мүмкін емес”- деген пікірін дәлелдеген. Ата-бабамыздан мирас рухани байлыққа атүсті қараудан сақтандырған.

БАҚЫТКАМАЛ ҚАНАРБАЕВА,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жырымен жұртын оятқан.- Алматы: Ана тілі, 1998.

## МАҒЖАН ЖӘНЕ КОММУНИСТІК ИДЕОЛОГИЯ

Қазақстанды отарлап алған Ресейде коммунистік идеология XIX ғасырдың аяқ шенінде жайыла бастады. Ол алғаш маркстіл үйірмелер арқылы жұмысшылар мен студенттер арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. 1898 жылы шетелде Ресей патшалығының қоғамдық-саяси өміріне үнемі қатысып келеді. 1917 жылға дейін біресе жасырын, біресе ашық саяси күрес жүргізген орыс коммунистері сол жылдың 25 қазанында елдегі үкіметті бір түнде басып алып, 74 жыл бойы әлемнің алтыдан біріне хакім болды. Осы оқиғалар тұсында өмір сүрген және адам қауымдастығындағы өзгерістерге өзінің қарым-қатынасын білдіріп отырған Мағжан да коммунистік идеология жөніндегі пікірлерін жасырмаған.

Мағжанның жекелеген өлеңдерінде, қара сөздерінде бұл бағыттағы ой-пікірлері ашық айтылған. Әсіресе, кеңес өкіметі зорлықпен орнағаннан кейін Мағжан коммунистік идеологияны, оның беталысын сезіне бастайды. Большевиктердің өкіметті басып алуы, қазақ оқығандары үміт еткен Құрылтай жиналысының күшпен таратылуы, өкіметті басып алғанша барлық ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын береміз деп алдаусыратып келіп, іс жүзінде ұлттар бостандығына тыйым салған жаңа коммунистік өкіметті Мағжан қабылдай алмады. Оның үстіне үкімет басына келген бойда “Алаш” автономиясының жұмысына тиым салып, Мағжанның жылдар бойы армандаған ұлттық мемлекет құру мақсатын аяқ асты етті.

Мағжанның коммунистік идеологияға қарсы пікірлері ең алғаш “От” деген өлеңінде байқалады. Бұл өлеңнің нақты қай жылы жазылғанынан дерек жоқ. Алғаш 1922 жылғы Қазан жинағында басылған. Осыған қарап отырып, бұл өлеңді 1918-1922 жылдар аралығында, азамат соғысы кезінде жазылған деп ұйғаруға болады. Өйткені жалғыз “От” емес, “Отпен” мазмұндас “Пайғамбар”, “Күншығыс”, “Бостандық” және т.б. өлеңдерінде “дүниені торлаған қара түнек”, “батыстан келе жатқан дүлей дауыл”, “жердің жүзін басқан түн”, “қан реңді қызыл ту” деген сияқты түсініктер мен сөз тіркестері кездеседі. Тіпті “Бостандық” өлеңіне ақынның өзі “1918 жылы Сібірде реакция дәуірінде жазылған” деген ескертпе де береді. Сондықтан бұл өлеңдердің осы дәуірде жазылғаны еш күмән тудырмайды.

“От” өлеңінде Мағжан қараңғылықтың дұшпаны – отты біраз сипаттай келіп былай дейді:

Кеше маған тіл келді,  
Күнбатыстан жел келді.  
Қараңғылық қаптады.  
Ұяттан әсер қалмады.  
Идеалды, Алланы  
Қарын деген таптады.

Осындағы “қарын” деген сөзге назар аударған жөн. “Қарынды” Мағжан көптеген өлеңдерінде қолданады, және де бәрінде ол – жағымсыз түсінік. “Пайғамбар” өлеңінде де “әділдікті күткен ессіз қарыннан” деген жол бар. Сондай-ақ осы өлеңде: Білген емес, иман деген не нәрсе, “Қарын” деген сөзді ғана жаттаған деген қос жол бар. Бұларға қарап отырып, “қарын” деген сөздің иман, имандылыққа жат бір түсінік екені байқалады. Яғни имансыздықтың синонимі. “Қарын” сөзінің Мағжан түсінігіндегі мағынасын “Жолдасқа” деген өлеңінде айқынырақ ұғуға болады:

Әй, әй жолдас, жас жігіт,  
Қиқу салған лепірген,  
Кетті ме әлде жын соғып,  
Аузың мұнша көпірген!  
Дүниенің діңгегі  
Қарын дейсің жалғыз-ақ  
Күнді көрмей көктегі  
Болма, жаным, жапалақ.

Бұндағы қиқу салып, лепіріп, аузы көпіріп сөйлеп тұрған жолдасы – коммунист билеті бар жас жігіт болса керек. Мағжан оның сөзіндегі негізгі түйінді, яғни бүкіл дүниенің діңгегі – қарын екендігін ұққан.

Басқаша айтқанда, коммунист жігіттің бүкіл айтар ойы қайткенде қарын тойдыру болса керек. Әрине, бұл жерде Мағжан коммунист жігіттің сөзін сөзбе-сөз алып отырған жоқ. Оның жұрттың бәрін тегіс қыламыз, теңдік әпереміз, аштың қарнын тойдырамыз, жалаңаштың киімін бүтіндейміз деген сөздерін айтып отыр. Бұны кең көлемде түсіндіретін болсақ, большевиктердің үкімет басына келгендегі “Жер – шаруаларға, фабрик - жұмысшыларға” деген ұраны және “ұлттарға – тәуелсіздік” уәдесін Мағжан сарказмға айналдырып, “қарын” төңірегінде ғана сөз қылады деп түйреп отыр. Большевиктер бұл уәделерінің бірде-бірін орындаған жоқ, жер шаруаларға берілмеді, фабрик-зауыт мемлекет қарамағында болды, ұлттар бұрынғы бодан қалпында қалды. Тіпті, ол жылдарда аштардың қарны да тоя қоймады.

Қарын Мағжан түсінігінде - философиялық ұғым. Бұл адам баласының рухани жетісуіне кедергі келтіретін, оны жабайы қалпында ұстауға тырысатын мақсат символы. Мағжан үшін биік мақсатқа, идеалға ұмтылу ғана адамдықтың белгісі. Алдына үлкен мақсат қоймаған, Аллаға сенбеген адам қарыннан басқаны ойламайды. Мағжанның:

Идеалды, Алланы  
Қарын деген таптады. – деуі де содан...

Мағжанның “Адастым” және “Жолдасқа” деген өлеңдерінде оның коммунистік идеологияға қарым-қатынасы бүркемеленбей, тура айтылған. Оның үстіне бұл өлеңдер коммунистер Қазақстанда да билікке келіп, өз білгендерін істеп жатқан кезде жазылып, 1922 жылғы Қазан жинағында жарияланған. “Адастым” өлеңінде Мағжан өзінің арманына жету жолында кедергі келтірген коммунистік идеологияны ашық кінәлайды. “Артымда ерген еліммен бірге тастақ жолмен, мекен шегіп бара жатар едім. Жұбанышымыз – алдан күткен үмітіміз еді, сол үмітпен қамаған ойды жойып отырушы ек”, - дейді ақын. Осындай қиын, бірақ үміті зор кезде:

Әлдеқайдан шу шықты,  
Қып-қызыл қан ту шықты,  
Жердің жүзін түн басты.  
Шегір көзді, сары шаш,  
Бәрі тырдай жалаңаш,  
Жан-жағымды жын басты.

Әуелі шудың естілуі, онан соң қан түсті қып-қызыл тудың көрінуі, ақырында жер бетін түн басуы – Мағжанның жаңа советтік билікті сезінуі осылай. Бұдан кейін шегір көзді сары шаш жынның жан-жақты басуы да осы кезеңнің суреттері...

Мағжан коммунистердің таптық идеологиясына түбірімен қарсы, өйткені халықты тап-тапқа бөлу арқылы бір-біріне қарсы қою мақсатын көздеп отырғанын сезді. Екіге, үшке айрылған ұлттың

түбінде бір-бірімен айтысып, әлсірейтініне сенімді еді. Мағжан коммунистік идеологияның негізгі мақсаты – ұлттың басын қоспау, оның бірлігіне сызат түсіру екенін, сөйтіп, басы бірікпейтін тобырға айналдыру екенін де сезе білген. Сол үшін де ол “тапсыз бүтін бір елмін”, “бұзылмаған қордамын”, - дейді.

Жалпы, Мағжан өзінің шығармашылық өмірінде елдің тап-тапқа бөліну мүмкіндігін бір ғана туындысында мойындаған. Бұл басына бұлт үйірілген 1927 жыл болатын. Қазақстан мен Түркістанға сыйғызбаған коммунистер оны Мәскеуде де тыныш отырғызбаған еді. Үсті-үстіне жазылған арыз, сырттай өткізілген “қоғамдық сот”, баспасөз бетіндегі қудалау науқаны, соның нәтижесінде жұмыссыз қалуы – осының бәрінен соң қажыған Мағжан Мәскеуден Қызылжарға оралған еді. Осыған дейін коммунистік идеологияның бірде-бір принципін мойындамай, тіпті оған қарсы өлеңдер жазған, жаңа тәуелсіз бағыттағы “Алқа” жазушылар ұйымын құрмақшы боп, оның бағдарламасын дайындаған Мағжанның бұл кездегі көңіл-күйі өте нашар еді. Бұны сол жылы жазылған “Толғауында” ол жақсы келтірген:

Ағаның аузы қасарып,  
Аузына ауыр тас алып,  
Тұншығып оймен жатқанда;  
Талай аға тез жүдеп,  
Жөңкіле жүкті тартқанда;  
Жеммен жүрер жабыдай  
Құрбының көбі тез түлеп,  
Топырлап топқа шапқанда,  
Жапанда жалғыз күңіреніп  
Мен ойыма ергемін.

“Қасарып оймен тұншыққан” аз ағаның ішінен Әлихан Бөкейхан бірден ойға оралады. “Совет үкіметін мойындамай” кеткен, бірақ жаңа өкіметке қарсы күрес те жүргізбеген осы Әлекең еді. Советтік алғашқы жылдарында Әлихан Бөкейханның тапсырмасымен оның жұмысына араласқандар да болды. Бұлар – Мағжанша “жөңкіле жүкті тартқан”, “тез жүдеген талай ағалар” еді. Бұл “ағалардың” да советтік қызметі ұзаққа созылмады. Және оларға көрнекті жұмыс та берілмеді. Жалғыз ғана Ахмет Байтұрсынұлы өлкелік революциялық комитеттің бір жылдай мүшесі болды. Онан соң төмендетілді. Ақыры 1923 жылы коммунистік партиядан да шығып, ел басқарудан біржолата аластатылды. Ал Мағжанның өз құрбылары әртүрлі дәрежеде қызметтер атқарды. Олардың бірсыпырасы кеңес өкіметіне шынымен беріле бастады, біразы оның саясатын қабылдай алмады. Осының бәрін айта келіп, Мағжан үстемдік алып отырған идеологияны қабылдай алмай, “жапанда жалғыз күңіренгенін” айтады. Өйткені 1918 жылдан 1927 жылға дейін көргені – қазақ халқының азып-тозуы мен аштық-жалаңаштыққа тап болуы еді.

Еділ кездім, шөл кездім,  
Кезгенімде не көрдім:  
Қайда барсам көр көрдім.  
Айдарлысы құл болып,  
Тұлымдысы тұл болып,  
Еңіреген ел көрдім.  
Қаралы көштің ішінде  
Қара салып басыма  
Елмен бірге еңіредім.  
Бұл айып деуші дей жатар,  
Мен мұны айып білмедім.

“Толғауда” Мағжан бұрынғысынша елді түгел қарастырады. Оны тапқа, топқа бөлуді ешбір қабылдамайды. Ал осыдан кейін жазылған “Тоқсанның тобында” тұтас елді тоқсанға және онға бөлуге ақынның өзі де жақындап қалғандай сезіледі. “Тоқсанның тобы” кезінде қоғамда үлкен оқиға ретінде қабылданғаны белгілі. 1927 жылдың 19 тамызында “Еңбекші қазақта” жарияланған соң осы толғау төңірегінде үлкен айтыс туды. Пікір айтушылар екіге жарылды. Біреулер “бұл Мағжанның беті бұрылғаны, кеңес үкіметін мойындағаны” деп түсінсе, екіншілері “Мағжан бізді алдап отыр, оның беті бұрылмайды, әдейі ішке кіргенсіп, іштен бүлдіруші” дегенді айтты. Бұл толғаудың сол кездегі қоғамдық ойға әсері сонша, Қазақ өлкелік коммунистік партияның 6-шы конференциясында Ф.Голощекин: “Мағжанның “Тоқсанына” алданып жүргендер де жоқ емес. Бірақ оған алдануға болмайды. Бұл “Смена



вех” (бетін түзеу) сияқты бірдеме” деген пікір де айтты. “Тоқсанның тобы” жарияланған газет санында онымен бірге Шаймерден Тоқжігітұлының мақаласы да бірге жарияланды. Бұл мақалаға Әбдірахман Байділдин қарсы шықты. “Тоқсанның тобы” төңірегіндегі негізгі тартыс – Мағжанның тапқа бөлінуді мойындамағаны туралы болды. Шаймерден Тоқжігітұлы: ...Мағжан адасқанын айтады. Мен қазақ елі деп түгел алып едім, енді білдім, тоқсаннан он садақа, “мен тоқсанмен біргемін” деп отыр”- деп жазды. Мұндағы Ш.Тоқжігітұлының келтіріп отырған мысалы мынау:

Сөздің тоқтар түйіні:  
Бұл тоқсанның жиыны,  
Осы армансыз білгенім.  
Тоқсаннан сонау он аулақ,  
Сонау оннан мен аулақ,  
Мен тоқсанмен біргемін.

Мағжанның оны – бай, молда, ұлық, би, ишан, болыстар, ал тоқсаны – жалшы, малшы, қойшы, сауыншы сияқты кедей-кепшік еді. Елдегі үкіметтің бағытына қарай Мағжан осылай жазып көріп еді, ол қадамын да коммунистер қолдаған жоқ. Бұған Голощекиннің жоғарыдағы сөзі дәлел. Тап күресін қыздырып отырған коммунистер тапты мойындаған ақынды қабылдамай, оны шетке тепті. Өйткені елді жалпылай жырлаған ақынның тапты мойындай қойғанына сенбеді. Шынында да, Мағжан тұтас елді тап-тапқа бөлуді бұдан кейін де мойындаған жоқ. 1929 жылдан кейінгі сүргін жылдарында жазған “Өміріме өкпем” деген толғауынан біз мұны жақсы байқаймыз.

Махпuzдың тақтайына жазған жұмыс  
Бұйрықты жерлеріне барып тоқтар.  
Басқадан менің жаным бағалы ма,  
Талай жан тап жолында болды көкпар!

Мағжанның өз жеке басының, жақын-туыстарының, жалпылай алғанда бүкіл халықтың сергелдеңге түсуі, екі қазақтың бірінің құрбандыққа шалынуы – осы тап күресінің жемісі еді. Ал тап күресі коммунистік идеологияның басты қағидаларының бірі болғандықтан, тап күресін мойындамаған адам коммунистік идеологияға қарсы адам болып шығады.

Мағжан бұл идеологияға қарсы күресін өзінің жырлары арқылы жүргізеді. Әрқилы жағдайда, әртүрлі кезеңде жазылғанымен, бұл өлеңдердің негізгі айтары – коммунистік идеология ұлттың дамуына, оның жер бетінде сақталып қалуына қарсы. Яғни коммунистік идеология салтанат құрған жерде ұлт жойылады, ұлт қасиеттері табан асты етіледі, ұлттық ерекшеліктер мен ұлттық мұраттар ұмытылады. Осыны жақсы сезген ақын, осындай қауіптің бар екендігін біле тұрып, түптің түбінде коммунистік идеологияның күйрейтініне сенімді:

Не көрсем де алаш үшін көргенім,  
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!  
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,  
Істей берсін қолдарынан келгенін!  
Қалың елім, қалың қара ағашым,  
Қайраты мол, айбынды ер, алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын.

“Сағындым” өлеңіндегі осы екі шумақтың өзі-ақ ақын жүрегіндегі сенімнің мықтылығын сездіреді. Бұл жерде тағы да Алаш қозғалысы мен оны өмірден кетіруге тырысқан коммунистік идеология бір-біріне жаны қас саяси ағым ретінде көрсетілген. Сонымен бірге коммунистік идеологияға негізделген қоғамның өзінен-өзі құлап қалатынын алдын-ала болжап көрсетеді.

Мағжанның “Шойын жол”, “Тұранның бір бағында”, “Еділдің сағасында” деген өлеңдерінде елдегі коммунистік биліктің нәтижелері анық көрінеді. “Шойын жолда” кеңес заманында азып-тозған елдің, қымыз орнына арақ ішкен жұрттың кескін-келбеті бейнеленеді. Өзінің ұлттық қасиетінен айрыла бастаған қазақтың шойын жолды жағалап қатық сатып, көзін әркімге сүзіп жүрген суреті де көз алдыға келеді. “Еділдің сағасында” орыспен араласа бастаған батыс қазақтарының сүреңсіз кейпі келеді. Олардың тілдері де шұбарлана бастаған, өздері де өзгеріске түскен.

Бұл күйге түспей құтылар

Қазағыңның қай ұлы? деп түйіндейді өз ойын ақын. Шынында да, бұдан кейінгі тарих көрсеткендей, қазақ сол күйден құтыла алмады, өзінің көптен күткен тәуелсіздігімен ұлттық қасиетінің біразын жоғалтқан әлсіз ұлт ретінде қайта қауышты.

Мағжанның коммунистік идеологияға көзқарасы айқын әрі түсінікті. Ұлттық ақын ретінде қазақтың ұлттық ерекшеліктерін жоюға ұмтылған коммунистік идеологияны ол қанша тырысса да, қабылдай алмады. Өзінің “Қойлыбайдың қобызы” деген поэмасында (1923):

Құдай-ау, албастының ойнағындай,  
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?  
Шіркін-ай, кер заманды күл қылар ем,  
Бата алсам Бағаналы Қойлыбайдан, деп аяқтауы да содан.

БАТЫРХАН ДӘРІМБЕТ,  
Жас Түркістан.- 2001.- №1.- 6-13 б.

## “БАТЫР БАЯН” ДАСТАНЫ

М.Жұмабаевтың “Батыр Баян” дастаны тек кейінгі жылдары мектеп бағдарламасына енгені белгілі. Ал, осы шығарманың мектепте оқылуына қатысты азын-аулақ мақалаларда туынды оқиғаларын тарихи фактілермен салыстырумен шектелу, оның көркемдік сипатын аша алмау, т.б. кемшіліктер орын алып келді. Біз, осы орайда, дастанның көркемдік табиғатын танытуға арналған өз ойларымызды ортаға салмақпыз. Мұғалім бұған дейін оқушылардың шығарма мәтінімен танысып, оны сабаққа ала келуін ұйымдастырады да, мына сауалдарды ұсынады:

1. Түс, рең ажарлығын бейнелеген сөз бен сөз тіркесін тауып, оны ауызша дәлелдеу.  
Ескерту: әрі қарай сауал реті қойылуына орай, мәтіндегі сұраққа лайық сөздер мен сөз тіркестерін сол санмен белгілеп шығу керек (Қ.Ж.).

2. Пішін (форма) ерекшелігі.
3. Тау биіктігі.
4. Дыбыс сипаты.
5. Су тазалығы.
6. Жұмсақтық, майдалық сипаты.
7. Қимыл-әрекет деңгейі.
8. Көптік ұғым көрінісі.
9. Көріктеуіш (эпитет).
10. Теңеу.
11. Ауыстыру (метафора).
12. Алмастыру (метонимия).
13. Кейіптеу.
14. Дерексіз ұғымды заттандыру.
15. Дерексіз ұғымды жандандыру.
16. Нышан белгі (символикалық белгі).
17. Шарттылық.
18. Ұлттық өрнек (национальный колорит).
19. Ішкі жан толғанысы белгісі.
20. Сөйлеу түрі.

Сауал берілгесін, мұғалім алдымен Көкшетау сұлулығын неғұрлым нақты бейнелеген мына жолдарға көңіл бөлгізеді:

Арқада жер жетпейді Бурабайға,  
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.  
Бұлт құшқан, мәңгі мең-зең Көкшетауға  
Бөлектеу: “Ой, бауырым!” дер анадайда.  
Оқжетпес найза қия – қыранға ұя,  
Қарасаң жанның шері тарқамай ма?  
Солардың ортасында Бурабай көл,  
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды айға. (29 бет)

Ескерту: бұл жолы және бұдан кейін жақша ішінде тек беті көрсетіліп, үзінділердің бәрі М.Жұмабаев. Шығармалары, 2-3 том, Алматы, “Білім” баспасы, 1996 ж. бойынша беріліп отырады (Қ.Ж.).

Ықтимал жауаптар.

Ескерту. “Ықтимал” дегенде, бір оқушы бастап, екіншілері дамытып, олар кідірсе, мұғалім өзі кірісіп, толықтыруы – бәрі жинақталып беріледі – Қ.Ж.

Алдымен келтірілген үзіндінің екінші тармағындағы “бөленген” сөзіне әрі 8, әрі 13, әрі 9 сандарын қоямыз. Себебі, бүкіл бір тау қарағаймен қымталғандай оралып, бөленсе, онда қарағайдың соншалық

көптігі, яғни 8 белгісіне сай екені анықталады. Сондай-ақ бұл сөзді баланы бесікке бөлеу ұғымымен байланыстырсақ, яғни жансыз туған жан иесіне, жандыға лайық әрекет дарытуды айқындап, оны кейіптеуге, яғни, 13 белгісіне жатқызамыз. Сондай-ақ, көріктеушінің есімшеден де жасалатыныны ескерсек, бұл сөздің ажарлау мәніне де қолданылып тұрғанын аңғарамыз. Аталған өрнекке іргелес қоныс тепкен “бұйра сыпсың” сөздері де көріктеуіш (9). Үшінші жол басында “Бұлт құшқан” тіркеміне әрі тау биіктігі (3), әрі кейіптеу (13) белгілерін қабат қондырамыз. Себебі жерден сонша алыс бұлтты қаусыру тау биіктігін, сол деңгейге дейін жеткенін межелетумен бірге жансыз таудың адамға лайық құшуға ие болуы кейіптеуді дәлелдейді. Бесінші тармақтағы “найза” әрі көріктеуіш (9), әрі пішін ерекшелігі (2), яғни, Оқжетпес шыңының сонша тік, найза тәріздес қалыпта екені өрнектелген. Соңғы жолдағы “Мөп-мөлдір” әрі көріктеуіш (9), әрі су тазалығы (5), әрі рең әдемілігі (1) айнасы. Іргелес орналасқан “дөп-дөңгелек” – көріктеуіш (9), сонымен бірге пішін (форма) ерекшелігі (2) белгісі. “Ұқсайды Айға” – теңеу (10).

Мұғалім одан әрі мына жолдарға назар аудартады:

Бауырында Бурабайдың қалың ағаш,  
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.  
Арудың ақпен өрген бұрымындай  
Қарағай, қызыл қайың, талы аралас (30 бет).  
Ықтимал жауап.

Екінші жолдағы “жалыменен” ауыстыруға (метафора-ға –11) жатады. Олай дейтініміз: тау басындағы, дәйектей түссек, желкесіндегі ағаштар шоғыры жылқы жалына ұқсастырылған. Осы орайда бұл ұғым – тіршілігі малмен, жылқымен тығыз байланысты қазақ халқына етене жақын болуымен де ұлттық өрнек (18) айғағы. Ал, үшінші жол тұтасымен күрделі теңеуді білдіреді (10).

Одан әрі дастанның осы үзінділерден басқа бөлігінен қажет мысалдар теру, іріктеу, жүйелеу, талдауға әзірлену үй тапсырмасы ретінде беріледі де, мұғалім Ноян бейнесіне үңіледі. Әсіресе дастандағы елеулі оқиғаға өзек болған жас жігіттің қолға түскен қалмақ қызына деген сүйіспеншілігіне қозғау салған ару сұлулығына ден қойғызады:

Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,  
Сөздері су сылдырлап құйылғандай.  
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан  
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай,  
Лебізі – жібек лебі, жұмсақ желі  
Кәусардай татқан адам қалар қанбай (33 бет).  
Ықтимал жауап.

Бастапқы “торғын” сөзіне әрі көріктеуіш (9), әрі жұмсақтық, майдалық (6), белгісін қатар қоямыз. “Шапақтай” - әрі теңеу (10), әрі рең әдемілігі (1) болса, “меруерт” – ауыстыру (11). Егер “меруерт тіс” десек, “меруерт” көріктеуіш болар еді, ал бұл арада “меруерт” тісті ажарлауға емес, ұқсатуға қолданылып тұр. Екінші жолдағы “су сылдырлап құйылғандай” – күрделі теңеу (10). Сонымен бірге, “сылдырлап” сөзіне дыбыс ерекшелігі (4) бар. Төртінші тармақ тұтасымен күрделі теңеуге жатады. Бесіншідегі “жібек” - әрі көріктеуіш (9), әрі майдалық (6) салтанаты.

Одан әрі оқытушы Ноянның ғашықтық сезімінің шынайы даму үстінде берілгеніне мойын бұрғызады:

Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан  
Ноянның жүрегінде ұшқын туған.  
Сол ұшқын өртке айналып жап-жас Ноян,  
Алысып жүргенімен, аласұрған (33 б.).

Ноян да сол сұлуға тәтті балдай,  
Мөлдіреп қараушы еді көзі талмай.  
Мас болып, дене түгіл, жаны елжіреп,  
Жұтқандай сол сәулені демін алмай (34 б.).  
Ықтимал жауап.

Екінші жолдағы “ұшқын” мен үшіншідегі “өртке” сөздерін ауыстыру (11) деп санаймыз. Ежіктесек, адам сезіміндегі сезім алдымен ұшқынға, содан кейін өрістеген өртке баланып, шартты ұқсастыққа иек артып тұр. Шартты (17) болу себебі сөзбе-сөз түсіндіріп адам сезіміне шынында ұшқын, өрт пайда болды деп те айта алмаймыз. Ал, төртіншідегі “алысып” сөзіне алдымен шарттылық орын алған (17). Шынында, бұнда басқа адаммен күш сынасқандай жұлқысу мүмкін емес, соған пара-пар етіп көтермелеу бар. Сонымен бірге, бұл нақыш сол тармақтағы “аласұрған” сөзімен иық сүйесе келе адамның ішкі толғанысын (19) ашады. “Тәтті”- әрі шарттылық (17), яғни, дәмнің, тілмен

жалаудың нәтижесі емес, әрі көріктеуіш (9). “Балдай” әрі теңеу (10), әрі тәттілікті өрбітіп кестелеуді жүзеге асырушы. “Мөлдіреп” – әрі ынтыға қараудың нақты бір көрінісі, әрі Ноянның балауса пәк сезімін аңғартуға да сәуле себездейді. “Жан” – көзге көрінуге емес, ұғынуға ғана негізделген дерексіз ұғым. Демек, “елжіреп” сөзінде сол дерексіздің заттана отырып, жандыға да тән әрекеті қамтуы жүзеге асқан. Соңғы “жұтқандай сол сәулені демін алмай” жолы – әрі есімшеге арқа сүйеген теңеу (10), әрі шарттылық (17) жемісі. Шынында, белгілі бір сұйықты сіміруге болар, ал сәулені “демін алмай” үздіксіз жұту мүмкін емес. Бұл шарттылық жігіт үздігуін неғұрлым әсерлі жеткізуге бағытталған.

Мұғалім екі жас ұшырасуың, табысуың дәйектемес бұрын олар түйіскен орынның әсемдігіне үңілтеді: “Сиқырлы гүлге оранған жібек майда, // Сылдырлап сылқ-сылқ күлген терең сайда” (34 б.). “Гүлге оранған” тіркесі арқылы гүлдің соншалық алапты көмкерген жиілігі, ауқымдылығы, көптігі көзге ұрса, “жібек” өрнегі “майда” сөзімен тіркесу нәтижесінде майда (6) ұғымын өрбіте түсумен бірге бір түрлі зейнеттілік шарпуын қоса арқалап тұр. Мұның бәрі – қыз бен жігіт махаббатына дем берген көріктілік, науандық үлгілері. “Сылдырап” – үн келістілігі (4) де, “сылқ-сылқ күлген” – дыбыс сипатымен (4) бірге кейіптеуді (13) қоса қамтиды. Міне, осы көріністерден кейін өрілгендіктен де, Ноян махаббаты өршуін нақыштаған мына жолдар ерекше әсерлі:

Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,  
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті.  
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,  
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті. (34-35 б.)  
Мұғалім сөзі.

Жас жігіттің қызға деген махаббатының шынайы, таза екеніне көз жеткіздік. Бірақ ғашық болдым екен деп, сол кезде қазақпен жауласып, соғысып жүрген жат ел өкілінің шартына, атап айтқанда, жерін, елін тастап, шайқасушы жақтың азаматы болуға келісуге бола ма? Әрине, болмайды. Сөз жоқ, туыс, жораларымен кеңессе, тіпті бір күн бөгелсе, Ноян райынан қайтар еді деп шамалауға да болады. Әйтсе де қалмақ қызы тапқырлығың, қулығың (сол үшін оны айыптаймыз. Себебі әр адам алдымен өз елі үшін күресуі керек. – Қ.Ж.) қолданып, жас жігіттің бөгелу, ойлануына мұрша бермейді. Оны кеш те болса, Баянның аңғарғанын көреміз: “Секіріп суда ойнаған шабағымды // Сұм сұлу, қармағыңа ілдің неге?!” (40 б.) Осы орайда жат елге бару мәнісін қыз толық жеткізбей алдады ма, яғни іс ақырын жігіт толық бағамдай алмай қалды ма түйткілі туары анық. Жоқ, қыз ойын тура жеткізді: “Қаны бір ел еді ғой қазақ, қалмақ // О да бір саған туған жұрт болмай ма?!” (36 б.) Ендеше мұндай шартқа көну, қанша үзілгелі тұрса да, махаббат үшін елінен безу – Отанын сатудың, сатқындықтың, жексұрындықтың нақ өзі. Сондықтан да інісін өлтіргеннен кейін, өзін қанша жазғырып, өкінсе де, Баянды ақтарлық себеп те орын алған: “Құл болса бір қыз үшін балдырғаны // Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?” (40) деген Баян тебіренісі – оның ісінің оң екендігінің айғағы. Бұл тұста “сатқындық кешірілмейді” деген идея орыс жазушысы Н.В.Гогольдің 1839-1841 жылдары жазылған “Тарас Бульба” повесіне арқау болғанын еске саламыз. Шығармада Тарастың екі ұлы болғаны, үлкені Остаптың елі үшін арпалысып, қолға түсіп, азаппен өлтірілерде де намысын сақтай білгені, сол үшін әке сүйіспеншілігіне бөленгені, ал кішісі Андрийдің керісінше болып шыққаны белгілі. Шығармада жау жақтың қызының азғыруына еріп, өз адамдарына қарсы қол көтерген Андрийді ұстап алғанда, әкесінің: “Осынша азып сатыла ма екен? Именбедің, діннен бездің. Ел-жұртыңнан бездің! Енді есеп берер кезің келген шығар... Тоқта, түс аттан!” дегені, артынша: “Тұр, тыпыр етпе! Өзім туғыздым, енді өз қолыммен өлтіремін!” (Н.В.Гоголь. Тарас Бульба. А., “Жалын”, 1982, 105-106 б. Ауд. Т.Нұртазин) деп, атып өлтіргені мәлім. Осы орайда Баянның ақтық шайқасқа ұмтылуы інісінің осалдығына, қазасына шыдамау деп біржақты, үстірт түсінуге болмайтынына көңіл бөлеміз. Біздіңше, Ноян тақсіреті Баянды шырықтырып, оның оқшау да ерен сұрапылға ұмтынуын тездетуші ғана деп қабылдаған жөн. Ал, ең бастысы не десек, қаһарманның сатқынды кешірмеуге де, Отан үшін өз жанын қиюға да дайын екендігі.

Шығармаға арналған бірінші сағат осылай өтсе, келесіде мұғалім алғашқы сабақта талданған үзінділерден басқа мәтін бойынша оқушылар әзірлеп келген жауаптарды саралап, жүйелеп, бағалауға, қорытындылауға кіріседі.

Ықтимал жауап.

1. (Яғни түс, рең ажарлығына байланысты бірінші сауалға арналған жауап. Әрі қарай тек сан ретін келтіреміз де, әрқайсысының тұсына соған лайықталған жауаптарды беріп отырамыз. Қ.Ж.) Ноянның ынтық сөзін тыңдағанда, сыр бермеуге тырысса да, қалмақ қызы өңіндегі аз өзгерістің өзінде көп мән бар: “Сонда да кейбір кезде ақ бетіне // Бір нәрсе жүгіруші еді ыстық қандай” (34 б.) Қыздың сырт сабыр сақтаса да, енжар еместігін танытқан деталь ішіндегі “ақ” көріктеуші сұлу шырайын арттыра түскен. Елінен безген туысын орынды жазаласа да, ағасының оны қимай, қайғыруы да заңды: “Иіскейді енді зарлап аппақ төсін” (40). Келтірілген үзіндідегі “аппақ” көріктеушісі – зейнеттілік салтанаты.

Ескерту. Ара-арасындағы біраз сұрақтар жауабын мұғалімдердің өз ізденулеріне қалдырамыз

да, ең өзекті, күрделі деген біразына ғана тоқталамыз.

7. “Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді, // Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді?!” (32 б.) үзіндісіндегі “сорғалап” сөзі құстың ұшу екіпінін елестетіп, батырдың оқшау тегеурінді қимылын дәйектеуді негіздеген. “Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап” (32 б.) дегенде де озықтық, батылдык, мықтылық жота көрсеткен. “Байланған белде сала садағына // Қалшылдап қалды салып қолды Баян (37 б.)” жолдарында “қалшылдап” сөзі – батырдың ішкі сұрапыл сезімін сырт қимыл-әрекет көмегімен аңдату шеберлігі, айнасы. Кейін көп жау қоршауындағы Баян әрекетін: “Оң-солға алдаспанды сілтегенде, // Бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан” дегендегі “сілтегенде” мәнісін жау қанын “бұлақтай” бұрқырату өрістете түскен.

8. Біз әдетте көптік ұғымын беру үшін мың, миллион, т.б. сан мөлшерімен белгілеуге әуеспіз. Ал, ақын-жазушылар көркем шығармада сан мөлшерін хабарлай салмай, суретті сөз, бейне көмегімен өрнектеп отырады. Сонда сан мөлшерін ғана анықтарлық жалаң деректен гөрі, сол ұғымға деген адамдар қатысы, ал, ең бастысы сезімге әсер етерлік жанды сурет жүзеге асады. Мәселен, “Қиын күн туған алаш баласына, // Шұбырып жапанның сар даласында” деталындағы бір ғана “Шұбырып” сөзіне әрі мыңдаған адамдардың мекенінен безіп жүру реті, әрі соған деген аяныш, күйзеліс қоса өрілген. Сондай-ақ: “Көкшеде күні кеше қойдай өрген // Түрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да” тармақтарындағы “қойдай өрген” тіркесінен аң көптігін (аз, сирек болса, қойшы өре ала ма) көреміз. Көптік ұғым орын тәртібі, жиілік сипаты арқылы жасалады. “Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш, // Дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш” (30 б.). Міне, осындағы ағаштардың жел өтпеуі олардың соншалық тығыз, ұйыса орналасуынан, демек аса көптігі екені белгілі. Сонымен бірге: “Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда // Толқынды тұңғық боп төгілер жыр” (31 б.) жолдарында дерексіз ұғым жырдың заттанып, сұйыққа айналып, төгілуін кестелеу көмегімен әрі көптік ұғым, әрі соған сүйсіну қоса жүзеге асқан. Немесе “Кеуденді қасиетті сәуле кернеп” (34 б.) өрнегіндегі “кернеп” сөзі ішкі сезімнің заттанып, молайып, толғаны соншалық, сыймағандай әсер қалдырып, көптікті аңғартумен қатар соны бағалауды нақыштаған. Ал, “Шалқыған махаббат от аспанға өрлеп” (34 б.) кестесіндегі от көлемін ашарлық “шалқыған”, “өрлеп” сөздері белгілі бір құбылыстың аумағын межелетіп, оның молдығын да, оны қызықтауды да қамтыған. Қазақ батырларының жиналып, жауға аттанғанын зерлеген мына көрініске шұқсисақ: “Жөңкіліп күзді күнгі көшкен бұлттай // Қап-қара, ортасы ой боп, қол қозғалды” (44 б.). Осындағы “жөңкіліп” сөзі жорыққа шығушылардың жүру ретін, соншалық молдығын және соған деген ризашылықты кестелесе, “көшкен бұлттай” теңеуі мен “қап-қара” көріктеуіші сол көптік ұғымын тұлғаланта түскен.

9. Дастандағы көріктеуіштер (эпитеттер) де белгілі бір құбылысты әрленде түсіп, өзекті идеяға, ел қорғауға, қызмет етумен ерекшеленеді. Шығарма басталымындағы: “Сұм өмір абақты ғой саналыға” тармағындағы “сұм” көріктеуіші лирикалық кейіпкердің тәуелсіздігі жоқ елдің ауыр тағдырына күйзелуін ашуға бағытталған. Осы нақышқа іргелес қоныс тепкен: “Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі” орамындағы “қызыл” көріктеуіші өзінен кейін табан тіреген “кісендеулі” ықпалымен де сәулелене түсіп, байлауға келеді дерлік қол емес, тілдің өзінің кісенге ұшырауын шегелеп, сол құбылысқа деген лирикалық кейіпкер наразылығын әсерлі жеткізген. Сонымен қатар: “Айрылып асау, ерке аңдарынан // Көкшенің тас жүрегі жаралы да” (29 б.) үзіндісіндегі “тас” – ауыстыру көріктеуіші (метафоралық эпитеті), дәйектесек, жүрек жан иесі адамда болады, ал жансыз табиғаттың жүрегі болуы - шарттылық жемісі. Ал, сөйткен “Көкшенің... жүрегі” – ауыстыру тіркесі (метафоралық тіркесі) жеке қалмай, “тас” көріктеуішіне иек арту нәтижесінде сол шартты жүректің өзін көп қатайтып (тас – қаттылық белгісі), сол мықтының өзінің жан иесіндей жаралы екеніне көңіл бөлгізеді. Демек, мұндағы “тас” көріктеуіші - әрі беріктікке ұйыту, әрі мықтының өзінің “жаралы” екенін діттеу көмегімен оған деген аяушылықты өрбіту көрінісі. Қалмақ қызының өз елін қимайтынын (онысы дұрыс та) танытқан: “Барқыттай белес-белес белім жатыр” (35 б.) дегендегі “белес-белес” көріктеуіші туған жер бедерін кестелесе, әрі соны әспеттеуді қоса аңғартып, өзіне ілескен “барқыттай” теңеуіне сүйеніп, толыса түсіп, қыздың жеріне, еліне деген қимастық сезімін шынайы да әсерлі нақыштауды негіздеген. Жоғарыда айтқанымыздай, Баянның інісін жазалауын мақұлдау алмағайып замандағы жастар көз жұмуына деген аяныш сезімін елемеге де апармауға тиіс. Сондықтан да, жастардың жер қойнына енуінен кейін өрілген: “Күміс таң жерге күміс сәуле шашты” көрінісіндегі екі рет қайталанған “күміс” көріктеуіші өмірдің тек қайғыдан құралмайтынын безендіруге арналған...

10. Шығармада игерілген ұтымды теңеулер де ондағы өзекті идеяға бағындырылған. “Ашуы жауған қардай, шөккен нардай // Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай” (30 б.) кестесіндегі “жауған қардай” теңеуі дерексіз ұғым ашуды заттандырып, әрлендіре түскен. Сонымен бірге “Шөккен нардай” – тұрпаты ірі жануарға балау, сол арқылы күнкөрісі мал бағуға байланысты қазақ ұғымына жақын ұлттық өрнекті кәдеге асыру – бәрі батырдың ерен бітімін, соған сәйкес кесек ашуын әспеттеуге жұмсалған...

11. Ауыстыруды (метафораны) тұтытуда да өзіндік ізденіс, шеберлік айшықтары аз емес.

“Сарыарқа – сары дария қиыры жоқ, // Көз болсын қандай қыран талады да” (29) жолдарында “Сарыарқа” сөзінен басқаның бәрі ұқсастыққа сүйенгендіктен де ауыстырудың ұлғайған түріне жатады...

12. Алмастыру (метонимия) қолдануда да М.Жұмабаев шеберлігі танылады. “Осындай өңшең көкжал жиылыста // Күңіреніп жолбарыстай: Жау қайда?” деп (31) өрнегіндегі “көкжал” сөзін алмастыруға жатқызамыз. Себебі бұл балама ауыстырудағыдай (метафорадағыдай) ұқсастыққа емес, жалғастық, іліктестікке негізделген. Атап айтқанда, “көкжал” сөзінен кейін орын алуға лайық “батырлар”, не “адамдар” сөзі түсіп қалып, олардың мағынасын жалғастық тәртібімен бастапқы сөз жеке арқалағандықтан да, алмастыру жүзеге асқан. Сонымен қатар қазақ батырлары жорыққа шыққанда, ұшырасқан: “Балқаш қой, - бұл айдыны сылдыр қаққан, // Балқаштың бетін мәңгі меруерт жапқан” (44 б.) суреттемесіндегі кейін орналасуға тиіс “тас”, не т.б. сөз түсіп қалып, жалғастыққа иек артқандықтан да, “меруерт” әшекейі алмастыруға жатады...

(Жалғасы бар.)

ҚУАНДЫҚ МӘШҮР ЖҮСІП,  
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік  
университеті қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының  
докторы, профессор

Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2000.- № 5.- 50-52 б., № 6.-57-61 б.

# ЖЫР ТЕРБЕГЕН ЖҮРЕК

## МАҒЖАНДЫ СҮЙЕМІН!

Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайда...

Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығың, жарқы-раған, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, еуропадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ, түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет - әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ,  
“Еңбекші қазақтың” (1927) анкетасына жауап. Жазушы архивінен.

## МАҒЖАН ДЕРЕКТЕР, ЕСТЕЛІКТЕР

Мен қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың ет жақын туысы, қаны бір немере інісі боламын. Ес білген кезден бастап Мағжан есімі, Мағжан туралы әңгімелер көкейімде тұрды. Солардың әжетке жарар деген кейбір үзіктерін жұртшылық назарына ұсынуды жөн көрдім.

### 1. ШОНА БАБАМЫЗДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Жұмабай 1827 жылы туған, ата қонысы Сасықкөл. Оның әкесі Шонай момың, ешкімге зияны тимеген, өз шаруасымен айналысқан, кәсібі – мал өсіру. Сауаты табиғи ашық, оқымаған мектептің есігін ашып. Бірақ аллаға сенімін әр қашан берік сақтаған, құдайы адам болған.

Шонай бабамыздың екі ұлы болған: Құрманәлі, Жұмабай. Осы екі ұлынан тараған ұрпақтарына келсек: Құрманәліден жалғыз ұл – Біләл, екі әйел алған. Бексұлтан (бәйбішеден), тоқалдан – Сұлтанғазы, екі ұлы болды. Ал Жұмабай екі әйел алған айттырып, бәйбішесі Қойлық (Қарауыл – руы), тоқалы Мәржікей (руы – Уақ). Екі әйелінен алты перзент көрген (үш ұл, үш қыз).

Қойлықтан үш ұл: Нұрмағамбет (Телпекбай), Бекмұхамбет (Бекен), Баймағамбет (Батай).  
Мәржікейден үш қыз: Ғалия, Ғазиза, Рәзия.

Осы үш ұлдан тараған ұрпақтар: 1) Нұрмағамбеттен: Мәди, Ахметжан, осы екі ұлдан Мәдиден: Жианша, Қайныш, бұлардан да ұрпақ таралады: Жианшадан – Бағылан, Гүлфира, Болат, Эльфия. Қайныштан: Еркін, Раушан, Ерсайың, Болат.

Ахметжаннан екі ұл бар: Сайраң, Қайлан.

Сайранның балалары: Мәрбану, Талғат, Ерқанат, Зада.

2) Баймағамбет (Батай) одан ұрпақ жоқ, дүниеден жастай өткен.

3) Бекмұхамбет (Бекеннен): Әбәммүсілім, Күлөндам, Қаһарман, Әбілмағжан (Мағжан), Мұхамеджан (Әтәтә), Сәлімжан (Сәлтай), Қалижан, Күлбарам, Сабыржан.

Жұмабайдың тоқалы Мәржікейден таралатын ұрпақтар: Ғалиядан: Жамал, Зыхатай, Софья, Марзия.

Ғазизадан ұрпақ жоқ, ол дүниеден жастай өткен.

Рәзиядан ұрпақтар: Серғазы, Бибізайып, Зеизайып, Қазбек, Райхан.

Шонай бабамыздың кәсібі мал өсіру деген едім жоғарыда, әкеден балаға қалған мұра мал байлығы болған. Үлкен ұлы Құрманәлі еншісіне әке дәулетінен өзіне тиесі қазынасын алып, тек, мал өсірумен болмаған, сауда-саттықпен айналысып, дәулетінің үстіне қосымша кіріс кіргізіп, елдің беделді шаруасы қатарын көркейтіп, қолынан келген іске ұқыпты қарап, кем-кемтарларға да жан-жақты көмегін көрсете білген. Бұл мұсылмандықтың басты міндеті екенін жақсы түсіне білген. Жасы ұлғайғанда Құрманәлі інісі Жұмабаймен бірге Мәккә-Мәдинаға барып “Қажы” атағын алып қайтқан. Шонайдың қара шаңырағына ие болып, кіші ұлы Жұмабай қалады. Шонай бабамызда Сасықкөл басындағы зиратқа жерленген – 1882 ж. Шонай (1804-1882) өмір еткен 78 жыл. Ал Құрманәлі – (1824-1910), ол 86



жасында дүние салды. Жұмабай атқа мінген беделді, елдің іргелісінің бірі болған. Ата дәулетіне сай сауда-саттықпен айналысып, Омбы, Уфа Орынбор, Орта Азиямен тығыз қарым-қатынаста болған. Өз дәулетінің арқасында Мәккә-Мәдинаға барып “Қажы” атағына ие болған. Жұмабай қажыдан таралатын ұрпақтарды жоғарыда атап өттік.

Ендігі мәселе Бекен балаларының ұрпақтарына, олардың жеке ерекшеліктеріне келетін болсақ: Бекен атайдың сол тоғыз перзентінен қазір өмірде жүргені жоқ. Ең соңғы дүниеден өткені Мұхамеджан (Әтәтә) 1982 жылы. Бекен әулетінен отыз бес немере, жиендері бар. Олардан да ұрпақ өсіп, шөбере, жиеншарлар да құдайға шүкір, жетерлік 85-тен асады. Ұлы конфескеге ілігіп 1928 жылы Ақтөбеге жер аударылған тек Телпекбай әулеті. 1930 жылғы конфескеге Бекен әулетімен ілігіп, оны Орта Азияға жер аударды. Қаһарманды - Семейге, колонияға жіберді, “байдың құйыршығы” деп. Ол 1930 жылы ақпанында Ақтөбеге Телпекбай әулетінің артынан іздеп барған болатын. Менің әкеме туған жаман күн бүкіл Бекеннің балаларына да туды. 1930 жыл қаралы жыл болды. Бекен ұрпағы жоқ болды орнымен. Бекен аулының орнына “Келімбет” колхозын ұйымдастырды совет өкіметі. Бекен атай балаларының бәрине де білім бере білген, аулында мектеп ашып, мұғалім ұстаған.

Гүлсім шешей – “Үлкен апа”, Бекен атайды – “Үлкен ата” деп ат қойдық. Себеппен, өз әкешемізді – “ата”, “апа” деп айтатын едік. Үлкен апа мен Үлкен ата балаларына жан-жақты тәрбиемен, оларды адамгершілікке, әділеттілікке, инабаттылыққа үйретіп, еңбекке де баулып, өнер-білімге ынталандырды. Енді Бекен атайдың 9 баласының жеке бастарының ерекшеліктері мен олардан тараған ұрпақтарға келетін болсақ: Тұңғышы - Әбәммүсілім (Әбшаға) денелі, сана сезімі жоғары, адамгершілікті бағалайтын, сөз шебері, ұстамды болатын. Домбырада ойнай білетін. Туыстың ортасында, ел жұртына қадірлі, аяулы адам еді. Ол жас бала кезінде шешек ауруымен ауырып, бір көзінен айрылған. Бірақ ол кемшілігі бізге сезілмейтін, жақсы көруіміз сонша, оған ерекше “Әпшаға” деп ат қойып, атын мүлдем атамайтын едік. Бұлай ат қоюдың да өзіндік сыры бар... Әсіресе жас балалар ат қойғыш келеді. Әпшаға үш рет үйленді. Бірінші әйелі – Марьяш Еслям қызы, одан екі ұл туды – Сұлтан-Махмұт (Махмұт), Әбділғазиз (Қазтай) Марьяш жеңгеміз баладан қайтыс болды. Әпшағам екі баламен жесір қалды. Осы семья жағдайымен екінші рет: Күлжанға үйленді, одан бір ұл – Ғабдүлкәрім (Қабдош) дүниеге келді. Бірақ Күлжан әйелдер ауруымен сырқаттанып дүниеден өтті. Міне, осы үш ер баласымен Әпшаға тағы да оларға ана іздестіруге мәжбүр болды. Үшінші рет Қадишаға үйленді. Қадишадан – Күләй, Сара, Ғабдулманнап (Мәнтай) перзенттері өмірге келіп, алты баланың әкесі болды. Олардың бесеуінен ұрпақтар бар. Сұлтан – Махмұттан – Мүтәш, Сайдалы.

Әбділғазиз (Қазтайдан) – Ақмарал.

Ғабдүлкәрім (Қабдоштен) – Ақшолпан, Сәуле, Марат, Ұлжан, Бақыт, Жанат.

Күләйдан – Дулат, Шекер, Дәмеш.

Сарадан – он бала өмірде, ұлы – ұясында, қызы – қиясында. Тек, Мәнтәйдан ұрпақ жоқ, жастай өмірден өтті.

Негізгі кәсібі Әбәммүсілімнің – мал шаруашылығы, өз шаруасымен айналысқан момын кісі. Өзінің балаларынан жұмыс артылмайды. Сауда-саттықта жұмысы болмады. Конфескеге ілікпесе де, туып өскен жерінен көшіп кетуге мәжбүр болды.

Бекеннің үлкен ұлы Әбәммүсілім (Әпшаға) Қарауыл еліне көшті, баласы Әбілғазиз (Қазтай) сол жақта мұғалім болып істейтін. Бір ұлы Сұлтан-Махмұт Қызылжарға көшіп барып, темір жолда вагон құрастырушы болып орналасты, әйелі Фарида ет комбинатында жұмыскер болды. Сұлтан-Махмұттың Қызылжарға баруына себеп болған, оның қайын атасы, балдыздары Қызылжарда тұратын, соларды паналады. Әбәммүсілім жаңа құрылған Ленин колхозының мүшесі болып, 1937 жылға дейін ұсталғанша, репрессия дүрбелеңінен жазықсыз жазаға тартылып құрбан болды. 1936 жылы Әбілғазиз осы Ленин колхозының зиратында қойылды, туберкулез ауруымен науқастанды. Оның бір қызы Ақмарал шешесімен (Зылиха Дәйдікқызы) бірге нағашыларына көшіп кетті. Шаңырақта ие болып қалған Әбәммүсілімнің үшінші әйелі: Қадиша одан туған үш бала: Күләй, Сара, Ғабдүлмәннап және Ғабдүлкәрім. Қабдош колхозда жұмыс істеймін, семья асыраймын деп, басқа сенері, бас көтерері болмаған соң бастауыш класты бітірісімен, оқуды тастап, өгізбен жүк тасып, колхозда еңбек етті жастайынан. 1940 жылы ауылшаруашылығында комбайнер, тракторист қажет болғанда колхоз атынан Қабдошты комбайнер курсына жіберді МТС-ке оқуға. Бұдан кейін ол өгізбен жұмыс істеуден қол үзді де комбайнмен еңбек етті. Еңбекте Стахановтық еңбек үлгісіне ие болды, партияға мүше болды. Енді ғана ес жинап, ел қатарлас күн көре бастағанда соғыс басталды (1941-1945 ж.). Алғашқы кезде МТС бронмен алып қалып отырса да, 1943 жылы соғысқа алынды. Шаңыраққа Ғабдүлмәннап басшы болып қалды. Оның басына барлық ауыртпалық түседі де, семья асырау соғыс кезінде жас балаға оңай болмаған, тоқтан аздап бидай (үйдегі апа-қарындастарына, шешесіне нәр болсын деп) алып қайтқан. Осы аз бидай үшін ол түрмеге отырғызылады да, сотталып кетеді. Сол жүрген колонияда Қиыр Шығыста қаза болады. Осы ауыр қайғыдан Қадиша жеңгеміз бұл дүниеден өтеді -

1944 жылы. Енді семьяда басшы болатын ешкім қалмайды, үйдің түтінін түтетіп колхозда сауыншы болып Күләй мен Сара еңбек етіп, жандарын сақтап күн көреді 1946 жылы. Қабдош соғыстан аман сау үйге оралады. Бекен атайдың екінші ұлы Қаһарман, менің әкем - өте ірі денелі (2 метр, 5 см) қарулы, сом денелі, ат жақты, қыр мұрынды, сұлу, сөзге шешен, әнші, домбырашы, сауықшыл және өлең де шығара білетін. Сауатты, орысша, арапша, татарша жазады, оқи да білетін. Бос уақытында өлең де шығаратын, әсіресе “Тарыда” жүргенде, елді, туған жерді сағынғанда “Сасықкөл, қайран, елім-ай” деген өлеңін шер таратып, жанұямызбен қосылып әндетіп айтатын едік. Менің әкемнің ерекшелігі: әділетсіздікті сүймейтін, бір сөзде тұратын ұстамды, жалған сөйлемейтін, иждаһаты жоқты ұнататын. Бізді ұстамдылыққа, адамгершілікке, әділдікке баулитын. Сол бала кезімізден құлаққа сіңген әкемнің үлгілі сөздері әлі күнге есімде, оны мен өз балаларыма да жеткізе алдым ғой деп ойлаймын.

Жажекем – аты бүкіл ел-жұртқа әйгілі ақын бола тұра, ағаларының алдына шығып, жөн айту, я болмаса ақындығын ортаға салу деген әдеті жоқ еді. Көптің арасында сыпайы мінезбен әңгіме тыңдап отырып қана қоятын. Жажекем мен Зылиха менің әкемді “ағатай” деп сыйласа, ал менің шешем Жажекемді “төрем” дейтін еді. Осылай бір-бірін сыйлаумен туыстар өмірлерінің ең соңына дейін ұстаған салт-дәстүрлеріне берік болды. Оған дәлел Ғабит Мүсірепов Бурабайда демалыста жүргенде 1978 жылы, біздің үйде болғанда, менің 85 жастағы шешем Зубайля (Мағжан ақынның жеңгесі) Ғабит келіп жанында Сәкен Жүнісов бар, сәлем беріп жатқанда, төсек үстінде отырған анам: “Сенбісің, “төремді” сұрап іздеп жүрген” – деп, қайнысының атын атамай, сол сыйластық сезіммен қартайса да әдеп сақтауы мені таңдандырады.

Міне, осы жолы Ғабекен менен Мағжан ағамның фотосын сұрап алып кетіп, келесі 1979 жылы келгенде демалысқа Гүлбарам жеңгеймен, сол кішкене фотоны үлкейтіп – портрет жасатып, маған әкеліп берді де “саған менен ескерткіш болсын” – деп. Менің архивіммен танысып, “Мағжанның шығармаларының көшірмесін маған жеткіз”, - деп сұраған болатын, оны мен 1980 жылы Алматыға барғанымда апарып бердім.

Сонда Ғабит аға былай деді: “Бұлар менің архивімде сақталады, түбінде ағаң ақталады, мен өз пікірімді Мағжан жөнінде жазып кетем” – деген еді марқұм, жазып кете алды ма екен?

Бекеннің төртінші ұлы: Мұхамеджан (Әтәтә) момын, адалдықты сүйетін, инабатты, ар-ұятты бойына сақтаған, адамгершілікті бағалайтын. Мұқиятты еңбек еткенді сүйетін, таза адам еді. Жұқа өңді, шоқша сақалды, ақ құба, орта бойлы, нәзік денелі. Туыстар арасында “Әтәтә” деген атпен танылатын өзі де осы есімді ұнататын хат жазғанда “Әтәтәң” – деп қана белгі қоятын. Өмірден 1984 жылы өтті, Қасқат аулының зиратында жерленді. Әтәтә мен Күлбарам жеңгейден үш қыз – Даһана, Гүлханыс, Райхан және үш ұл: Сайдалы, Телжан, Бекайдар болды. Бірақ үш ұл дүниеден ерте, жастай өтіп кетті. Әтәтә қартайған шақта Гүлханыстың ұлын Серікті бауырына салып, балам деп бағып, ержеткенде үйлендірді. Кейін Әтәтә, Күлбарам жеңгеміз өмірден өткенде, шаңыраққа ие болып Серік қалды. Оны өзінің ішінен шықпағаны болмаса, бөтендігі болмады. Бізге әлі күнде де Әтәтәм шаңырағы болып көрінеді – Серіктің отауы. Жажекем Мәскеуде тұрғанда Зылиха ауырып, операция жасалғаннан кейін балалы болмайтынын білгеннен соң Зылиха Әтәтәнің Сайдалы деген баласын бір жасында келіп алып кетеді де, балам деп бауырына басады. Сайдалы расында Зылиха мен Жажекеме ұқсас та еді.

Бір жақсы жағы, қазақ тілінде жақсы сөйлейді. Мәскеуде тұрса да ұлт тілін ұмытпаған, я болмаса ана тілінде Жажекем мен Зылиха ауыздандырып жатықтырған ғой деп түсіндік. Кейінгі кезде Әтәтә 10 жыл айдауда болып “Халық жауының тұқымы” – деп Тайгада айдалып жүріп үйге қайтып оралғаннан кейін – 1937 жылы Шортан қаласына бізді іздеп келеді. Осындай бас қосқанда іштегі талай армандар, айтылмайтын ойлар қалмайтын, шер тарқататын едік. Қашан “Жажекем” ақталатын күн болар ма екен? – деп армандап, бастан кешкен өмірдің қиын кезеңдерін еске алып, сырласатын едік. Сөз арасында Әтәтәдан сұрайтын едім. Неліктен Жажеке сіздің, сосын Сұлтан-Махмұттың “Сайдалысын” сұрады, неге мені сұрамаған, мен қуанып барар едім – деп едім.

Әтәтә: “Жажекең менен де Сұлтан-Махмұттан да үлкен, оның ағалық құқы мол. Ал, сені сұрауға оның құқы жоқ. Ағатайымда басқа ұл жоқ еді сенен басқа. Оның бермейтініне көзі жеткен, Жажекең сені сұрамағаны да содан” – деп түсіндірді Әтәтә.

Мағжан мен Зылиха: “Сайдаш, Сайдаш” – деп балаларының асты үстіне түсіп, қоярға жер таба алмай төр жыл мәпелеп өсіріп, сәбидің әр бір ісіне масаттана қуанып, мәз болуы ұзаққа бармады.

Сайдалының өмірі өте қысқа болды, 5 жасында науқастанып, дүниеден өтті.

Жажекем мен Зылиха жалғыз баласынан айрылып, қасірет тартып жүргенде зар үйіп, Жажекемнің өзін ұстап, түрмеге салды, 1930 жылы. Айдалып Карелия жерінде 6-7 жыл колонияда жүріп, ақталып шығып келгеннен кейін Қызылжарға, Жажекем мен Зылиха жас иіске зарыққан, ел жұртын сағынған болуы керек, олар 1936 жылы тағы да бауырына немере інісі Сұлтан-Махмұттың жаңа туған баласының атын өзі “Сайдалы” деп қойып, дүниеден өткен ұлының орнын ойсыратпай, сондай бала болар ма деген тілекпен 8 ай күтті де, Алматыға көшерде 1937 жылы Сайдалыны алып

кетуге Сұлтан-Махмұттың үйіне келсе, шешесі – Фарида сол сәтінде баланың қасында болмаса керек, жас сәбидің отырған орнында сүйкімсіз қылықтарын көргенде, бала олардың ойынан шықпаса керек, Сайдалы сол отырған жерінде қалып қояды. Қазір сол Сайдалы пенсияда, мамандығы тау-кен инженері, Қарағандыда тұрады – өзінің жанұясымен...

## 2. “ХАЛЫҚ ЖАУЫНЫҢ” ТҰҚЫМЫ

1930 жыл, Жұмабай ұрпағына оқ жыландай атылып, ұрпақты ата қонысынан ажыратып, қаңғыртып жіберді. Ал, 1937 жыл, Сталиндік репрессия одан да асып түсті, ұрпақтың түбіріне балта шапты – атты, құрбан қылды тірісін. Мағжанның туыстары “Халық жауының тұқымы”, “Алашордашылар” деп айыпталды.

Мен 13 жастағы бала едім ол кезде, мектепте оқып жүрген кез болатын. Көшеде келе жатсаң “эне, қасқырдың бөлтірігі”, “Халық жауының інісі” деп қолының ұшымен көзге шұқығандай көрсетіп шенейтін. Оларды көрмегендей, естімегендей тез-тез басып жүгіріп кететін едім. Бұны жастар айтпайтын, үлкендерден шығатын сұрқиялық қылықтар еді.

1940 жылы мен Қызылжарда қазақ орта мектебінде оқып жүргенде комсомолға мүшелікке алмай, 3 рет комсомолдың жалпы жиналысында қарап; “Қаһармановты комсомолға алуға болмайды, Мағжан Жұмабаевтың інісі, “халық жауының тұқымы” – деп әшкереледі. Кейбіреулер маған сұрақ та қойды: “Мағжан не деді, үйіне барғаныңда! Қандай әңгіме айтты” деп. Оның қай өлеңін жатқа білесің – дейтін. Осы қызу талқылаудың соңында мектептің аға пионервожатыйы Азаматова Рашида сөз алып, менің қоғамдық жұмысыма қорытынды баға беріп, әке үшін бала жауап бермейді. Комсомолға – Қаһармановтың өз басын алуға болады, адал оқушы, тәртіп сүйеді – деп қорытты.

Менің комсомолға мүшелікке өтуімді жақтағандар: аға пионервожатый Рашида Азаматова (1960 жылдары Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалім атағына ие болған еді) және Ғалым Мұқамеджанов (комитеттің мүшесі), Ігіберген Фазылов (менің кластас жолдасым). Менің комсомолға мүше болып өту жолым ұзаққа созылып, көптеген әшкерелеуден соң болған еді.

## 3. БӘРІНЕН ДЕ СЕН СҰЛУ

“Күміс табақ көкте жүзген ай сұлу,  
Жымыңдаған жұлдыздар мен түн сұлу.  
Сылқ-сылқ қағып, сылдырап аққан су сұлу,  
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде  
Бәрінен де маған сәулем сен сұлу”.

Мағжан.

Қыстың қаңтар айының ызғарлы суық күнінде, 1894 жылы, Қызылжар қаласындағы Әлібай қажы ұлы Құрманбайдың жанұясында қуаныш тойы болды. Зайыбы Жәмила (Мейірман қажының қызы) аяғы ауыр еді. Бірінші көретін перзентіне толғағы қатты болып, оған кіндік кесуге келген әйелдер, шымылдықтың ішінде әдеппен күңкілдеп сөйлесіп, туманы қабылдап алып, “сүйінші, қырық жеті болды” – деген үн бүкіл Қызылжар шаһарына тарағандай естілді.

Қазақтың ұлт дәстүріне сай – бала туған күні шілдехана тойына келген жастарға екі қабат тас үй лық толды. Әлібай қажы бірінші көрген немересіне “сенің атың Зылиха болсын, иляй әмин” деп бетін сипады.

Кешкілікте шілдеханаға келген жастар түрлі қазақ халқының ойындарын ұйымдастырды: “Бұғыбай”, “Көрші”, “Қолсоқпақ”, “Хан тақсыр”, “Мыршым”, “Орамал” бұл ойындардың барлығы да өлеңмен ән айту, домбыра тарту өнерлерімен жалғасты. Жас бөбек күн санап, өмірге талпынып, пысық есе бастады, ерте аяғын басты да, тілі де ширақ, өмірге құмар, шындықты білуге әуес болып өсіп келе жатқанда әкесі Құрманбай 1899 жылы дүние салды.

Жәмила шешесі екі баламен жесір қалды. Зылиха бес жасында мектепке оқуға барды. Қызылжарда ол кезде қазақ мектебі болмаған соң татар мектебіне беріледі. Зылиха оқуды өте ынтамен оқиды. Орыс тілін, араб тілін, татар тілдерін жақсы игеріп, оқушы құрбыларының алды болды. Бірақ, бұл қуанышы көпке бармайды, ол 6 класты аяқтағаннан кейін, анасы оны мектептен шығарып алады.

Кешкі демалыс сағаттарында үйдің көше жақ алдында қыздармен ойнауға, гармон тартып үйренуге шығатын. Әсіресе гармонды жақсы тартатын Ғанипа деген қыз Зылихамен бірге тұратын, содан гармон тартуды үйреніп жүрді. Осындай кешкі көшедегі сауықтардың бірінде көрші Міржақып

Дулатовтың үйіне келген (одан орыс тілінен сабақ оқып жүрген) жас Мағжан терезеден Зылиханы көріп, бұрынғы ғашықтық сезімі ұлғая түседі. Жас жүректің ыстық лебін Мағжан өлеңмен былай сипаттайды:

“Жас күннен бірге ойнап, бірге өстік,  
Бір жүріп сабақты да бірге оқыстық.  
Есейіп бірте-бірте ес кірген соң  
Жақындық арамызда артты достық.  
Балалық махаббаты тамашада,  
Қызарып, ұялысып оңашада.  
Бір сағат көрісе алмай тұра алмаушы ек  
Көңілде бір бөтен ой болмаса да.  
Жүрсек те жұрт көзінде жай танысып,  
Жақын бір тілдеспей-ақ хат алыспай,  
Көзге – көз түскенінде қызарысып  
Бір ауыз сөз айтуға бата алыспай...”

Сұлу қыздардың сыртынан ғашық жігіттер көп болатыны ежелден белгілі ғой, соның біреуі Міржақып өзінің суретін Фанипаның інісі Харистаннан беріп жібереді. Зылиха суретті қолына алып “Кім екен” деген оймен көреді де, Харистанға қайтарып жібереді. Себебі Зылихаға ол ұнамайтын еді, бойы тапал жуантық қара жігіт болатын. Тағы бір себеп: Зылиха шешесінен сескенетін. Егер де қызының жігіттен сурет алғанын сезген болса, онда үлкен масқара, ұят болар еді. Осымен арада көп күндер өтеді. Мағжан Уфаның Ғалия медресесіне түсуге дайындалып жүрген кезі болатын, қалалық кітапханадан шықпайтын. Бір күні осындай бір көш келгенде нағашысының үлкен баласы Ғалымжаннан Мағжан: “Қарындас Зылиха! Осы хатты алғандығыңызды білдіріп хат жазуыңызды күтем. Мен биыл оқуға кетем, егер де көңіл қосып, мақұл көрсеңіз, мені күтуге қалай қарайсыз?” – деп хат жолдайды.

Бұл хатқа Зылиха жауап бере алмайды, ретін тауып көңіліне ұнайтындығын да айта алмай мазасызданады. Мағжан қыздың хатты алғанына іштей риза болады да, Уфаға оқуға түсуге жүріп кетеді. Онда медресе Ғалияға барып түседі. Ол кезде қыз бен жігіт байланыс арқылы хат алысу дәстүрде жоқ, оны әдепсіздік деп санаған.

Сондықтан да Мағжан мен Зылиха бір-бірімен хабарласа алмай жүрді.

1913 жылы 23 қаңтарда Зылиханы шешесі башқұрт жігіт Хасен Мұхамедьяров деген саудагерге тұрмысқа береді.

1914 жылы жаз айларында Мағжан каникульға Қызылжарға келеді. Бұл кезде Зылиха қосылған күйеуімен Петренов көшесінде екі қабат тас үйде тұрған еді. Зылиханың таңертеңгі шайға дайындық жасап жүрген кезі болатын. Зайыбы саудаға ерте тұрып кеткен, уақыт түскі тамақтың мерзімі болып қалған кез. Зылиха сыланып, сипанып, төсек орнын жинап, үй шаруашылығына айналыса бастады. Ойда жоқта қорапты арбаға ат жеккен, қақпаға атын байлап жатқан Мағжанды терезеден көріп, жүрегі дірілдегендей болып, не қуанышының, не сасқанының әсері ме, не болғанын өзі де білмей қалады. Зылиха өз көзіне сенбей тағы да терезеден анықтап қарады. Мағжан! Ол таңданып сұлқ тұрып қалды да тез жүгіре басып есікті ашып, құшақ жайып қарсы алды, екі беті от болып жанып бара жатқандай сезінді өзін. Мағжанда да сондай әсер болуы мүмкін, бірақ ол өзінің салмақты да сабырлы қалпымен қолын беріп, сыпайы амандасты.

Мағжанның үстінде семинаршылардың киім-формасы, басында жасыл түсті кепка. Зылиха қонақ күтуге, оған сый құрмет көрсетуге келгенде үлгілі, тәрбиелі қыз болатын. Ол Мағжанды шешіндіріп қонақ бөлмеге алып кірді де шай дайындауға кірісті. Тек шайдың үстінде Мағжан – “Жолдасыңыз қайда?” деп Зылихадан сұрады.

-Ол түскі тамаққа келмейді, тек кешке дүкенді жауып сауда саттығы аяқталғанда ғана сағат тоғыздың шамасында келеді – деп жауап берді де, Зылиха оған қарсы сұрақ қойды.

-Қайдан келесіз?

Мағжан өзінің Омбыға мұғалімдер семинариясына оқуға түскенін, қазір каникульға шыққанын әңгімелеп айтып береді.

Шайдан соң Мағжан Зылиханың жататын бөлмесіне кіріп, бақылап қарап шықты, ешбір сөз айтпады, басқа да сұрақ қоймады. Қалай тұрасыңдар деп сұрамады. Тегі ішінде қызғаныш сезім пайда болды ғой, деп Зылиха қорытып қойды. Мінезі ауыр адам ғой, өз сыры өзінде, қоштасып кете барды Мағжан.

Осыдан соң олар бірімен бірі көп уақыт көрісе алмады, тек 1914 жылдың қазан айында Зылиха жолдасы Хасанмен Омбыға емделуге келеді. Алғашқы күндері олар қонақ үйінде жатып, кейін Хасан Зылиханы Мегеш Абылайхановтың үйіне орналастырады да, өзі Қызылжарға жүріп кетеді. Зылиха осы

үйден дәрігерге барып қаралады, көзіне операция жасатады. Ол өзіне жақсы дос, жолдастар табады. Әмина Қуанышевамен достық етеді де бос уақыттарында киноға барады, лото ойнайды.

Бір күні Әмина інісі Сапа мен Зылиха үшеуі киноға шығады. “Мұстафа” деген кинофильм жүріп жатқан кез болатын. Олардың артынан Мағжан келіп қосылады (оған хабар беріп ұйымдастырушы Әмина). Мағжанның келгеніне Зылиха қуанып, жұдырықтай жүрегі алып ұшады, сезім толқыны бойын билеп алады. Осындай өзімен-өзі жан сезімімен сырласып келе жатқан Зылиха киноға қалай жеткенін де сезбей қалады. Сол арада Мағжан төрт кісіге билет алып келді де кино залына барып, бір қатарға отырысады. Мағжан Зылиханың жанынан орын алады. Кинодан шыққан соң, үйге қайтарда Әмина інісімен ілгері бөлініп бір кетті де, Зылиха Мағжанмен кейін аяңдап жүріп әңгімелесті. Міне, осы кеңесуде ғана Мағжан:

-Менің хатыма неге жауап бермедің, осындай күйеуге шығу ойыңда болған ғой, - деді.

-Ата-ананың сөзінен шығатын жағдайым болмай қалды,- деп Зылиха сыпайы үнмен жауап берді. Осымен жатқан үйге жақын келгенде Әмина інісімен бұларды күтіп алып, барлығы да үйге кірді. Үй иелері жастарды құрметпен қарсы алып жатты. Мағжан үстел басында Зылихаға көңіл бөліп қарай берді, шыны аяғын әперіп отырады. Бір-бірімен кездескеніне екеуі де риза. Бұл кеш осындай сый-құрметке толы көңілді өтті. Екі ғашықтың бір-біріне деген ынтызары, орындалмаған жан сезімдері түнімен кірпік қақтырмастан, тағы да көруге ынталандырды.

Зылиха болса көзі сауығып қараша айында 1914 жылы Қызылжарға жүріп кетеді. Мағжан ыстық жүрек сезімімен Зылиханы поезға шығарып салады. Осыдан соң Мағжан жазғы каникульға 1915 жылы шілде-тамыз айларында Қызылжарға келеді, Зылихамен қалалық бақшада орыс-қазақ сауық кешінде кездеседі. Бірақ кездесу уақыты қысқа өтеді. Олар бір-бірін көргендеріне мәз болып, қоштасуға тура келеді. Мағжан лаулаған ғашық отына жүрекке тоқтау салады ақылмен, Зылиханың жан-ұясын бұзбауға келісімге келеді. Каникуль бітіп, оқуға жүретін де кез болған шақта тағы да сәті түсіп Зылиханы бақшада кездестіреді. Бұл ең соңғы кездесу болады. Бұл жәйлі Мағжан:

Бір жылы күздің күні еді,  
Салқын шала түн еді.  
Жарын тастап бақшада  
Іздеп келген кім еді?

Зылиха мен Мағжан бақшадан шығып Ленин көшесімен Пушкин көшесіне бет қойып кино-театр “Ударникке” дейін келгенде кино-театрдың алдында Хасан күтіп тұр екен. Бірақ Зылихада абыржу деген әдет жоқ, айласын асырып “апайдың баласы” деп Мағжанды Хасанға таныстырады. Шынында да Жәмила шешейдің немере апасы Гүлсім Әшірбекқызы руы керей Құрманбаймен туыс болатын. Ал Әшекең Мағжанға нағашы.

Бұл таныстыру да орынды айтылған ой болды. Танысқаннан кейін Хасан Мағжанды үйге жүр деп ниет білдірді. Мағжан рахмет айтып қоштасып кете барды. Міне, осыдан кейін бір-бірімен кездесу сәті көп жылға созылды. Оған себеп Хасан мен Зылиха Ақмолаға көшіп кетті. 1919 жылы Зылиханың күйеуі Хасан тиф ауруынан дүниеден өтті. 1920 жылы Зылиха Хасанның жылын бергеннен кейін Қызылжарға шешесінің жанына көшіп келеді.

Мағжан 1917 жылы Омбының мұғалімдер семина-риясын алтын медальмен бітіреді де, Сасықкөл басына, туған аулына келеді. Бекен атай мен Гүлсім шешей баласының оқуды үздік оқып аяқтап шыққанына қуанып той жасайды.

Бір күні Бекен әкесі:

-Балам, оқу бітірдің, мамандық алдың, жасың 24-ке келді, ел басқаратын ересек азамат болдың. Енді үй болып, отау тігуді ойластыр. Кім көңіліңе ұнайды, соны ал, аға жеңгелеріңмен ақылдас, маған бір хабарын жеткізі!- деді.

Бұл айтылған ниетті дұрыс көріп отырған шешесі Гүлсім де: - Балам, есінде болсын, Жақып төренің жиені Шоқан Тастеміровтың қызы Зейнепті білесің ғой, тәрбиелі бала, шыққан тегі де белгілі, төре тұқымы,- деп құлақ қағыс етті.

Мағжан басын ашып ешқандай жауап бермеді. Дегенмен ата-ананың ақ ниеті оған ой салды. Мағжан жас кезінде Зейнепті бірнеше рет көрген, өте сұлу қыз болатын. Ата-енесінің осы тілегі оның көңіл күйімен қабыса кеткендей болды. Сонымен Мағжан Зейнепке 1918 жылы үйленді. Алайда Колчактың Батыс Сібір жерін басып алуына байланысты үлкен той бола алмады.

Зейнеп адамгершілікті жоғары бағалайтын, ер сыйлайтын, салмақты, сабырлы мінезді, асыл жан еді. Зейнептің жеке басының бұл ерекше қасиеттері Мағжанның жанұяда сүйіспеншілік құрып тұруына үлкен әсер етті. Ол өзінің жанұясымен Омбыда тұрғанда, қазақ мұғалімдерін дайындайтын курс ашып, оның директоры болды. Кейін бұл курс Қызылжардың педтехникумының негізін қалады. Мағжанның жарасқан жан-ұялық шаттық өмірі көпке бармады. Зейнеп 1919 жылы 10-ақпанда қайтыс болды. Одан туған бала тірі жетім болып қала берді. Мағжан атын “Гражданин” деп азамат соғысына

байланысты өзі қойды. Бірақ, ол да өкпесінен суық тиіп ауырып, 9 айдан соң дүние салды. Гражданды Гүлсім шешей мен келіндері Зубайля, Күлбарам 9 ай бағып-қақты, бие сүтімен асырады. Осындай ауыр қазалардан кейін Мағжан жұбайына, баласына арнап өлең жазды:

Қайғырмаңдар бұл сәбиді өлді деп,  
Жас қызыл гүл мезгіл жетпей солды деп.  
Бақыты жоқ сорлы ата-ананың,  
Жанар-жанбас шамшырағы сәнді деп.  
Өлгені емес, жерді тастап кеткені,  
Шын бақытқа ерте бастап жеткені.  
Ізгі оймен жайлы жаннат төрінен  
Орын алып ата-анасын күткелі.

Бала жасынан көңіл қосып сүйген алғашқы махаббаты Зылиханы Мағжан ұмыта алмады. Оның жолдасының өмірден өткенін, өзінің үйіне қайтып келіп отырғанын сырттай естіп-білген Мағжан бір күні Рабиғамен екеуі (Зылиханың досы) Зылихаға көңіл айтуға келеді. Бұл кезде Мағжанның “Бостандық туы” газетінде қызмет істеп жүрген кезі болатын. Мағжан мен Рабиға біраз отырғаннан соң мектепке жиналысқа кетеді, жеңіл-желпі киініп. Сырт киімдерін Зылиханың үйіне қалдырады. Бұл тамыз айы болатын. Салқын түскен, күздің жауын-шашыны көп мерзімі ғой. Мағжан, Рабиға жиналыстан қайтып оралғанша, Зылиха дәм даярлап қойды. Дәм үстінде отырғанда Жәмила шешей абыржи бастады: “бүгін түнде “облава” болады деп айтады, жұмыс істейтін құжаттары жоқтарды ұстап жұмысқа салады” деп. (Бұл Зылиханың адресіне айтылған ескерту еді). Ертеңінде Мағжан Зылихаға санақ басқармасында жұмыс істейді деген анықтама әкеліп береді. Артынша кешіктірмей Зылиханың інісі Сабыржанды да осы санақ басқармасына қызметке орналастырады. Сабыржан бес болыс керейге іс сапарға жүрмекші болады. Оны шығарып салуға Мағжан Зылиханың үйіне келеді де, Сабыржан екеуі монша жақтырып, моншаға түседі. Мағжанды Сабыржан қонуға алып қалады. Зылиха Мағжанның қонғанына іштей қуанады. Осы сәтте Зылиха да жылы жүзбен:

-Сабыр дұрыс айтады, қараңғы түсіп кетті, жер саз, моншадан соң қонып дем ал,- дейді ол.

Бұл кеш шешуші кеш болды. Мағжан мен Зылиха алғаш рет жақын сырласып, махаббаттың бал дәмінен нәр татады. Мағжанның 1920 жылы жазған “Сүйгенім анық” деген өлеңі осы кешке арналған еді:

“Көрдім де келдім,  
Қолымды бердім.  
Сүйем сені сұлу қыз.  
Жүрегім жанып,  
Сүюім анық,  
Күәсі болсын көп жұлдыз!  
Дедім де, тілден,  
Құшақтап белден,  
Қысып сүйе бастадым.  
Жақындай бердің,  
Қойныма кірдің  
“Кет!”- демедің, қашпадың.  
“Сүйем!” – боп сөзің,  
Мөлдіреп көзің,  
Тақадың сен бетке-бет,  
Айрылдың естен,  
Күндізгі күштең,  
Тиіп ыстық етке-ет”.

Ереңінде Сабыржанды іс сапарға шығарып салды. Мұнан кейін өзінің тұрған Жақия жездесінің үйіне келеді. (Ол Данияр қажы баласы, Жұмабайдың Ғалия деген қызына үйленген болатын, одан Жамал, Зыхытай, Софья, Марзия қыздары, Ғалия дүниеден ерте өтіп кеткен еді). Мағжан оның балаларына қамқорлық көрсетіп тұруды өзіне міндет деп түсінетін, бұл жиендеріне бір күн келіп кетпесе ол күні өзі мазасызданатын-ды.

Бұдан былайғы күндерде Мағжан Зылиханы киноға, театрға шақырып тұрды. Осы кезде қазақ жастарына арнап, жас өнерпаздар клубын ашты, Мағжан бастаған қазақ интеллигенциясы, оны

“Кирклуб” деп атады. Оған Зылиха да мүше болды. Жиені Жамал да клубтың өнерпаздар тобына кіріп, Мағжанның шығарған өлеңдерін көркем айтып көрермендерге жеткізе білді. Клуб мүшелері оқу орындарында, мекемелердің ұжымдары алдында өздерінің өнерлерін көрсетті. Клуб өнерпаздарының беделі өсіп, оған көптеген жастар өз еркімен мүше болуға ынталанды. Көркемөнерпаздар үйірмесі жұмысын жандандыруға Тауфик Бердіқожин, Жамшит Нұрмұханбет болды. Кейін клубқа келген қыздар: Хадиша Жамажиденова, Зылиха Серкебаева (Ермек Серкебаевтың шешесі) Әмина, Жәмила Қуанышевбалар, Жамал Бакшилова, Гүлмира Жалтырова, Әмина Нұрымова, Әширан Жалтырова, Фатима Балтаева, Жамал Тастемірова. Ал жігіттерден, Мәжит Дәулетбаев, Оспан Қашағановтар үлес қосты.

Бұл кезде қазақ қыздарын клубқа келтіру, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыстыру оңай іс болмады. Олардың әке-шешелері “қыздардың әртіс болуы деген қайдан шыққан масқара” деп жібермеді. Ондайларды милиция қызметкерлері клубқа күшпен әкелуге мәжбүр болған. Осылай “Кирклубты” ұйымдастырып, қызу жұмыс істей бастағанда, Мағжан Омбыдағы “Бостандық туы” газетіне қызметке жүріп кетті. Оны Зылиха бастаған жастар қыстың суығына қарамастан сары аязда ауыздықпен алысқан арғымақтар, шаналармен шығарып салады.

Мағжан жүріп кеткен соң Зылиха да “Кирклубтың” жұмысына баруын біртіндеп бәсеңдетті. Бірақ та Омбыда ашылатын “Сібір-Қазақстан” халықтарының құрылтайына Қызылжардан делегат болып Зылиха, Мәриям Тіменова, Бибіжан Бақшиловалар барады. Оларды Омбының вокзалында арнаулы күтуші топтар қарсы алып, қаланың ортасындағы делегаттарға арналған қонақ үйіне орналастырады. Бірақ онда суық болғандықтан делегаттар таныс, туыстарына тарап кетеді. Зылиха да Ғазизбай нағашысының үйіне барады. (Ғазизбай Мағжанға да нағашы) Үйі өте тар болғандықтан Ғазизбай баласын қосып, Зылиханы Мағжан тұрған Жаңбыршының үйіне жібереді. Онда Мағжан күтіп отырған болатын, ол қуанышпен қарсы алады. Ертеңіне Мағжан Зылиханы съезд болатын театрға апарып, өзі “Бостандық туы” газетінің редакциясына қызметке кетеді де, Зылихаға блокнот пен қарындаш береді. “Кім не айтады соны жазып отыр, ол саған Қызылжарға қайтып оралғанда керек, съездің қорытындысынан клуб мүшелерінің алдында баяндама жасайсың” – деді Мағжан.

Делегаттарды Ғаббас Тоғжанов пен Темірбек Телжановтар құттықтап, сөз сөйлеп ашты. (Екеуі де НКВД-ның бастықтары болатын) Негізгі баяндама орыс тілінде жасалды. Оның сөзін Мағжан қолма-қол қазақшаға аударып тұрды. Съезге Қазақстан Орталық Комитетінің секретары Сейітқали Меңдешов қатысты. Оны Орынбордан қошеметтеп күтіп, қорғап 100 шақты солдаттарымен Шәмет Қаратаев (әскер басшысы) келді.

Ақмоладан келген делегаттардың құрамында: Кәрім Тоқтыбаев, Уәзипа Құлжанова, Әбдірахман Байділдин, Абдолла Асылбеков, Сұлтан Әбдірахманов болды. Бұлар түгелімен Әбдірахман Әйтиевтің үйінде тұрды. Съезд жабылған күні осы Әйтиевтің үйінде үлкен сауық кеш болды. Бұл Сібір өлкесінен, Қырғыз өлкесінен бөлініп шығу тойы еді. Оған да Мағжан Зылихамен барды. Онда да Мағжан орысша, қазақша сөйлеген сөздерді аударып тілмаштық қызмет атқарды. Осы съезде Омбы “Сибкрайға”, Қызылжар “Киркрайға” қарап екіге бөлінді де “Бостандық туы” газеті Қызылжарға көшірілді. Мағжан да редакция қызметкерлерімен бірге мамыр айының аяғында қайтып келді.

“Губкомның” төрағасы болып Әбдірахман Әйтиев бекітілді. Олар 1921 жылы жеңіл мәшинемен Бурабайға келеді. Бұлардың ішінде: Мағжан, Темірболат Телжанов, Әбілқайыр Досов болды. Олар іс сапармен демалысты қатар ұштастырады. Лекция оқу, сауатсыздыққа қарсы көптеген үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізе отырып мектептер ашу, қазақ балаларын оқыту және жетімдерге балалар үйін ашу сияқты мәселелермен шұғылданды. Мал мен жанның санағын жергілікті активтермен ұйымдастырып жүргізді. Осындай күрделі мәселелерге дайындық жасап әзірлену үшін парктің ішінде киіз үй тігіліп, онда күндізгі лекцияға дайындықтар жасалды. Түнге қарай саяжайда жатып дем алды.

Мағжан осы жолы “Оқжетпестің қиясында” және “Бурабайда”, “Батыр Баян” атты туындыларын жазып аяқтады. Зылиха тек іс-сапармен жүрген жоқ, демалыс, сауық-сайранда Мағжаннан көз жазбады. Әрине, Мағжан мен Зылиханың достығы, сүйіспеншілігін әркім ұната бермеді. Олардың арасына түскісі келген Зылиханы сырттай ұнататындар да аз болған жоқ. Сондай жігіттің бірі – Жанайдар Сәдуақасов болды. Бұл кезде Жанайдар Қызылжар аткомының төрағасы болып істейтін. Осыдан нарком болып жоғарылап кетпекші болып жатқанда, Жанайдар ерлі-зайыпты болып, бірге кетуге Зылихаға сөз салады. Оны Жәмила шешесі де мақұл көреді. Бірақ Зылиха оған кенбейді. Мағжанды тастап кете алмайды. Үш жыл бірге жүрген, ыстық махаббаттық достық осымен тоқтайды. Мағжан Зылиханың шешесінің әрекетіне өте қатты күйінеді де Сасықкөлдегі Бекен әкесіне “Жол-жобасымен тез арада Өсербайдың Дәудінің қызы Жәмиге құда түссін” – деп хабар жібереді (Жәми Зылиханың туыс апасы). Осы кезде Жақия жездейдің қызы Жамал ержетіп, тұрмысқа шығу тойына Мағжан келеді. Жамалды таңдаған адвокат жігіт Тайфик Бердіқожин. Бұл тойға Зылиха да көңіл аударады. Жәмидің бар, жоғы ескерілмейді. Оны сезген Жәми тойдан ашуланып кетіп қалады. Оған былай деп Мағжан өлең шығарады:

“Жәмила!  
Мұнша неге жүдедің?  
Бетіңде тамшы қан жоқ қой,  
Жаралы ма жүрегің?  
Тегінде терең зар көп қой!  
Жәмила?  
Себебі не? Жалғанда  
Серпіліп, ойнап күлмейсің?  
Түнде жұрт ұйықтап қалғанда  
Тыншып бір ұйқы көрмейсің?  
Жәмила!  
Кеудеңе от толды ма?  
Уһілеп Айға қарайсың,  
Өмірің у болды ма?  
Жұлдызды неге санайсың?”.

Мағжан Зылиханың жанына аз отырып, кетіп қалады. Тек Зылихаға тіл қатып сұрағаны:

- Кісі жіберіп шақырғанда неге келмедің?- деді. Оған Зылиха басын ашып жауап бере алмады. Мағжанның тез кетіп қалғанына жолдастары қатты көңіл бөліп, шұғыл түрде Мағжан мен Зылиханы кездестіруді ұйымдастырды. Тойдан Зылиханы алдырып, жігіттер Зылиханың ойын білмек үшін:

- Біз білеміз, Мағжан сізден басқаны алмайтынын, сіздің қандай ойыңыз бар? – деп сұрады Зылихадан.

- Жәми Данияр қажының қызынан, мен Әлібай қажының қызынан туғанмын. Ол менің апам. Екеуінің арасына түсе алмаймын. Мағжан аламын деп, апам тиемін деп уәделескен көрінеді. Жазушының әйелі көп болады, соның бірі бола алмаймын – деп Зылиха өз ойын ашық айтады. Сонда Мағжанның достары оған:

- Мағжан ондай азамат емес. Махаббатты қадірлей біледі, сізді ешкімге теңдестірмейді.

Зылиха жауабын ертең беретін болып үйіне кетеді. Оны үйіне дейін Мағжан шығарып салады. Зылиха үйіне келгенімен тыныштық таппайды, ақылдасатын туысы тек Сабыржан інісі ғана. Оған Мағжан мен екі арадағы жағдайды жасырмай түсіндіріп айтады.

- Сен қандай ақыл-кеңес берер едің? – дегенде ол ойланбастан:

- Мағжаннан артық кімге бармақсың?! Егер өзімнің екі қызым болса Мағжанға соның екеуін де берер едім, - деп жауап береді.

Зылиханың інісінің бұл тұжырымды жауабына ешқандай сұрақ қоюына мүмкіндік таба алмайды. Ертеңінде Мағжан жолдастарын жібереді Зылихаға. Оларды құрметпен қарсы алады. Жастар бас қосып жиналған жерде әзілсіз бола ма. Әзіл әңгіме айту, әдебиет бетінде жаңа туындыларға да талдау жасау, поэзия оқу, ән салумен жалғасушы еді. Қонақтарды шығарып салар сәтінде Зылиха:

- Мағжанды мен өзім көріп сөйлесуім керек, - деп жауап береді.

- Бұлар тағы неге келіп жүр – деп шешесі сезіктеніп сұрай бастап еді, оған Зылиха былай деп жауап қайтарады.

- Жамал мен Тауфиктің үйлену тойы үш күнге жобаланған екен, соны хабарлап шақырып келіп отыр бұлар- деп, шешесінің сөзін бөліп жібереді.

Уәделі уақытта Зылихаға көлік жіберілді. Тауфиктің үйіне алдырылды, жастар көп жиналған, бірақ олардың ішінде Мағжан жоқ болып шықты. Оның жоқтығын білдірмей отырған жастар поэзиясымен Мағжанның махаббатқа арналған шығармаларын оқып, мәз болып жатты. Әсіресе көркемсөз оқудың шебері Жамал Жақияқызының жүректің қылын шерткендей тамаша үні “құлақтан кіріп бойды алады”. Көп кешікпей Мағжан да келді. Отырғандардың ішінен Тауфик ерекше қошемет көрсетіп, қарсы алды. (Ол енді Мағжанға күйеу бала) Жастардың арасында Жәми де бар еді. Мағжан оған көңіл бөлмеді, салған жерден Зылиханың жанынан келіп орын алды да, оған ілтипатпен көңіл аударып, сый-құрмет көрсетіп жатты. Мұны көріп отырған Жәми ашуланып үйден шығып кетті. Ал Зылиха болса бұрынғыдай кездескеніне мәз болмай өз тағдырының басын шешіп алу ниетімен:

- Мағжан, мен күйеуім өлген жесір әйелмін, ертең сен біреуден қалған деп бетіме басатын боласың. Онда сенімен бір күн де тұра алмаймын...- деп көңіліне түйген өз ойын ашық айтты.

- Рас, жаным, қыздар көп, бірақ маған сендей жүрегім қалаған өмірлік жар керек, махаббатым сен ғана. Басыма күн туса артымнан іздеп келетін сен ғана... – Тек саған ғана сенемін... – деді. Екі ғашық мәңгілікке осылайша қол алысты.

Мағжан мен Зылиханың неке қию сияқты азаматтық міндетті өтеуге мүмкіндіктері болмады. Әкесі Бекен атайдың Жәмиге құда түсуге келетін мерзімі де жақын қалды. Зылиханың анасы қызын



Жанайдарға қосқысы келетіні тағы бар. Ол Мағжанға қарсы болды. Міне осы себептермен екеуінің Қызылжарда қосылуына мүмкіндік болмай қалды. Сондықтан да Мағжан Зылихамен кездесуге Челябині қаласына жүріп кетті. Мағжан Челябинде 15 күн бойы Зылиханы күтумен болды. Мағжан аттанып кетісімен Сасықкөлден Бекен атай Мұхамеджан (баласы) мен Қызылжарға Жәмиге құда түсуге жол-жобасымен келеді. Зылихадан Мұхамеджан арқылы сұрастырғанда ол:

- Мен Мағжанды көргем жоқ. Менен сұрағанша аламын деген қызынан сұраңдар – деп жауап береді.

Осымен Бекен атай баласы Мағжанды таба алмай елге қайтады.

Осы кезде Зылиха Орынбордан Кенже Асфандьяровтан оқуға шақыру қағаз алады. (Оны ұйымдастырушы Мағжан). Зылиханың оқуға барам деп үйден шығып кетуіне осы шақыру қағаз себеп болады.

Бұл, 1922 жыл қараша айы болатын. Бұлар Челябині вокзалында кездеседі. Мағжан абыржып, 15 күн күткендіктен болса керек, Зылиханы кездестіргенде аймалап құшағынан босатпай жатқанда:

- Е, не болған саған?- деп Зылиха сасқалақтап қалады.

- Он бес күнде неше түрлі ойға кеттім ғой – деп ол жауап береді.

Мағжан мен Зылиха осы Челябині вокзалынан ерлі-зайыпты болып қол ұстасып Орынборға жүріп кетеді. Бұл кезде Мағжан – 29 жаста, ал Зылиха – 28 жаста еді. Оларды Орынборда Байтасовтар қарсы алады. Үш күннен кейін Мағжан мен Зылиха Ташкентке жүріп кетеді. Онда да Мағжан баспа бетінде жарияланған бірнеше өлеңдері үшін қаламақы алады. Осы қаржымен Зылихаға сыйлық әперуден алтын-күміс сырға, білезік, сақина, алқа тағы басқа әшекейлер сатып алып сыйға тартады. Бұл жаңа өмірдің бастау алу сәті еді. Осылайша адал махаббатқа негізделген жанұя өмірге келді. Мағжан мен Зылиха ерлі-зайыпты болып шаңырақ құрады.

1922-1924 жылдары Мағжан жанұясы осы Ташкентте тұрды. Онда ол орыс-қазақ тілдері мен әдебиетінен Қазақ-қырғыз институтында сабақ береді. Осында тұрғанда Мағжан “Сана”, “Шолпан” журналдары және “Ақ жол” газетінде өлеңдері басылып тұрды. 1922 жылы желтоқсан айында Мағжан тұңғыш Мұхтар Әуезовпен кездеседі. Олар бұрын тек хат арқылы ғана таныс болатын. Мұхтар Мағжанның жұбайы Зылихамен танысуға ниет білдіріп, үйіне келеді. Қонақ күту мен оған сый-сияпат көрсетуде алдына жан салмайтын Зылиха әбігерленіп, құдыққа шелекпен су әкелуге бара жатқанда тайып жығылып, жарақат алады. Бірақ оған көңіл бөлмейді, ол дәм әзірлеуге кіріседі. Дәмнен соң үшеуі театрға барады. Онда Чайковскийдің “Аққу көлі” операсын қызықтап отырғанда Зылиха қатты ауырып қалады да жедел дәрігерлік көмекпен ауруханаға жеткізіледі. Құлағанның салдарынан үш айлық баласы түседі. Осыдан Зылиха ұзақ ауырады.

Содан Мәскеуде тұрғанда оған операция жасалады. Міне, осымен Зылиха ана болудан үмітін үзеді. Бірақ, бұл Мағжан мен Зылиханың пәк көңілдеріне кір түсірмейді, сүйген сұлу, бәрінен де сен сұлу деген осы.

Берік махаббат өмірлерінің ең соңына дейін мәңгі кіршіксіз сақталады, адал махаббат құшағында өмір сүреді. Тек, бізге өкініштісі – сол ағамыздан ұрпақ қалмады. Бұл да қатал тағдырдың бізге деген ауыр сыйы болса керек!

ФАДИЛША ҚАҺАРМАНҰЛЫ,  
Жұлдыз.- 1999.- №8.- 117-145 б.

## МАҒЖАН ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

1917 жылы патша тақтан құлап, елде еркіндік лебі сезіле бастағанда Мағжан Жұмабайұлы Омбыдағы жартылай жасырын “Бірлік” жастар ұйымының мүшесі болатын. Бұл қазақ жастарының алғашқы ұлттық ұйымы еді. Оны сол оқиғалардың тірі куәсі Сымағұл Сәдуақасов та дәлелдейді: “Ең алғашқы жастар ұйымы Омбы қаласында 1914 жылы ашылды. Ол ұйымның аты “Бірлік” еді. Оның мақсаты программасында айтылған. “Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлтшылдықты сақтау. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүйу сезімін сіңіре беру”. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін 1916 жылы “Бірлік”, “Балапан” деген жазба журнал шығарып тұрды. “Балапан” заманында ауызға ілініп, жастарға көрсеткен оның қызметі көп болды”.

Өкінішке қарай, бұл журналдың бірде-бір саны сақталмаған. Жалғыз ғана Мағжанның “Балапан қанат қақты” деген қара сөзбен жазған өлеңі мен осы өлеңі тақырыбының астындағы “Балапан” журналына арналған деген ескертпесі ғана қалған.

Ал қазақ оқығандары Ақпан төңкерісін “ұлыстың ұлы күні” ретінде бағалаған. “Алаштың таңы

атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұ күн теңелдік. Неше ғасырдан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті”, деп жазады Ә.Бөкейханұлы, Мұстафа Шоқай және Міржақып Дулатұлы “Қазақ” газетінің 1917 жылғы 225-санында.

Омбы мұғалімдер семинариясының соңғы курсына оқып жүрген Мағжан да осы кездерде әлеумет ісіне белсене араласа бастайды. Облыстық қазақ құрылтайлары ұйымдасып, оның біріншісі болып 1917 жылдың 1-2 көкегі күндері Орынборда Торғай облысы қазақтарының құрылтайы өткен еді. “Делегаттар мен шақырылған адамдар арасында, сондай-ақ, ескі ұлттың интеллигенция өкілдері, Мемлекеттік дума мүшелері Алпыспай Қалменов пен Ахмет Бірімжанов, есімдері енді жаңадан мәлім бола бастаған Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай, Төл Жаманмұрынов сияқты қайраткерлер де болды”. Бұл құрылтайға сол замандағы қазақтың игі жақсылары түгелге жуық қатысады. “Қазақ” газеті оны “қазақтың орыс қол астына кіргеннен бері зор қалыпта құрылған тұңғыш съезі” деп бағалады. Осы құрылтайда сөйлеген сөздер мен қабылданған қаулылар Мағжанның ұлттық тәуелсіздік жолындағы күреске бекем бел бууына зор әсер етеді. Сондықтан да осы жылдың 25-көкек және 7 мамыр аралығында Омбы қаласында өткен Ақмола облысы қазақтары құрылтайының сапалы дайындалуы мен биік деңгейде өтуіне Мағжан белсене араласып, Ақмола облыстық атқару комитетінің мүшелігіне сайланады. Басқа да қазақ құрылтайлары сияқты “Ақмола облысы қазақтарының съезі түрлі күштер арасында болған айтыс-тартыста” өтті. Бұл жөнінде осы құрылтайға “Қазақ” газеті атынан өкіл болып қатысқан Міржақып Дулатұлы кейін ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: “Өкілдердің басым бөлігі консервативтік пиғылдағы (молдалар, байлар, атқамінерлер, бұрынғы чиновниктер) адамдардан, ал азшылығы революциялық пиғылдағы жастар мен мұғалімдерден тұрды. Көптеген мәселеге байланысты бұл екі топтың арасында қызу айтыстар өтті”- деген. Осыған қарағанда бұл құрылтайда талас мәселелер көп болғанға ұқсайды. Құрылтайда Ақмола облыстық атқару комитетінің төрағасы болып Тұрлыбаев Айдархан, оның орынбасары болып Жанайдаров Сейілбек пен Сейітов Асылбек сайланады. Ал “мүшелікке тағы жеті адамды бекітеді. Олардың арасында Мағжан Жұмабаев, Байсейіт Әділов сияқты белсенді жастар да бар еді”.

Мағжанның бұл белсенді әлеуметтік қызметі оның саяси-қоғамдық көзқарасынан туындайды. Ол 1913 жылдары-ақ ұлт-азаттығы жөнінде ой түйеді. Егер 1912 жылы жарық көрген “Шолпан” жинағы ақынның ағартушылық бағыттағы өлеңдерінен тұрса, 1913 жылы “Қазақ” газетінде жарияланған (№7) “Орал тауы” өлеңінен бастап, ол ұлт қайғысын жырлауға кіріседі. Сонымен бірге осы өлеңде оның түрікшілдік идеяны қозғай бастағаны да байқалады. “Мағжанның түрікшілдігі тыңнан тауып алған нәрсе емес, әуелден-ақ бар болатын, ол “Ғалияда” жүргенде түрікшіл пікірде өлең жазған” дейді Ж.Аймауытов. Ол өлеңнің бірі осы “Орал тауы” еді:

Бір күнде сенің иең түрік еді,  
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.  
Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік  
Қойнына жайыменен кіріп еді.

Осындай түрікшіл оймен басталған өлең, ұлт қайғысын жырлаумен аяқталады:

Оралдай ата-мекен жерлеріңе,  
Қасиетті атаның көрлеріңе.  
Аузы түрік шет елдер ие болып,  
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріңе.

1917 жылы ақпан төңкерісінен соң болашақ “Алаш” көсемдері елге тұтқа боларлық зиялы адамдарды түгендегенде бір қауым оқығандардың ішінде Мағжанды да іздеген еді. Олардың Мағжанды еске түсіру себебі мынау: Патша құлап, Уақытша үкімет билік басына келген соң, болашақ Ресейді басқаратын, оның өкіметін тағайындайтын Құрылтай жиналысы сайлау мәселесі күн тәртібіне қойылады. Әлихан Бөкейханов “Қазақ” газетінің 1917 жылы 4-шілдедегі 235-санында жариялаған “Қазақ депутаттары” деген мақаласында депутаттыққа үміткер ретінде лайық деген 43 адамның атын атайды. Соның он тоғызыншысы Мағжан болатын. Бірақ, Мағжан Жұмабаевтың құрылтайға қатысып-қатыспағандығы жөнінде нақты дерек жоқ.

1917 жылдың мамыр айында өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысқан. Бұл съезге “Еділ бойы мен Қырым татарларынан, Түркістан өлкесі мен дала облыстарынан, Бұхара мен Хиуа хандықтарынан, Кавказ бен Сібір өңірі мұсылмандарынан 830 делегат қатысады. Оның құрамында қазақ зиялыларынан Халел Досмұхамбетов, Жаһанша Досмұхамбетов, Уәлихан Танашев,

Мағжан Жұмабаев, Аққағаз Досжанқызы, Көлбай Төгісов және т.б. болады”. Бұл жаңа дерек. Елдегі өзгерістерге Мағжан мүше болған “Бірлік” ұйымы белсене араласады. Жергілікті облыстық қазақ комитетінің құрамы да, негізінен, осы ұйымның мүшелері еді. Бірінші Бүкілқазақ құрылтайынан соң онда қабылданған шешімдерді Омбы оқығандары да талқыға салады. “1-4 қазан аралығында “Бірліктің” кеңейтілген жиналысы болып, жиналыс Орынборда өткен жалпықазақ съезінің қаулысын құттықтайды. Жиналыс қазақ саяси партиясы “Алашты” заман талабына сай және көздеген мақсатқа тез қол жеткізе алатын партия санайды, сондықтан да оны қолдайды, халық арасында оның пікірлерін таратуды өз міндетіне алады”. Осы бағыттағы істерден әлеуметтік-саяси жұмыстарға белсене араласып жүрген Мағжанның да шет қалмағаны белгілі. Алайда қазақ қоғамы қай кездегідей бұл жолы да жікке бөлініп, Омбы оқығандары екіге жарылады. “Бірлік” қоғамының айналасындағылар “Алашты” жақтаса, “солшыл” бағыттағылар “Үш жүз” партиясын құруға тырысады. Бұл партия туралы А.З.Валиди былай деп жазады: “Қазақстанда Төгісұлы Көлбай, Әлжанұлы Шаймерден және олардың достары “Үш жүз” атты “пантүркист-социалист” бір партия құрды. “Алаш ордаға” қарсы сайлауда өз кандидаттарын шығарса да табысты бола алмады”. А.З.Валидидің бұл жерде айтып отырған сайлауы 1917 жылдың күзінде өткізілген Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлау науқаны еді. “Үш жүз” партиясының мақсаты: “федерацияны жақтау, жаңа түрік-татар қауымдарын біріктіру, учредительный собранияға жеке списке кіргізу” сияқты үш мәселені айтады. Ресейдегі үкіметті большевиктер басып алған кезде олар өздерін социалистік бағыттағы партия деп жариялайды.

Бірінші Бүкілқазақ құрылтайында саяси партия ашу мәселесі көтеріліп, оны кейін “Алаш” партиясы деп атау жөнінде пікірлер айтылады. Осы партияның облыстық ұйымдарын құру үшін Ә.Бөкейханов 1917 жылы қазан айының екінші он күндiгiнде Семей, Ақмола облыстарын аралайды. 13-14 қазанда Семей қаласында болып, “қала жұртшылығымен кездесулер өткізіп, баяндамалар жасайды”.

Сондай кездесулердің бірі Омбыдағы бұрынғы облыстық басқарма үйінде қаладағы қазақ жастарының “Бірлік” қауымымен өтеді. Осы кездесу кезінде “Алаш” партиясының облыстық комитетін құруға шешім қабылданады. Оның құрамына он адам кіреді. Комитет төрағасы болып Айдархан Тұрлыбаев сайланады. Мағжан да осы комитет құрамына енеді. Жиналысқа келген “Үш жүз” партиясын құрушылар осы Ә.Бөкейханов қатысқан облыстық “Алаш” құрылтайында талас-тартыс туғызып, өздерінің ой-пікірін өткізуге тырысады. “Шамамен 50-60 адам қатынасқан бұл жиналыста сол күзде “Үш жүз” партиясын құрған Ш.Әлжанов пен М.Әйтпенов те болады. Пікір алысу барысында бұл аталған кісілермен Ә.Бөкейханов арасында ұлттық саяси партияның сипаты мен бағдарламасы төңірегінде пікірсайыс болады”. Дегенмен жиналысқа қатысқандардың көпшілігі “Алашты” жақтап қол көтерген.

Осыдан соң “Үш жүз” партиясын құрушылар “Алашшылдарға” ашықтан-ашық қарсы шығады. 20-қазан күні олар Омбы қаласындағы Ақмола облыстық қазақ комитетіне басып кіріп, онда отырған Мағжан мен М.Сейітұлын тұтқындайды. Сол күні Уақытша үкіметтің милициясы бұларды босатып, “Үш жүздің” белсенділерін тұтқындайды.

Мағжанның саяси іске араласуы мұнымен шектелмейді. 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен II Бүкілқазақ құрылтайына қатысып, Алашорда үкіметін сайлауға дауыс береді. Мұны “Алаш” қозғалысы туралы жазғандардың бәрі де растайды. Сәкен Сейфуллин Мағжанның Алашорда өкіметінің Оқу комиссиясына сайланғанын жазады. Комиссияның құрамында Мағжаннан басқа Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Баяхмет Сәрсенұлы және Телжан Шонанұлы бар еді. Мағжанның бұл құрылтайға қатысқанын дәлелдейтін тағы бір дерек Н.Мартыненко құрастырған, 1929 жылы жарық көрген “Алашорда” құжаттар жинағы. Осы жинақта жарияланған “Орынборда өткен жалпықазақ съезінің мәжілісхаты, 1917 жылдың 5-13 желтоқсаны” деген бөлімінде Автономияны дереу жариялау керек пе, әлде Түркістан қазақтарының қазақ автономиясына қарым-қатынасын білгеннен соң жариялау керек пе деген сұраққа жауап бергендердің ішінде Мағжанның да есімі бар. Ол автономияны жағдайды білген соң жариялаушылар жағында болады.

1918 жылдың 5-13 мамыр аралығында Омбы қаласында Қазақстанда құрылған әр түрлі жастар ұйымының біріккен құрылтайы болды. Бұл құрылтайды шақырған осындағы “Бірлік” ұйымы еді. “Бірлік” ұйымы “Алашорда” үкіметі құрылған соң осы үкіметтің тілектесі болады. “Бұл кезде Сымағұл Сәдуақасовтың мәліметіне қарағанда, Қазақстанда “Бірліктен” басқа 21 жастар ұйымы бар екен. Осы жиналыста қазақ-қырғыз жастарының ұйымдарының бәрі бірігіп, “Жас азамат” деп ат қойып, кіндік комитет сайлады. Артынан тез уақыттан соң Омбы шаһарында билік Сібір үкіметінің қолына көшіп, жастардың кіндік ордасы мен басқа жастар ұйымдарының қатынасы үзіліп қалды” деп жазады Сымағұл Сәдуақасов.

Мағжан осы “Жас азамат” ұйымына ақ тілеу тілеп “Мен жастарға сенемін” деген өлеңін жазады:

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты.  
Қырандай күшті қанатты  
Мен жастарға сенемін!  
Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар.  
Жаннан қымбат оларға ар.  
Мен жастарға сенемін!  
Жас қырандар балапан,  
Жайып қанат ұмтылған.  
Көздегені көк аспан.  
Мен жастарға сенемін!  
Жұмсақ мінез жібектер,  
Сүттей таза жүректер.  
Қасиетті тілектер.  
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды алаш елім бар.  
Алтын арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!  
Қажу бар ма тұлпарға,  
Талу бар ма сұңқарға?  
Иман күшті оларда.  
Мен жастарға сенемін!  
“Алаш”-айбынды ұраны.  
Қасиетті құраны  
Алаштың олар құрбаны,  
Мен жастарға сенемін!  
Мен сенемін жастарға.  
Алаш атын аспанға.  
Шығарар олар бір таңда  
Мен жастарға сенемін!

Бұл өлең “Жас азамат” газетіне басылып шығады.

Мағжанның Алашорда өкіметінің өкілі ретінде бірнеше рет басқа саяси құрылымдармен келіссөз жүргізгені туралы да деректер бар. Соның бірі – 1919 жылдың ақпан айында Алашорда өкілдері мен сол кездегі Башқұрт республикасының басшылары арасында жүргізілген келіссөз. Бұл жөнінде З.В.Тоғанның “Естеліктерінде” айтылады. Кездесу Құлғын деген жерде өткен. “...бізге Қазақстаннан екі өкіл келді, есімдерін ұмытыппын,- деп жазады З.В.Тоған,- соның бірі ақын Мағжан болуы керек, ол мұнда бұрын да келген. Оның “Орал” деген шығармасында башқұрттардың орыс басқыншыларына қарсы күресі туралы жазылғаны есімде қалыпты”.

Мағжан өмірінің соңына дейін “Алаштың” тілектесі болған. Сондықтан екі рет абақтыға жабылады. Бірақ, бірде-бір рет ұлт-азаттық қозғалысына мүше болғанына екінші білдірген емес.

ДӘРІМБЕТ БАТЫРХАН,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақ тарихы.- 1999.- № 6.- 56-60 б.

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

1927 жылы жазға салым Мағжан Москва қаласынан оқуын бітіріп оралғанда, ел іші алабөтен беймаза хәл кешкен жағдайда еді. Әйтеуір басып кеткен науқан. Апыл-ғұпыл жүргізіледі, біріншісі аяқталмай жатып, екіншісінің басы қылтияды.

1925 жылы 15-19 сәуірде республика Советтерінің V съезі отаршылдық сананың тағы бір жолсыздығын жойды, қазаққа өзінің тарихи атын қайтып берді. Бұдан былай Қырғыз АССР-ы Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы болып аталатын болды. Той тойға ұласып, Сырдария, Жетісу өңірі Қазақстанның қайта тауып, қазақтың басы тұңғыш рет бірікті. Бұған елімен бірге ақын да қуанышқа бөленді. Осы тұстағы Мағжан өлеңіндегі жаңа ырғақ жақсылыққа дәмелі көңілден туғаны сөзсіз...

РКП (б) Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшылығына сол 1925 жылы қыркүйекте келген Голощекин теке сақалын шошаңдатып сөйлеген әр сөзінде Қазақстанның тұнығын шайқағысы келетін ниетін жасырмады. Айналып келіп салатын әлеуләйі: қазақ ауылын Октябрь дауылы сырт айналып өткен, шарапатын тигізбеген, тіпті коммунисттерінің өзі нағыз коммунист емес. Ендеше, Қазақстанда “кіші Октябрь” төңкерісін жасау керек деп, білегін сыбанып, қасапшыдай жалаң-жалаң етті...

Голощекин сырттан бір жаманат естісе, дереу қазақтарға жапсыруға асығатын. 1921-1922 жылдары Парижде “Смена вехов” журналы шығып тұрды. Журнал социализмнің құлайтыны сөзсіз, бірақ құлап тынғанша жұмыс істейік деген қисын шығарды. Париж қайда, Алматы қайда. Дегенмен өлкелік партия ұйымының Бүкілқазақстандық VI конференциясында (1927 жылғы қараша) сменовеховшы-лардың кінәсін да қазақ зиялыларына мін ғып тақты.

“Ескі интеллигенцияның арасында сменовехов-шыларды еске түсіретін қозғалыс бар, - деді Голощекин. Сөздер Жұмабаевтың “90” жөніндегі әйгілі өлеңін білетін шығарсыздар, ол өзі 90 жағында болғандықтан, 90 туралы жазады, ал көпшілік бұл сан шынайы екен деп алданып қалады”. (“Советская

степь” газеті, 1927 жыл, 21 қараша)...

Мағжанды темір жолға қарсы деп, Бухаринге жамандатып жүрген де осы Голощекин бе деп ойлайсың. Өйткені Қызылорда қаласында өткен партия активі жиналысында Филипп Исаевич Мағжанның “Шойын жол” өлеңі туралы мынадай пікір айтыпты:

“Мен бұған дейін қазақтардың арасында Түркістан-Сібір темір жолына қарсылар бар дегенге сенбей келіп едім. Міне, енді өлеңді оқып, ондайлардың бар екеніне анық көз жеткіздім, бұл олардың “буржуазияшыл” теріс түсінігі шырмауынан шыға алмай отыруларынан деп есептеймін”. (Алматы ақшамы газеті, 1990 жыл, 17 тамыз).

Әрине, Мағжанның “Шойын жолын” Филипп Исаевич атанған Шая теріс оқыды. Мағжанның алысты болжайтыны, парасаты неше голощекиндерді орап алатыны осы өлеңі арқылы тағы да көрінеді. Мағжанның темір жол тигізетін зардаптардың алдын алу керектігіне назар салып отырғанына білімі шала-шарпы Голощекин байғұс қалай көз жеткізе алсын...

Голощкин айқайы ақыры Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтарға қара індет болып жабысты. Олар шетінен ұстала бастады.

Бұл – жалпы қорытынды. Негізінде, Мағжанға қарсы саяси науқан 1924 жылы басталып, 25 жыл бойы үнемі жүргізілгенін, сөйтіп 1925 жылы күзде келген Голощекинге даяр материал беріле қойғанын немен түсіндіреміз?

Мағжан 1923 жылы В.Я.Брюсов бастаған әдеби-көркем институтында оқи жүре, астанадағы Күншығыс еңбекшілерінің университетінде сабақ беретін. Міне, осы университеттің қасында құрылған қазақ жастарының “Жерлестік” ұйымының 1924 жылғы қарашаның 24-і күні аяқ астынан жиналысы болады. Онда 1923 жылы Ташкентте шыққан өлеңдер жинағын талқылау керек екен...

Баяндама жасау Нәзір Төреқұловқа тапсырылыпты. Н.Төреқұлов Мағжанды салған жерден қаралай жөнеледі. Әдеби талдаудан гөрі прокурор айыптауына көбірек ұқсайтын жиналыс қарары да жіліктеліп, тармақ-тармаққа сындарлы жүйемен бөлінгеніне қарағанда, алдын-ала әбден даярланған...

Баяндама қайшылыққа толы. Нәзір біресе: “Саясат пен әдебиетті араластыруға болмайды... Мағжан өлеңдері көбінесе осы пікірге сүйеніп басылған. Бұл қата” дейді. Яғни Жұмабаев поэзиясын саясаттан тысқары тұрғаны үшін сынайды. Біресе бұған кері кінә тағады: “Мағжанның өлеңі де, өзі де байлар әдебиетіне байланысқан, кеңес үкіметіне қарсы... саяси жолы теріс” деп шыға келеді. Демек, бағанағы сынына керісінше, Мағжан нағыз саясатшыл ақынның өзі болып шыққан...

Бәрінен өрескелі – жиналыс қарары. Ол ерікті қоғамның қарарынан гөрі ресми мекеменің бұйрығына ұқсайды. “Жерлестік” ұйымы Мағжан жерлесінің өлеңдері “бұдан былай... газет-журнал бетіне тексерусіз басылмасын” деген келісім шығарады...

Қиын сәтте Мағжанға қол ұшын беруге тырысқан – атақты жазушы Жүсіпбек Аймауытов болды. Нәзір Төреқұловтың “Жерлестік” жиналысында жасаған баяндамасын ашық сынамаसा да, шын мәнінде, соған қарсы шығып, Ташкенттегі қазақ студенттеріне баяндама жасап берді. Бұл баяндама “Лениншіл жас” журналында (1925, №5) жарияланды...

Мағжанды мақтау қазақ әдебиеті мәдениетінен жау тапқыштарға, әрине ұнамады, Ғаббас Тоқжанов Аймауытовқа дүрсе қоя берді. Ғаббас Тоқжанов өзінің “Жүсіпбек сыны, Мағжан ақындығы туралы” (1925), “Әдебиет және сын мәселелері” (1929) атты кітаптарында Мағжан – жау дегеннен басқа жарытып ештеңе айтпайды. Тіпті “Мағжанның жақсысынан безбейміз” деген сөздерді сан қайталап, мезі етеді...

Мағжанды “ұлт ақыны” деп алғаш дұрыс түсінген әдебиетші – Жүсіпбек Аймауытов. Тек Жүсекеңнің “Мағжан кедейдің ақыны емес” деген сөздері анықтай түсуді керек етеді. Өйткені Мағжанды ұлт ақыны деп танысақ, ұлт ұғымына халықтың бар топ, таптары, оның ішінде кедейлер де енеді. Интеллигенция – ұлттың құрамды бөлегі. Ұлт ұғымы бір елдің ел-жұртын тұтас қамтитындықтан, халық ұғымынан кеңірек екені белгілі...

“Толғау” (1927) өлеңінде Мағжан Алашқа тек ел деген сөзі үшін ергендігін, ешкімнің атқосшысы емес екендігін, елі жыласа бірге жылағанын, революция толқынына ешқашан жаулық етпегенін, төңкеріс таңында қайта “не бостандық, не құлдық” деп жырлағанын, жар салғанын ақтарыла, ағынан жарыла айтады. Мағжанның ақындық қуаты аз сөзге көп мағына сиғызуынан да көрінеді. Айналасы сексен жолға жетер-жетпес “Толғауға” ол өзінің бүкіл өмірін сиғызып жіберген. Бәрі – шындық. Ол әрдайым “айдарлысы құл болып”, “тұлымдысы тұл болған” халқының қасынан табылды. Жер суынан айрылып, мүлде құрып бара жатқан елімен бірге еңіреген. Мағжанның ақын ретінде сахнадан кетуін аңсағандар оның ойын әдейі бұрмалап, жоқ, бұл еңбекші халықтың бүгін “тойын тойлап, топырлай шапқанына” күңіреніп отыр деп соқты. “Тек ел деген сөзі үшін “Ергенде ердім ұранға” деген сөздеріне жабысып, Әлихан, Ахметтерге ердің” деп кінәлады...

Мағжан Жұмабаевқа “Алқа” атты астыртын ұлтшыл ұйым құрдың деген кінә қойылған. Сөйтіп

әдеби үйірме ұйым болып шыға келген. Бұл ұйымға кім мүше, ұйым не бүлдіріпті? Онда тергеушінің ісі болмаған.

Мағжан өзінің кейін 1937-1938 жылдары берген жауабында “Алқаның” алдына қойған мақсатын былай деп түсіндіреді.

“Организация литературного кружка “Алка” (Ожерелье) была задумана мною, кажется, в 1925 г. в Москве. В программе я пытался обосновать... необходимость этапа исторического романтизма, т.е. восхваление феодально-рыцарского прошлого своего народа”.

Мағжан. Тексеру кезінде берілген түсініктемеден.

Бұл жолдар Мағжан 1937 жылы қайта ұсталған уақытта жазылған...

Мағжанның алғашқы сотталуына байланысты материалдарды біз көбінесе ақынның 1938 жылы өз қолымен жазған жауабынан алып отырмыз. Өйткені енді анықталып отырғандай, 1929 жылы Жұмабаевтан жауап бір-ақ рет алынған. Бұл 1929 жылдың 14 шілде күні екен. Осы жөнінде машинкаға басылған жауап протоколының көшірмесі сақталған. Протоколда өмірбаяндық мағлұматтар мен қатар, Мағжан Жұмабаевқа тағылған негізгі кінә - “Алқа” үйірмесіне байланысты түсініктемелер берілген. Тергеушінің қағазға түсіргендерінен анықталатыны төмендегілер.

Москва Мағжанның көркемдік бағытына, жалпы дүниетанымына едәуір өзгеріс енгізеді. Қазақ ақыны қоғамдық, әдеби ойдың ең соңғы жетістіктерімен танысады. Өзінің жаңадан білген-түйгені бойынша ол программалық мақала жазады. Оны шартты түрде “Алқа” деген болашақ үйірменің бағыт-бағдарына санайды.

“Алқа” программасына онымен танысқан студенттер Сәрсембин Жәкен мен Аманғали Сегізбаевтар біраз өзгерістер енгізеді. Бұл жұмыс біткен соң көшірмелерін Семейге – Мұхтар Әуезовке, Ташкентке Жүсіпбек Аймауытовқа жібереді. Программалармен Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейханов та танысқан. Мағжанның тергеушіге берген жауабындағы бір шүбә келтіретін тұс - Әуезовке тиісті хабарлағаны.

Әуезов “Алқа” программасын ұнатпайды, оны тым солақай деп тапты. Солай деген хат алдым, - депті Мағжан тергеушіге берген жауабында. Мұның дүдәмел жері сол – Мұхтар Әуезов абақтыда отырып, 1931 жылы 20 қыркүйекте берген жауабында “Алқа” жөнінде Семейде жүргенде Жұмабаевтан хат алғанын, онда ешқандай құпия, жасырын ештеңенің жоқтығын, бұл платформаны алысымен оны РКП (б) Семей губерниялық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі “Қазақ тілі” газетінің редакторы Тоқжігітовке таныстырғанын, бұдан соң Жұмабаевқа хат жазып, принципті түрде “Алқа” бағытын мақұлдайтынын, бұл үйірмені әдебиетшілердің ресми ұйымы ретінде ұйымдастыру үшін қазақ жазушыларының кеңесін өткізу керек екенін жаздым дейді.

Қайсысы дұрыс? Меніңше, Мағжан “Алқаның” Әуезовке пәлесі тие ме, деп хауіптенген болуға керек.

Ал Мұхтар ұсынған кеңес өтпегені белгілі. “Алқа” үйірме ретінде ұйымдасқан жоқ...

“Табалдырық” құрылымына келсек, ол – кіріспеден, “Революция және бүгінге дейінгі әдебиетіміз”, “Революция және бүгінгі күн әдебиеті”, “Марксизм және әдебиет”, “Не жазуға керек?” деген бөлімдерден, “Алқаға кір!” деген қысқа үндеуден тұрады. Мағжан еңбегін “Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр” деп сақтандырады. Екінші сорт әдебиет, біреудің тапқанын қайта күйсесек, құрығанымыз, дейді.

“Табалдырықтан” оның авторын ұстап алып, 10 жыл Соловки концлагеріне айдайтындай еш саяси кінәрат таппайсыз. Керісінше, М.Жұмабаев болашақ коммунизм – нағыз адамның коммунизмі. Бұл бағытта Россияның басқа әдебиеттері сияқты қазақ әдебиеті де ұстанады. Бірақ ортақ бағыттағы әр әдебиет өз арнасымен жылжуы тиіс деген пікір қозғады. Сонда да ұлтшыл атанды. Сөйтіп, Мағжан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбектермен әдебиеттің тұтас бір өлкесі құрдымға жіберілді.

ҚазАПП жазушыларының күшімен “Жыл құсы” альманағы (1927), “Ленин” (1928), “Жарыс” (1930) жинақтары жарық көрді, “Жаңа әдебиет” журналы шыға бастады. Сонда да “ескі әдебиет” ықпалы әлі күшті деп зарлаушылар табылды.

“В те годы (27-28) я испытал значительный разлад в своем внутреннем мире в смысле переоценки бывших ценностей, и я сделал серьезную попытку влиться в советскую струю, выступил с рядом исповедческих вещей. Но к моему несчастью был отвергнут тогдашними погододелателями в казахской литературе...”

Мағжан Жұмабаевтың 1938 жылы тергеушіге өз қолынан жазып берген жауабынан.

Ал Мағжандар нағыз кемел шақтарында лагерь азабын кешті. Ақын жүрегі елінде қалды.

Лагердегі Мағжан басқа Мағжан еді.

Зылиха апай Соловкидегі Мағжанға барған кездің бірінде ақынға: “жазғаның бар ма, алып кетейін”, - депті. Мағжан басын шайқапты. Бетінен қан қашып, бір түрлі құлазып кеткенін көргенде Зылиха тілін тістей қояды. Қайтып сұрамайды. 1918 жылдың бірінші жартысында бес ай шамасы “Үш жүз” партиясының түрмесінде отырғанда өлең жазып еді. Бұл жолы өйтпейді.

“Находясь в лагерях Соловецких и Свирских в течении семи лет у меня примерно с 1931 года постепенно появилось полное безразличие к своему прошлому...”

Мағжанның жауабынан.

Мағжан Жұмабаев ақталғаннан кейін іле жарық көрген “Мағжан Жұмабаев. Шығармалары” кітабында (Алматы, 1989) 1929 жылы Мағжандармен бірге ұсталып, бірақ көп ұзамай бостандыққа шыққан кісіден беріп жіберген ақын өлеңі жарияланды. Бұл өлең жауабындағы күйге толық сай келеді.

Жігер, шіркін, желінді  
Болат жеген қайрақтай.  
Мешеу болды жүйрік ой  
Кететін орғып айдатпай.

Қолды қардан оқ үзді  
Ордаға байрақ байлатпай.  
Өлер өмір, сөз қалар  
Молдаға қойған сайғақтай.

Шөлден қаталаған кісідей суша сіміре бергің келетін құдіретті жолдар... Амал не...

Ақыры сол қамалған күйі қамап әкеп Бутырқадан бір-ақ шығады. Өз бастарын арашалаймын деп, қазақтың игі жақсыларын жарға итермелеген Дінмұхамет Әділов, Әбдірахмен Байділдиндермен бір қапаста отырды. Ату жазасының он жылдық түрмеге ауыстырылуына тәубе етіп, Карелия орманындағы концлагерьде өлместің күйін кешті. Жәй жатпай, өзі бір кезде әңгімелерін аударған Горькийге хат жазды. Горькийдің атынан ақынды тұтқыннан босатуға сұрап жазған Екатерина Павловна Пешкованың хаты бойынша СССР Орталық Атқару комитеті аз-маз кеңшілік жасағансыды. Президиумның 1934 жылғы 14 мамырдағы қаулысына сәйкес Мағжан Жұмабаевтың тұтқын жазасын өтеу мерзімі жеті жылға дейін қысқартылды. Сөйтіп, Свирь еңбек-түзеу лагерінен Мағжан 1936 жылдың 2 маусымында босанды. Сталиндік жеңдеттердің бұл кеңшілігі тышқанмен ойнаған мысықтың жымысқылығын еске түсіретін еді.

1937 жылы Мағжан Жұмабаевтың үстінен қозғалған істің рет санына қарағанда Қазақ КССР Ішкі істер министрлігінің Қауіпсіздік басқармасы “халық жауларын” торға түсіру жөнінен жоғарыдағы төрелер қанағаттанатындай қыруар жұмыс атқарып тастады. НКВД сияқты мекемеде еш нәрсе жүйесіз істелмейді. Мағжан үстінен жүргізіліп, басталған істің нөмірі “Дело №3881” деп аталса, мұның да белгілі деректілік сипаты бар. Мағжан 1937 жылдың желтоқсанында ұсталды. Желтоқсан – жыл аяғы. Басқа саладағы сияқты, Ежов қасапшылығының да қорытындысын шығаратын кез келген. Ал Қазақстан астанасындағы зиялылардан Мағжанмен қосқанда 3881 адамның үстінен іс қозғалса, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты бұдан бұрынырақ ұсталған жазушылардың өзі бірталай шоғырға айналса, нәтиже қандай болуға керек? ...

Мағжанға байланысты анықтамада оның қай мекемеде, кімнің атағына арналып жазылғаны айтылмаған..

Анықтама 1937 жылдың 26-желтоқсанында, Мағжан-ды пәтерінен ұстауға келуден төрт күн бұрын жазылыпты. Жазғандар НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының үшінші бөлімі бастығының көмекшісі, мемлекеттік қауіпсіздігінің аға лейтенанты Марсельский, сол орында істейтін лейтенант Латыпов...

Әу дегенде М.Жұмабаев 1917 жылы “Бірлік” деген контрреволюциялық ұйымының мүшесі болған делінеді. Мұның шындыққа қандай жанасымы бар? “Бірлік” атты қазақ оқушы жастарының Омбыдағы қоғамы 1917 жылға дейін ұйымдастырылғаны, оның “Балапан” атты журналының редакторы Мағжан Жұмабаев болғаны мәлім. Қазан төңкерісінен бұрын құрылып, тарап кеткен ұйым қалайша Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйым болмақшы?

Тергеушінің одан әрі жазғандары тіпті сорақы. Мағжанды “В 1922 г. был завербован

Байтурсуновым” депті. Бұл сөздерді орысша келтіріп отырған себебіміз, “забербован” деген сөзге бола. Мәнісі – Байтұрсынов Мағжанды астыртын ұйымға тартқан дегенге саяды...

Бұдан әрі қарай тергеушілер анықтамасында Мағжанның алғашқы сотталуы еске алынады. 1929 жылы контрреволюциялық ісі әшкереленіп, 10 жыл концлагерьде отыруға кесілгені айтылады...

...Лазарь Каганович айтпақшы, сталиндік жөндеттер халық жаулары дейтіндерді қатпар-қатпарымен он мыңдап, жүз мыңдап жойып отырған. Сол жүйемен бұрынғы помещик, офицерлерді, казактар мен ақ армияда қызмет еткендерді, троцкистік және басқа да оппозицияға қатысқандарды, алашорда секілді “ұлтшылдарды” кулак, бай деген желеумен миллиондаған шаруаларды бірінің артынан бірін сыпырып-сиырып айдаған да отырған. Мағжандарды сол дүрмектің біріне іліктірген.

Айтары жоқ, тергеушілер білгендерін істеген. Өтіріктің өзін де қиыстырып соғушы еді. Ал бұлардың көз жұмбайға салынып, белінен баса берген. Әйтпесе дені дұрыс адам Жұмабаев айдаудан келе салысымен білек сыбанып, контрреволюциялық жұмыс жүргізді, деп баттатып жазар ма еді. Фактісі не? – дейсіз ғой. Оларға фактінің қажеті қаншалық? Айтты – болды. Жазды – күйе жақты. Кетіріп көр. “Байтал түгіл бас қайғы”, айдаудан жаңа босанып, қызмет таппай тентіреп сандалған сорлы ақын қай жерде жүріп астыртын ұйым ұйымдастырмақ?

“Бояушы бояушы деген сайын...”-ның кебін кимеуді ойлады ма, Марсельский мен Латыпов айыптауының тұрғызған бұл күмәнді қабырғасына құлап қалмас үшін тіреу қояды. Үйреншікті, талай істе өзін ақтаған әдістеріне көшеді. Тұтқынға алынған бірқыдыру ұлтшылдардың жауаптарында Жұмабаев Қазақстандағы контррево-люциялық антисоветтік ұйымның белсенді мүшесі ретінде аталады, деп манағы тұманын қоюлата түседі. Сөйтіп, талай мүскіннің балтырына бұрау салып, жанын мұрнының ұшына келтірген тергеулерде “анықталған фактілер”- Мағжанды тұтқындауға “бұлжымас” негіз болған.

Баскесер майор Володзьконың күтіп отырғаны да сол. Әлде өзі анықтаманы солай жазып беріңдер деді ме екен, кім білсін. Әйтеуір ол тергеушілердің анықтамасының сол жақ шекесіне “Арест. А.В. 28.XII” деп тәртіп соққан.

Енді мекеменің рәсімі бойынша жаңағы тәртіп берілген құжат негізінде тексерушілер тарапынан қаулы қабылданады екен. Бұл қаулы “Постановление об избрании меры пресечения и предъявления обвинения” деген күні бұрын даяр сұрақтары бар формаға басылатын көрінеді. Соны толтырғанда шешім бұйрық райында жазылған: Жұмабаев Мағжан РСФСР кодексінің 58-6, 58-11 баптары бойынша айыпкер ретінде жауапқа тартылсын, тергеу мен соттан құтылып кетпеуінің шарасы ретінде НКВД-ның ішкі тексеру түрмесіне қамалсын. Бұл құжатта екі адамның қолы тұр: үшінші бөлімнің оперуполномоченныйы Қабылбаев Ш. және өзіміз білетін жоғарыда аты аталған Марсельскийдікі. Мағжан қамауға алынсын деген қаулыға сол жақ шекесінен тағы да Володзько қол қойған...

Қаулының оң жақ шекесіне қойылған прокурор фамилиясын айыру қиын: “Қор” деп, барып, аяқ жағын иректете салған. Оның есесіне мөріңдегі жазулар тайға таңба басқандай. Орыс және қазақ тілінде дөңгелете көк сиялы әріптерден мынадай сөйлемдер түзілген: “Военная прокуратура Погран. и внутр. охрана КССР”, “ҚССР Шекара ішкі күзет әскери прокуратурасы” деп, тек Қазақстанның өз прокуратура орындары жоқтай, бұлардың әскери прокуратураға неліктен жүгінген жері ғана түсініксіз.

Прокуратура – заңның бұлжытпай орындалуын қадаға-лайтын орын. Әскери прокуратура болса, бұл істе темірдей тәртіпке шақыратын сияқты. Алайда замана стилінен әскери прокурордың да озып кете алмапты. Жаңағы әскери прокурор, заң капитаны “Қор...” деген кісі ұялмай-қызармай рұқсат берген тәртібін (санкциясын) 1938 жылдың желтоқсанында бір-ақ соққан көрінеді. Яки ол НКВД анықтамасы жазылған соң, бір жылдан кейін қол қойып отыр. Бұл кезде Мағжан Жұмабаевтың атылып кеткеніне тоғыз ай толған...

Сонымен, Мағжан ұсталатын болды. 1937 жылдың 27 желтоқсанында №1445 ордері жазылды. Ордерге Қазақ КССР Ішкі істер халық комиссары қол қойды. Фамилиясын айыра алмадым, “Ж” дыбысын анықтап жазыпты да, ар жағын өгіз сикететіп жіберіпті. Ордерге қол қойған секретары да “С” әрпінен бастап, бастығынша иректеткен. Мағжанды тұтқындау, үйіне тінту жүргізу майор Дмитренко мен сержант Ш.Қабылбаевқа тапсырылады.

Бұдан кейін Мағжан жайында жасалған құжат – “тінту протоколы”. Оған қол қойған Дмитренко ғана. Зылиха апайдың айтуында Мағжанды тұтқындауға екі жігіт келген. Көк сия қарындашымен жазылған протоколға әлдебір себеппен біреуінің қол қойып үлгермеуі мүмкін. Жоғарыда айтылды ғой, қасаптың қарқыны күшті болғандығы...

Ордерде НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасына алып келу үшін конфискацияланған немесе реквизиция жасалған мүлік деген тұста: “Мағжан Жұмабаев атына жазылған ЛД №347296 паспорты” деп көрсетілген. Сонда Мағжан пәтерінде тінтетін де ештеңенің болмағаны ғой.

Мағжанды түрмеге әкелген бойда сол 1937 жылғы желтоқсанның 30 күні “Тұтқын анкетасында” Мағжанның өмірбаянын нақтылай түсетін мағлұматтар бар. Мәселен, қызмет орны деген сұраққа “без определенных занятий” деген сөздер жазылған. Белгілі жұмыс орны жоқ дейді.



Мағжан Алматыға 1937 жылғы 25 наурыз күні келген. Сонда ол тұтқындалған айы – желтоқсанға дейінгі жеті-сегіз ай шамасы еш қызметке орналаспаған ба? Бұл сұраққа әзірше берер жауап мынадай: дәл қамалар қарсаңында ол бос жүруі мүмкін. “Парижская коммуна” деген колхозда медпунктте істеді деген әлі толық растала қоймаған мағлұмат бар. Ал оның алдында Сәбит Мұқанов қызмет тауып беріп көмектескен сияқты. Бірақ істеген жерлерінен (мәселен, Қазақ Орталық мемлекеттік музейінен) түріп тастап отырғанға ұқсайды...

Мағжанның ойына алғанын жүзеге асыруға көлденең бір жағдай да себепші болады. Зылиха апайдың айтуында, ол алғашында концлагерьде мұғалім қызметін атқарады. Сөйтіп жүргенде қасына Ленинградтан айдалып келген Иван Иванович Фетисов деген орыс зиялысы қосылады. Өзі бір ғажап адам болса керек тастың ауырлығы жоқ, медфельдшер мамандығын игер, өзім қолғабыс етем деп, Мағжанды қайрай түсуі мүмкін. Ал Зылиха апай болса, Ленинградқа келіп-кетіп жүргенде әрдайым құшақ жая қарсы алатын осы Фетисов үйіне (Васильевский остров, 20 линия, №15-үй, 10 пәтер) түседі екен. Сол отбасы арқылы Мағжанға медицина техникумының бағдарламасына сәйкес тиісті оқулықтар мен оқу құралдарын жеткізіп тұрған. Мағжан түрмеден босағанда емтихан тапсыруға көмектесіп, фельдшер деген куәлік алуына қолғабыс етеді.

Өстіп тағы бір шаруаның басын қайырған соң Мағжан мен Зылиха апай Вязьма, Сызрань және Челябинск арқылы сол 1936 жылы жазда Қызылжарға, еліне аман-есен жетеді. Қызмет іздеп анда барса аннан, мында барса мұннан дегендей тобықтан қақты. Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Елбаев Халил айдаудан арып келген ақынды басында 20 күндік мұғалімдер курсына оқытушы етіп тағайындады. Білімді ақын аз күнгі қызметіне құлшына кірісті. Сабазың мүдірген жоқ. Айтулы педагог екеніне жұртты бірден мойындатты...

Тотыққан қаламын қайта ұштауды ойластырып жүргенде, 1936 жылдың қыркүйек айында Қызылжарға Сәбит Мұқанов келе қалады. Ол Мағжанды әдейі іздеп тауып алып, шүйіркелесе сөйлеседі, жылы-жылы сөздер айтып, Алматыға қызметке шақырады. Қызылжарда орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беріп жүрген Мағжан бұрынғы шәкіртінің ұсынысына кет әрі болмаса да, бірден қолқ ете түскен жоқ. Елден кетсе, саяси қауымның ортасына түссе, тағы да қып-қызыл дау-дамайдың ортасында талапайға қалам ба деп өрекиді, әсіресе әйелі Зылиха алғаш қалай ұсталғанын еске алып, астана жаққа басқысы келмей зыр-зыр етеді. Сәбит ұсынысына осы себептермен бірден лып ете түскен жоқ. Бірақ ел іші қай оңып тұр? Ала-құла. Бірі шақырып қонақ қылып, бар жылы жұмсағын аузына тосса, әлдебіреуі қызыл көз салпаңқұлақтың нақ өзі. Қалқайып жүргеніңді көре алмай, Алматыға домалақ қағаз сырғытады. Оған жергілікті қаратаяқтардың көзі алайып шыға келеді. 1937 жылдың қаңтары басталмай жатып Мағжанды мұғалімдігінен босатамыз деген сөз шықты. Сонан соң біраз басылып еді, артынша қайта қозып, Мағжан қызметтен қуылды. Бұл қиянаттың себебін сұраған ақынға қалалық оқу ісі меңгерушісінің жауабы келте қайырылды: “Жалпы саяси себептерге байланысты”.

Не істеу керек? Мұңыңды кімге шағасың? Кім тыңдайды сөзіңді? Желтоқсанда А.Толстойдың “І Петр”, Некрасовтың “Декабристерін” аударуға қазақ әдеби баспа орнымен шартқа отырып еді, ол жәйт сиырқұйымшақтанып барады. Мағжан осының бәрін ескеріп, өтсе сөзі өтетін бір-ақ адам – Сәбитке хат жазды. Өзінің қиын халде жүргенін, әсіресе жұмыссыздығы жанына қатты бататынын жасырған жоқ. Сәбитке жазылған сол хат былай аяқталыпты:

“Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өз қалам күшіммен көрсетсем деген тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, сізді де бірдеңеге міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз.

Бұл хатты қыдырып келген туыстарым жақтан “Степняктан” жазып отырмын. Төрт-бес күннен соң қайтамын.

Құрметпен Мағжан,  
20 февраль, 1937 жыл.

Мағжанның Алматыға кетуге асығуы енді түсінікті. Халі ініне су құйған саршұнақтан жаман. Туыстарын аралап күн көріп жүр. Жолға қаражат табудың өзі... Қайтеді, басқа салған соң көнеді. Сәбитке де оңай тимейтінін іші сезіп, кешірім өтінеді. Жағдай мәжбүр еткенін ескертеді. Осы сергелдең халдерін Зылиха апай былай деп сипаттайды:

“Тағы да қуғын басталды. Мағжан болса, Алматыға кетуге асықты. Ал мен болсам сезіктенем. Мен Алматыға бармаймын деп қарсыластым. Мағжан болса “қанша айтқанмен астана ғой, бір жағдайы болар, кетейік Алматыға”, деп өтінеді. Түйіншектерімізді жинап, Алматыға поезға билет алдық. Құдай-ай, мұнда келсек “халық жауы” деген жала жанданып, бықсыған оттай түтіндетіп тұр екен. 1937

жылдың жазында Сәкенді, Илиясты, Бейімбетті ұстағанын естідік. І-Алматыдан бір ұйғырдың үйін жалдап алғамыз. (Лесная, 89 болуға керек.- Ш.Е.). Үйді ретке келтіреміз деп мен ауырып, ауруханаға түсіп қалдым. Мағжан әр жерге барып жұмыс іздейді. Бәрібір алдынан айдалып келген деген бәле кесе-көлденең шығады. Өзі де жүдеп кеткен. Пәтер иесіне кіріптар болып қалдық”...

Мағжан Жұмабаев ісіндегі қай құжатты алма, өстіп әлдебір қайғылы сезімге жолықтырады. Не бас шайқайсың, не ызаланасың, не көзіңе жас үйіріледі.

Сонымен, 1937 жылғы желтоқсанның 30 күні НКВД Мағжан Жұмабаевқа бір жарым жылдай таза ауа жұтқызып алып, қапасына қайта тықты. Майор Дмитриенко анкета толтыртқан соң, мемлекет қауіпсіздігінің кіші лейтенанты Нұржанов дәл сол күні ақыннан алғашқы жауап алып, протокол жазады. Мұның да сұрағы жүрек қариды. Мағжаннан туған-туыстарын сұрады. Амал қанша, ол аға-інілерін атап шыққан: Абу-мүсілім, Қаһарман, Мұхамеджан, Сәлімжан, Ғалижан және Сабыржан. Тұтқын ақын туыстарын қалай арашаласам деп жан ұшырған болуға керек: “олардың қайда тұратынынан хабарым жоқ, өйткені бір-бірімізбен араласпаймыз”- деген.

Кіші лейтенант Нұржанов тағы да бір сұрақты төтесінен қояды. “Сіз Қазақстанда әрекет еткен антисоветтік ұйымның мүшесі ретінде тұтқынға алындыңыз, бұл ұйымның тапсырмасымен контрреволюциялық белсенді жұмыс жүргіздіңіз. Осыны мойындайсыз ба?”.

Бұған Мағжан не демек? Қай жерде жүріп, ол ұйым құрады? Тегі, ақынды бас салып, бірден таяққа жықпаған болуға керек. Сондықтан оның жауабы қысқа, тұжырымды:

“Бұл жөнінде өзімді кінәлімін деп мойындай алмаймын”. Қолы “Дж.” “Жауап алған - Нұржанов”...

Олар Мағжан көзіне көк шыбын үймелетпеді деп айта аласыз ба? Әйтпесе болмағанды болды деп өзін-өзі аспаққа асқандай қағаз жазбас еді ғой. Ежовшылар дегеніне 4-5 күн ішінде жеткен.

1929 жылы ұсталғанда Мағжан “Алқа” ұйымын ұйымдастырды деп сотталса, “Қуырдақтың әкесін түйе сойғанда көрерсің” дегендей, бұл жолы ол сонау Қиыр Шығыстағы Жапонияның ыспар “шпионы” болып шыға келді. 1938 жылдың 6 қаңтарында сол шпиондығын растап, Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариатының атына “мәлімдеме” жасайды. Мұны Мағжан өз қолтаңбасымен жазғандықтан, толық келтірейік:

“Народному Комиссариату Внутренних  
Дел КССР Заключение Джумабаева Магжана  
6.1.38.

## ЗАЯВЛЕНИЕ

Желая искупить свою вину перед Советской властью, чистосердечно заявляю, что предъявленные мне обвинения в том, что я, Джумабаев, занимался на протяжении нескольких лет шпионской деятельностью в пользу одного из иностранных государств – подтверждаю. Шпионажем в пользу Японии, я, Джумабаев, начал заниматься с 1919 г. И продолжал эту работу до 1929 г. т.е. по день моего ареста и отправки в лагерь. По отбытию таковых и возвращения в Казахстан в 1936 г. Я возобновил свою шпионскую работу в пользу названного государства...”

3881 нөмірлі істің ішінде бір жапырақ қағазда жазылған суық хабарды кім де болса арқасы мұздап, қабағы түйілмей оқи алмайды. НКВД Қауіпсіздік басқармасының кіші лейтенанты Гайковичтің қолымен үкімді жүзеге асыру актісінен мынадай үзінді келтірілген: 1938 жылғы 11 ақпан күнгі Мағжан Бекенович Жұмабаевты ату жөніндегі шешімі (протоколы №377) 1938 жылғы 19 наурызда жүзеге асырылады (“приведено в исполнение”).

“Алматы ақшамы” газетінің 1990 жылғы 17, 18, 23 қазан күндеріндегі сандарындағы А.Тасымбековтың “Олар 19 еді...” деген көлемді мақаласы басылды. Мақалада 1938 жылғы 6-12 наурызда сотталып, атылған бір топ Қазақстан мемлекет қайраткерлерінің жатқан жері Алматы маңындағы Боралдай мен Өжет поселкелерінің аралығындағы жергілікті халық “Қандысай” атаған ұры сайда екені анықталды. Мен Мағжан денесі де осында көмілді ме деп жорамалдаймын. Оған дәлел, 19 жайсаңның сотталуы наурыздың бірінші жартысы болса, атылуы және қойылуы наурыздың екінші жартысы. 19 боздақтың атылуы жайында “Социалистическая Алма-Ата” газетінің 1938 жылғы 22 наурыз санында ресми хабар жарияланды. Мағжанның атылуы, жоғарыда айтылғандай, 1938 жылғы наурыз екенін білеміз. Араларында күн салған ба, салмады ма, не бәрін бірге атты ма? – деген заңды сұрақ туады. Атылғандарды түнде машинамен көмуге алып келген шофер Айтжан мәйіт салынған қапшықтың саны 19 не 20 деген. Ендеше Мағжан мүрдесін де соларға қосуы әбден ықтимал..

Болмаса басыма да бармас па екен?

Атымды аузына да алмас па екен?

Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған  
Молама көз қырын да салмас па екен?  
Аруақты ағаның сөзіне құлақ аспасақ, біздің кім болғанымыз?

ЕЛЕУКЕНОВ Ш.,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Мағжан.- Алматы: Санат, 1995.

## МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

(Ташкенттегі қазақ студенттеріне етілген  
баяндамадан үзінді)

Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз көміл жетеді деп айта алмаймыз; толық сынау үшін, оның алды-артын орап, өрісін арылтып шығарлық сегіз қырлы, негізгі білім керек.

Кеңінен толғамай, шұғылдан істелген жұмыс өңсіз, үстіртін болмай тұрмайды. Мағжан өлеңдерінің егжей-тегжейін, ноқатын, тәстин қалдырмай тәптіштеп қарап шығуға көп уақыт, көп дерек (материал) керек, ақынның ақындығын үстінен қарап топшыламай, ішіне кіріп зерттеу (изучать ету) керек. Бұ жағынан да емін-еркін бола алмадық.

Мағжанды тексергендегі тағы бір қиыншылық мынау. Қандай өнерпазды, ақынды, данышпанды болсын, өз заманының сыншылары әділ көзбен қарап, баға беру шетін нәрсе. Заман сыншыларының бүйрегі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмайды. Талай таланттардың, талай жақсылардың қадірін жұрт өлген соң біледі. “Алтынның қолда барда қадірі жоқ” дегендей. Замандастар, тұстастар әділ болу қиын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішімен өлшейді; сыншылардың көбі не ақынды жақтаушылар, не жамандаушылар, не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып мініп алып, әбүйір атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуға мүмкін. Біз де сол көптің біріміз. Не заманға күйлеп, не басқа бір мақсатпен бір жағынан ағып өтіп жүрсек, ғажап емес. Міне, сондықтан біз бұл баяндамамызда Мағжанның бар табысын толық тексеріп, жете сынап ұшығына шыға алмаймыз (таза зерттеу үшін баяндама жетпейді, аз болса қалыңдығы бір елі кітап жазу керек болады). Бұл баяндаманы Мағжан сөздері туралы азды-көпті көңілге перне түсіріп, пікір алысу деп қарау керек.

Әйтсе де мұндай баяндамалар пайдасыз да болмайды. Орыстың Пушкин сынды, Гоголь сынды ақындары бар заманда, атақты социалистический сыншы Белинский әлі орыста әдебиет жоқ деп қайғырған. Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге қосатын атты жаратып, құйрық жалын сүзіп жіберсе, көрікті болып жұтынып шығады. Әдебиетке сондай күтім, сондай сын керек. Әсіресе әдебиетті сынау біз сықылды жұртқа керек, өйткені бізде әлі жөнді әдебиет жоқ, бар болса – балапан, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жоқ, әдебиетті тәрбиелей, мәпелей білсек, біздің де ақындарымыз, жазушыларымыз санатқа қосылады.

Мағжанның өлеңдерін аса құнттап, бұлдап жарыққа шығаратын Мағжаншылдар да бар; іске алғысыз қылып, өртеп жіберу керек дейтіндер де бар; қысқасы, Мағжанның қасы да, досы да бар, мақтаушылар нені біліп мақтап жүр, жамандаушылар не үшін жамандап жүр? Оны тексеру біздің мақсатымызда жоқ. Біз шамамыз келгенше Мағжанға сын көзімен қарағымыз келеді. Сын көзі дегенде, біз ғылымның жолын тұтынуымыз керек. Мәдениетті жұрттар жазушыларын, ақындарын қай жолмен тексеріп сынаса, біз де сол жолды қолдануымыз керек.

Ғылым жолы да әр түрлі:

“Дүниені рух билейді; тарихты әлеумет емес, жеке адамдар, данышпандар туғызады, әуелі – рух, идея (пікір) жүру керек; дене, зат (материя) – рух пен идеяның құлы” дейтін идеализм жолы бар. Бұл Гегельдің жолы. Гегельдің жолын қолдансақ, жеке адамды өлгенше дәріптейміз, әлеуметтен де басшыға артық мағына береміз; ақын, ілім, өнер бар, тілесе не шығарсын, не жазсын, әлеуметті теріс жолға бастасын, олай жазбадың, бұлай жаздың деп мін таға алмайтын боламыз; ендеше ол жолды біз тұтына алмаймыз.

Біздің ақынды тексергенде қарайтын тұрғымыз: идеализм емес, материализм, марксизм мұнарасы болу керек. Өмірге, тұрмысқа, шындыққа қабысатын тура жол – Маркстің жолы. Бүгінде Маркстің жолын, белін басып, Гегельдің етегінен ұстай алмаймыз. Егер олай етпекші болсақ, онымыз не желөкпелік, не болмаса тарпаңдық болып шығар еді.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ,  
М. Жұмабаев. Шығармалары.-  
Алматы: Жазушы, 1989.- 400-401 б.

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893-1938)

Тектілерді тұғырынан айырған,  
Қырандарды қанатынан қайырған.  
Тар заманда, зар заманда кешегі  
Сайғақ құрлы сая таппай сайыңнан,

Алты алашқа құрбан болған ақ жаны,  
Ақындықтың мұндай мөлдір маржаны,  
Жат өлкенің топырағын жастанып  
Жатыр мұнда Жұмабайдың Мағжаны!

Аруанаша аңырат та асыл күй,  
Қабіріне көздің ащы жасын құй!  
Жұмабайдың Мағжаны деп таны да,  
Ұлы Абайдың ұрпағы деп басыңды ій!

Бойын кернеп бұлықсыған бұла жыр,  
Байтақ елдің жоғын жоқтап шығар ұл,  
Жұмабайдың Мағжаны деп табын да,  
Ұлы Абайдың жұрнағы деп ұға біл!...  
Әр уақытта әруағына дұға қыл!

Ей, Мағжан,  
Болсаң да ақын нәзік мүсін,  
Тас – толғам,  
Құрыш мінез қазықтысың!  
Жазықсыз жапа шеккен жан емессің,  
Алдында заманыңның жазықтысың!

Алдында жазықтысың Заманыңның,  
Астары белгілі еді амалыңның!  
Алдында Қоғамыңның жазықтысың,  
Ойладың кірлемейін Ақ арыңның!  
Арасын өлшеп біліп оң – терістің,  
Алаштың арманы үшін тер төгістің!  
Құранын Мұсылманның қасиеттеп,  
Ұранын ұнатпадың Төңкерістің!

Қосылып “Аврораға” жөтелмедің,  
Байқалды бұра тартқан бөтен лебің.  
Туралап, сөз арнадың Күншығысқа,  
“Уралап!” қызыл жалау көтермедің!

Кеуделі күрескердің тілі өтпеген  
Бір пәле тауып алдың Жүрек деген.  
Беделді Бедныймен сырласпадың,  
Сырластың жаны күйген Блокпенен!

Серіге алтын кездік сабы ұнайды!  
Байтаққа болды солай “табың” әйгі...  
Күн көсем Ленинді жырламадың,  
Жырладың қаһарлы хан Абылайды!

“Зарладың қосып жиі қобызға әнді,  
сарнадың айтып ескі аңыздарды...”  
Жек көрдің “қоңыздарды қорсылдаған”,

Жек көрдің “торсылдаған доңыздарды...”

Мойыған кезінде де менменсідің,  
Өреңе шыға алмады өрген шыбын!  
Аспанның жерге жақын келгеніндей  
“Тоқсанның тобына” шын ергенсідің!

Азабын сезінсең де жолдың жырақ,  
Көздеген арманыңды көрдің мұрат!...  
Емессің “халық жауы” қаны тамған,  
Кеңестің анық жауы болдың бірақ!

Ақынсың сол баяғы нәзік мүсін,  
тас – толғам,  
құрыш – мінез қазықтысың!  
Алдында Ақ арыңның айыбың жоқ,  
Алдында Қоғамыңның жазықтысың!

ӘБДІРАШТЫҢ ЖАРАСҚАНЫ.  
Қазақ әдебиеті. - 1997. – №21.- 27 мамыр. - 5 б.

# ΚΟΜΕΚΛΙ ΚΟΡΣΕΤΚΙΣΤΕΡ

## **М. ЖҰМАБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ**

### **1911**

1. Жатыр // Айқап.- 1911.- № 2.- 14-15 б.
2. Шын сорлы // Айқап.- 1911.- № 9.- 15-17 б.

### **1912**

3. Бұлбұл // Айқап.- 1912.- № 8.-155-158 б.
4. Дала, қала // Айқап.- 1912.- № 5.- 104-108 б.
5. Жазғытұры // Айқап.- 1912.- № 4.- 93 б.
6. Шолпан.- Қазан: Каримовтар баспасы, 1912.

### **1913**

7. Қатын алу, ерге шығу // Айқап.- 1913.- № 2.-30-31 б.
8. Мәтбуғат жайынан: [1912 жылы Қазан қаласында жарық көрген Мағжан Жұмабаевтың “Шолпан” кітабы туралы хабар] // Айқап.- 1913.- № 4-5.- 112 б.
9. Орал тауы // Қазақ.- 1913.- № 7.- 22 март.
10. Туған жер // Қазақ.- 1913.- № 5.
11. Шолпан.- Қазан, Матбәғә-и Каримия, 1913.

### **1914**

12. Кең дала: Өлең: [Мотиннің “Сибирские мотивы” атты бөлімінің аудармасы деп жазылған] // Айқап.- 1914.- №22.- 308-309.

### **1915**

13. Есімде... тек таң атсын! // Қазақ.- 1915.- 25 июнь.

14. Жазғытұры // Ленин туы.- 1915.- 100 б.
15. Жарыма // Қазақ.- 1915.- № 121.- 22 апр.
16. Зар // Қазақ.- 1915.- № 154. – 22 окт.
17. Көңіл // Қазақ.- 1915.- № 117.- 8 апр.
18. Қайғылы сұлуға // Қазақ.- 1915. - 28 март.
19. Төбет // Қазақ.- 1915.- 8 июль.
20. Туған жер: Өлең // Қазақ.- 1915.- 22 апр.

#### **1916**

21. “Дін” үйренгенге // Қазақ.- 1916.- № 184.
22. Жолда // Қазақ.- 1916.- № 185.

#### **1917**

23. Орамал: Өлең // Қазақ.- 1917.- 17 февр.

#### **1918**

24. Күздікүн: Өлең // Абай.- 1918.- № 11.- 14 б.
25. Неге жасаймын // Абай.- 1918.- № 3.- 16 б.

#### **1922**

26. Ертегі: Өлең // Тілші.- 1922.- 27 авг.
27. Қорқыт; Қойлыбайдың қобызы: Поэмалар // Шолпан.- 1922.- № 2-3.
28. Педагогика.- Оренбург, 1922.- 94 б.

#### **1923**

29. Аймақ ішінде: [Мақала] // Тілші.- 1923.- 20 март.



30. Ақан сері: [Өмірі] // Сана.- 1923.- № 1.- 102-115 б.
31. Алатау: [Өлең] // Ақ жол.- 1923.- 13 сент.
32. Ана тілі: [Бастауыш мектепке].- Ташкент, 1923.- 23 б.
33. Батыр Баян: [Поэма] // Шолпан.- 1923.- № 4-5.- 48-68 б.; № 6-7-8.- 100-113 б.
34. Гүлсім: [Әңгіме] // Жас қазақ.- 1923.- №1.- 43-44 б.
35. Жай әншейін ойын ғой: [Өлең] // Ақ жол.- 1923.- 24 янв.
36. Жұлдызды жүзік, айды алқа қылып берейін // Сана.- 1923.- № 1.- 82-83 б.
37. Педагогика.- Ташкент, 1923.- 108 б.
38. Сәрсембайдың жыры: өлең // Сана.- 1923.- № 1.- 73-74 б.
39. Сұлулыққа табынудан туған мұң: [Ақан серінің “Сырымбет” әнінің шығуы туралы] // Сана.- 1923.- №1.
40. Сырдағы алашқа: [Өлең] // Ақ жол.- 1923.- 10 май.
41. Тұранның бір бауында: [Өлең] // Ақ жол.- 1923.
42. Тірі бол: [Өлең] // Ақ жол.- 1923.
43. Шолпанның күнәсі: [Әңгіме] // Шолпан.- 1923.- № 4-5.- 94-102 б.; № 6, 7, 8.- 162-172 б.
44. Родной язык в начальной школе на кирг. языке.- Ташкент, 1923.

## 1924

45. Ақан сері: [Ақан сері сөздерінің жиналуы туралы] // Сана.- 1924.- № 2-3.- 85-98 б.
46. Алатау: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- № 409.

47. Асық иіру: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- № 415.
48. Әже: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- № 404.
49. Еділде: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- 25 июль.
50. Еділдің сағасында: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- 18 авг.
51. Ескі Түркістан: [Түркістан деген өлеңдер тобынан] // Ақ жол.- 1924.- 15 май.
52. Жан мен өлі: [М.Горькийден аударылған әңгіме] // Сәуле.- 1924.- № 1.- 12 б.
53. Жердің жұмырлығы: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- № 416.
54. Жылқышы: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- № 408.
55. Қойшы бала мен күшік: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- 21 июль.
56. Қоңыр жыр: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- № 413.
57. Қыздың зары: [Өлең мен қарасөз] // Еңбекші қазақ.- 1924.- 23 сент.
58. Қызыл жалау: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- 29 июнь /№ 452/.
59. Қырғыз – қазаққа: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- 8 июнь.
60. Немере мен әжесі: [Өлең] // Ақ жол.- 1924.- 18 июль.
61. Оқ жетпестің қиясында:[Ертегі] // Сәуле.- 1924.- № 1.- 21-23 б.
62. Сәлем хат: [Өлең] // Тілші.- 1924.- 3 дек.
63. Сұңқар жыры; Жұртын сүйген жүрек; Ана; Темірді жұмсартқан ана; Хан мен ұлы: Әңгімелер / Ауд. М.Жұма-баев.- М., 1924.- 44 б.
64. Тарту: Хрестоматия. А.Диваевтың материалдары бойынша / Құраст. М.Жұмабаев.- Ташкент: Түркмамбас, 1924.- 215 б.
65. Темірді жұмсартқан ана: [М.Горькийден ауда-рылған әңгіме] // Сәуле.- 1924.- № 1.- 1-7 б.

## 1925

66. Ақ – бозат: Ертегі әңгіме.- М., 1925.- 32 б.
67. Балаларға базарлығым: Өлең // Терме: Жинақ / Құраст. Жүргенов.- 1925.- 97-99 б.
68. Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні.- М., 1925.
69. Белинскийдің ақындықты сипаттауы: [Лермон-товтың өлеңдері туралы жазған мақаласынан] // Лениншіл жас.- 1925.- №7.- 64-65 б.
70. Ұлбосын: [Өлең] //Еңбекші қазақ.- 1925.- 9 нояб.
71. Шын ертек: [Өлең] // Еңбекші қазақ.- 1925.-29 окт. / № 394 /; 2 нояб. / № 396 /.

## 1926

72. Абай // Балаларға тарту.- 1926.- ( “Жаңа мектеп ”) журналының № 6 санына қосымша).- 23 б.
73. Аққала // Балаларға тарту.- 1926.- ( “Жаңа мектеп ”) журналының № 6 санына қосымша).- 23 б.
74. Ата, бата // Балаларға тарту.- 1926.- ( “Жаңа мектеп ”) журналының № 6 санына қосымша).- 22 б.
75. Жұбату // Балаларға тарту.- 1926.- ( “Жаңа мектеп ”) журналының № 6 санына қосымша).- 6-7 б.
76. Жылқышының үйінде: [Өлең] // Жаңа мектеп.- 1926.- № 6.- 42 б.
77. Қаныш бай қиссасы: [Өлең] // Еңбекші қазақ.- 1926.- 2 февр.
78. Қысқы түнде шеше мен бала // Жаңа мектеп.- 1926.- № 6.- 42 б.
79. Өтірік ертек // Жаңа мектеп.- 1926.- № 6.- 43-56 б.
80. Сал-Сал білек, сал білек // Балаларға тарту.- 1926.- ( “Жаңа мектеп ”) журналының № 6 санына қосымша).- 6 б.

81. Сұр құлын // Балаларға тарту.- 1926.- ( “Жаңа мектеп ”) журналының № 6 санына қосымша).- 24 б.

82. Сылдырмақ // Балаларға тарту.- 1926.- ( “Жаңа мектеп”) журналының № 6 санына қосымша).- 6 б.

83. Туған жер // Балаларға тарту.- 1926.- (“Жаңа мектеп”) журналының № 6 санына қосымша).- 22 б.

### **1927**

84. Қарындастар: [Үйдегі үнсіз қарындас; Бұлқынып бұғау үзген қарындас; Оқудағы қарындас; Жолға шыққан қарындас] // Әйел теңдігі.- 1927.- № 6.- 48-50 б.

85. Таңды: [Өлең] // Еңбекші қазақ.- 1927.- 12 сент.

86. Тоқсанның тобы; [Поэма] // Еңбекші қазақ.- 1927.- 19 авг.

### **1928**

87. Мағжан жыры – қандар жыры: [Мағжан ақынның Мәс-кеу баспасынан “Жүсіпқан” атты кітапшасын оқып көргеннен кейін жазылған өлең] // Еңбекші қазақ.- 1928.- 12 нояб.

88. Сауатты бол.- 4-ші бас.- М., 1928.- 96 б.

### **1929**

89. Астық дайындау науқаны: Мақала // Еңбекші қазақ.- 1929.- 2 апр.

90. Қазақстандағы оқу жұмысының құрылысы:[Оқу жұмысында орын алып отырған кемшіліктер. Мектеп сапасын арттыру, оқу әдісін жақсарту жөнінде] // Еңбекші қазақ.- 1929.- 12 дек.

91. Сауатты бол.- М., 1929.- 96 б.

### **1930**

92. Әртель: [Пьеса] // Жаңа әдебиет.- № 8.- 37-43 б.

93. Сауатты бол.- М., 1930.- 95 б.

### 1981

94 Ат салысып: [Радио хабарлары туралы] // Еңбекші қазақ.- 1981.- 4 нояб.

### 1988

95. Бұйырса шырақ сөнбес, ұзақ жанар: Орамал; Батқан күн, атқан таңның жыры; Анама; Көбелек; Көңіл; Қараңғы, дауылды түн: [Өлеңдер] // Соц.Қазақстан.- 1988.- 31 дек.

96. “Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған”: [Жазғытұрым; Толған ай; Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін; Бұлбұл; Жан сөзі, Сен сұлу; Шолпы; Махаббат не?; Түс; Күннің батуы] / Газетке дайынд. С.Дәуітов // Қазақ әдебиеті.- 1988.- 23 дек.- 5б.

97. Жизнь; Ураганная ночь; Бабочка; Берниязу: [Стихи] /Пер. с каз. А.Парщикова // Дружба народов.- 1988.- № 12.- С.161-163.

98. Зимняя дорога; Сасык-куль; Красное знамя: [Стихи] /Пер. с каз. А.Жовтиса // Индистр.Караганда.- 1988.- 31 дек.

### 1989

99. Айда атыңды, Сәрсембай!; Қазақ тілі; Мен кім?; От; Қызыл жалау: [Өлеңдер] / Ташкент, 1993 жылы шыққан / // Көкшетау правдасы.- 1989.- 16 дек.

100. Айырылғанда; Көкшетау; Жәмилә; Туған жерім Сасықкөл: Қазағым; Күз; Бұлбұл: [Өлеңдер] // Көкшетау прав-дасы.- 1989.- 22 март.

101. Ақан сері: [Өлеңдер] // Қазақ әдебиеті.- 1989.- 6 янв.

102. Ақбозат: [Әңгіме] /Ауд. М.Жұмабаев.- Қазақ әде-биеті.- 1989.- 28 июль.

103. Атақты ақын, сөзі алтын Абайға; Қазағым; Өнер-білім қайтсе табылар; Тілегім; Дін үйренгенге; Шын сорлы; Түн еді; Сен сұлу; Қойшы бала мен күшік; Қоңыр жыр; Тоқсанның тобы; Шолпы: [Өлеңдер] / Ж.Бектұровтың арх. алынды // Орталық Қазақстан.- `989.- 22 янв.

104. Балаларға базарлығым: [Өлеңдер циклы] / Баспаға әзірлеген Қ.Мұқаметханов // Семей таңы.- 1989.- 12 янв.
105. Батыр Баян: [Поэма] // Жұлдыз.- 1989.- № 8.- 117-124 б.; Алматы ақшамы.- 1989.- 10-14 март; Ленин туы.- 1989.- 21-24 янв.; Орталық Қазақстан.- 1989.- 7,8 янв.; Жезқазған туы.- 1989.- 22,23 авг.
106. Біраз Фетша; Атақты ақын, сөзі алтын, Гүлсім ханымға; Тілегім; Александр Блок; Мені де өлім, әлдиле; Сүйемін: [Өлеңдер] / Өлеңді әзірлеген Е.Асқаров // Лениншіл жас.- 1989.- 4 янв.
107. Дулатов абақтыдан шыққанда;Тұтқын: [Өлеңдер] // Орталық Қазақстан.- 1989.- 3 авг.; Коммунизм таңы.- 1989.- 9 сент.
108. Жазылашақ оқу кұралдары һам мектебіміз: [Мақала “Бостандық туы”]
109. Жатыр (1911 ); Орамал (1917 ); Есімде... тек таң атсын: [Өлеңдер] // Мәдениет және тұрмыс.- 1989.- № 3.- 13 б.
110. Жатыр; Осы күнгі күй; Балалық шағы; Бесік жыры: [Өлеңдер] // Қазақстан мектебі.- 1989.- № 3.- 44-45 б.
111. Жердің жүзі бір адамзаттың ұлына: Толқын; Шешем; Ана мен бала; Үміт; Өмір; Күн айтқызды; Түн айтқызды; Үш шақ; Еділдің сағасында; Сорлы қазақ; Айға; Әйел; Асық иіру; Әже: [Өлеңдер] / Дайынд. О.Асқар // Алматы ақшамы.- 1989.- 3 янв.
112. Жер жүзіне...; Жәмила: [Өлең] // Ленин туы№ө 1989.- 25 июль.
113. Жер жүзіне...; Тез барам; Жер жүзін топан басса екен; Мен кім; Толқын; Біраз Фетше; Н-ның альбомына; Қазақ тілі; Александр блок: [Өлеңдер] / Дайынд. Х.Абдуллин // Қазақ әдебиеті.- 1989.- 22 сент.
114. Жұбату: [Өлең] // Қазақстан мұғалімі.- 1989.- 11 авг.
115. Жұлдызды - жүзік, айды - алқа ғып берейін; Сүйгенім анық; Жас сұлуға; Ауру; Тілегім; Сағындым; Жауға түскен жанға; Айға; Тәңірі; Жаралы жан; Айда атыңды, Сәрсембай; М.Д. абақтыдан шыққанда; Есімде... тек таң атсын; Дін үйрен- генге; Жер жүзін топан басса екен; Алыстағы бауырыма; Пайғамбар;

Сәрсенбайдың жыры; Бостандық; [Өлеңдер] /Редакцияға  
тапсырған З.Ілиясов // Жұлдыз.- № 11.- 133-141 б.

116. Көкшетау; Жәмилә; Күз; Бұлбұл: [Өлеңдер] // Көк- шетау правдасы.-  
1989.- 22 март.

117. Қазақ тілі: [Өлеңдер] // Өркен.- 1989.- 30 дек.

118. Қазақ тілі; Сүй, жан сәулем; Тұтқын; Шолпы; Махаббат па?: [Өлеңдер]  
// Ленин туы.- 1989.- 26 авг.

119. Қараңғы дауылды түн; Көбелек; Көңіл; Батқан күн, атқан таңның жыры:  
[Өлеңдер] // Арай.- 1989.- № 9.- 13 б.

120. Қарындастар: [Өлеңдер] // Қазақстан әйелдері.- 1989.- № 3.- 20-21 б.

121. Қорқыт; Қойлыбайдың қобызы: [Поэмалар] // Жұл- дыз.- 1989.- № 6.-  
114-119 б.

122. Лирика: [Жұлдызды - жүзік, айды - алқа ғып берейін; Сүйгенім анық;  
Жас сұлуға; Ауру; Тілегім; Сағындым; Жауға түскен жанға; Айға; Тәңірі;  
Жаралы жан; Айда атыңды, Сәрсембай; М.Д. абақтыдан шыққанда; Есімде...  
тек таң атсын; Дін үйренгенге; Жер жүзін топан басса екен; Алыстағы  
бауырыма; Пайғамбар; Сәрсенбайдың жыры; Бостандық: Өлеңдер] //  
Жұлдыз.- № 11.- 133-141 б.

123. Мен жастарға сенемін: [Өлең ] // Өркен.- 21 янв.

124. Мен кім?; Жауынгердің жыры; Көкшетау; Браз Фатше; Айырылысу;  
Гүлсім Ханымға; Сүйемін; Көңіл ашар; [Өлең-дер].- Қызылжар.- 1920 ж. /  
Әзірлеген Х.Абдуллин // Қызыл ту.- 1989.- 20 янв.

125. Мың шүкір, әлсіз қолда әлсіз шырақ; Гүлсімге; Орамал; Батқан күн,  
атқан түңның жыры; Қараңғы дауылды түн; Көбелек; Анама; Көңіл:  
[Өлеңдер] // Қазақ әдебиеті.- 1989.- 1 янв.

126. Міржақып Дулатов абақтыдан шыққанда: [Өлең] // Коммунизм таңы.-  
1989.- 9 қыркүйек.

127. Наурыз: [Наурыз тарихынан түсінік] // Жалын.- 1989.- № 2.- 34-35 б.,  
Алматы ақшамы.- 1989.- 22 март.

128. Орамал; Көңіл; Көбелек; Жауынгердің жыры; Көкшетау; Бұлбұл; Анама; Қараңғы, дауылды түн; Мен кім?; Айырылысу; Гүлсім ханымға: [Өлеңдер] // Коммунизм таңы.- 1989.- 28 янв.
129. Орамал; Көңіл; Көбелек; Бұлбұл; Анама; Қараңғы, дауылды түн: [Өлеңдер] // Ленин туы.- 1989.- 7 янв.
130. Өтірік ертең // Көкшетау правдасы.- 1989.- 29 окт.
131. Сүйемін; Шолпы; Александр Блок: [Өлеңдер]// Коммунизм жолы.- 1989.- 4 февр.
132. Сырым; Өлең; Махаббат не?; Болса гүлсіз; Ой; Тоқсанның тобы: [Өлеңдер] // Коммунизм нұры.- 1989.- 14 февр.
133. Толқын; Қызыл жалау; Еділде; От; Мен жастарға сенемін; Жылқышы; Қойшы бала мен күшік; Жұлдызды-жүзік, айды-алқа ғып берейін: [Өлеңдер] // Жалын.- 1989.- № 2.- 32-34 б.
134. Толқыннан толқын туады: Жер жүзіне...; Тез барам; Жер жүзін топан басса екен; Мен кім? Толқын; Біраз Фатше; Жауынгердің жыры; Н-ның альбомына; Қазақ тілі; Александр Блок: [Өлеңдер] // Қазақ әдебиеті.- 1989.- 22 сент.
135. Туған жер; Бұлбұл; Жұлдызды - жүзік; айды-алқа ғып берейін; Қарындас; Сен сұлу; Балаларға базарлағым: [Өлеңдер] / Әзірлеген Қ.Мұқаметханов // Семей таңы.- 1989.- 12 янв.
136. Туған жер; Толған-ай; Өмір; Анама; Жазғы таң; Тұт-қын; Жарыма: [Өлеңдер] // Жетісу.- 1989.- 6 янв.
137. Түркістан; Сарсембайдың жыры: [Өлеңдер] // Оңтүстік Қазақстан.- 1989.- 15 февр.
138. Ұзақ жырларынан үзінді // Семей таңы.- 1989.- 14 янв.
139. Үйдегі үнсіз қарындас; Бұлқынып бұғау үзген қарындас; Оқудағы қарындас; Жолға шыққан қарындас; Қызметтегі қарындас; Қысқы түнде шеше мен бала; Туған жер; Жазғытұры; Сүйгеніме; Ежелгі жыр: [Өлеңдер] // Қазақстан әйелдері.- 1989.- № 3.- 20-21 б.



140. Шопанның күнәсі: [Әңгіме] // Қазақ әдебиеті.- 1989.- 3 март.
141. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер / Құраст. Абдуллин Х., Дәрімбетов б., Жұмабаева З.; Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер ин-ты.- Алматы: Жазушы, 1989.- 448 б.
142. Шын ертек: [Өлең] // Социалистік Қазақстан.-1989.-17 желтоқсан.
143. Весной; зимняя дорога; Красная знамя: [Стихи]// Казахстан. правда.- 1989.- 5 окт.
144. Всему миру...; Несчастный казах, твоя в страхе душа...”, Луч; Сон; Настроение; “Тьма... Буря ночная в степи золотой”: [Стихи] / Пер. с каз. Б.Канапьянова // Заря.- 1989.- № 9.- С.-22-23.
145. Жизнь; Берниязову: [Стихи] / Пер. с каз. // Ленинское знамя.- 1989.- 12 апр.
146. Зимняя дорога; Красный флаг; Весной: [Стихи]// Горизонт.- 1989.- 14 янв.- С 8.
147. Зимняя дорога; Ораза: [Стихи] // Ленинское знамя.- 1989.- 5 авг.
148. Кто я?; Песня воина: [Стихи] / Пер.с каз. А.Ахетова // Огни Алатау.- 1989.- 4 марта.
149. Люблю; Красное знамя; Зимняя дорога; Весной: [Стихи] Пер. с каз. А.Жовтиса // Простор.- 1989.- № 4.- С.161-163; Дело № ... Летопись горького времени; Повести, рассказы, статьи, очерки и стихи.- Алма-Ата, 1989.- С.300-304.
150. Люблю; Ночь; Слово хромого Тимура: [Стихи] // Простор.- 1989.- № 9.- С. 148-151.- Текст на каз., рус. языках.
151. Мысль: [Стихи] // Лит.Киргизстан.- 1989.- № 9.- С. 85-86.
152. Сайлау: [“Бостандық туы” 1921, № 13] // Алматы ақшамы.- 1989.- 22 марта.

153. Ураганная ночь; Бабочка: [Стихи] / Пер. с каз. Публ. З.Жумабаевой // Ленинское знамя.- 1989.- 1 мая.

## 1990

154. Ақсұңқар құс; Дайдуду-дау; Сен сұлу; Сүй, жан сәулем; Япыр-ай: Ән жазылған өлеңдері // Қазақ әндерінің анталогиясы: Екі томдық Т.1. Халық әндері мен халық композиторларының әндері / Құраст. Ж.Кәрменов.- Алматы, 1990.- 225-228 б.

155. Алатау: [Қырғыз шежіресінен] // Орталық Қазақстан.- 1990.- 4 тамыз.

156. Бернияз Күлеев: Мақала; Берниязға:[Өлең] [“Ақ жол” газ. 1923 ж. 22 ақпан] / Ред.жолдаған К.Сыздықов // Лениншіл жас.- 1990.- 27 июль.

157. Бірінші май мейрамы // Бастауыш мектеп.- 1990.- № 5.- 3 б.

158. Елім деп, жерім деп ара түсіп... / Дайынд. Н.Мағзұмов // Коммунизм нұры.- 1990.- 2 қараша.

159. Жазғытұры // Ленин туы.- 1990.- 28 көкек.

160. Жоғалған алтын; Әдемі қыз; Ақсақ Темір сөзі; Қазақ азаматы; Көңілде қайғы қалдырмас; Орамал; Еңбек-елім жан қанатын қиятын; Шойын жол: [Өлеңдер]; Оқжетпестің қиясында: [Поэма] // Жұлдыз.- 1990.- № 10.- 115-122 б.

161. Қазағым: [Өлең] // Коммунизм нұры.- 1990.- 27 қыркүйек.

162. Махаббат не?: [Өлең] // Коммунизм нұры.- 1990.- 30 тамыз.

163. Наурыз: [“Жаңа мектеп” журн. 1927 ж. жарияланған] // Ленин жолы.- 1990.- 21 наурыз.

164. Оқжетпестің қиясында: : [Поэма] // Коммунизм нұры.- 1990.- 24 тамыз.

165. Өміріме өкпем: [Өлең] // Алматы ақшамы.- 1990.- 24 қаңтар.

166. Өтірік ертек // Ленин туы.- 1990.- 12-13 қаңтар.

167. Пелагог: [1922 ж. Орынборда шыққан үзінді / Дайынд. Б.Ысқақов] // Өркен.- 21 көкек.
168. Сағындым: [Өлең] // Көкшетау.- 1990.- 6 қазан.
169. Сайлау: [“Бостандық туы”, 1921, № 13] // Соц. Қазақстан.- 1990.- 25 наурыз.
170. Толғау / 1927 ж. /; Қаныш бай қиссасы / 1924 ж. /: [Өлең] // Жалын.- 1990.- № 2.- 73 б.
171. Шойын жол: Жоғалған алтын; Әдемі қыз; Ақсақ Темір сөзі; Қазақ азаматы; Көңілде қайғы қалдырмас; Орал; Еңбек-өлім жан қанатын қиятын; Шойын жол; Оқжетпестің қиясында: [Өлеңдер] // Жұлдыз.- 1990.- № 10.- 115-122 б.
172. Шын ертегі: [Жазушының “Бостандық туы” 1921 ж. № 4 жарияланған мақаласы / Дайынд. Н.Мағзұмов] // Ком- мунизм нұры.- 1990.- 14 қыркүйек.
173. Берниязу; Жизнь: [Стихи] / Пер. с каз. А.Паршикова // Ленинская смена.- 1990.- 15 февр.

## 1991

174. Ақан Сері сөздері. Сана, 1924.- № 2-3 // Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер.- Алматы: Рауан, 1991.- 74 б.
175. Әубәкіров ақсақал Диваев; Кілт: [Тату. 1924 ж. // Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер.- Алматы, 1991.- 74 б.
176. Базар жырау. Ақжол. 1923, № 374 // Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер.- Алматы: Рауан, 1991.- 74 б.
177. Бала: [Өлең] // Өркен.- 1991.- 19 қаңтар; Ленин туы.- 1991.- 27-30- сәуір.
178. Күз күні: [Өлең - жыр] // Айқап.-1991.- № 2.- 19 - 25 б.
179. Күркүреу, найзағай, электр: [Өлең] // Семей таңы.- 1991.- 21, 28 қыркүйек.

180. Қазақ тілі: [Өлең] // Ана тілі.- 1991.- 20 маусым; Ленин туы.- 1991.- 16 ақпан.
181. Наурыз: [Жаңа мектеп, жылы белгісіз, № 3-4] // Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер.- Алматы: Рауан, 1991.- 74 б.
182. Педагогика: [Орынбор, 1923 ж.] // Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер.- Алматы: Рауан, 1991.- 74 б.
183. Сауатты бол: [Кіндік бас. Москва, 1928 ж.] // Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер.- Алматы: Рауан, 1991.- 74 б.
184. Восток; Казахский язык; Слово хромого Тимура; Темная ураганная ночь: Люблю; Погоняй свою лошадку, Сарсембай: [Стихи] / Пер. с каз. А.Кодарова; Вступ. слово об авт. // Алем: Лит.-худож. и обществ.- полит. альманах /.- Алма-Ата, 1991.- Вып. 1.- С. 58-68.
185. Грех Шолпан: [Повесть] / Пер. с каз. Р.Кошеновой // Учитель Казахстана.- 1991.- 29 тамыз.
186. Забудут люди, но помнят потомки...: Стихотворение / Пер. с каз. А.Атабека // Алем: Лит.-худож. и обществ.- полит. альманах /.- Алма-Ата, 1991.- Вып. 1.- С. 19-20.
187. Казахский язык: [Стихотворение] / Пер. с каз. М.Адибаева // Казахстан. правда.- 1991.- 18 дек.
188. Люблю; Зимняя дорога; Весной: [Стихи] / Пер. с каз. А.Жовтиса // Друг читателя.- 1991.- 11 июля.
189. Не знаю, как тут объяснить; Гульсум: : [Стихи] / Пер. с каз. Р.Кошеновой // Учитель Казахстана.- 1991.- 29 авг..
190. Ночь; Слово хромого Тимура; Люблю: [Стихи] / Пер. с каз. В.Акимова; Предисл. Х.Абдуллина // Нива, 1991.- № 1.- С. 33-36.
191. Темная буревая ночь; Луч; Сон; Всюду...: [Стихи] / Пер. с каз. А.Казанцева // Простор.- 1991.- № 4.- С.2-3.

**1992**

192. Ағадан қалған сөз: [“Алқа” әдеби үйірмесінің бағдарламасы] / Әзірлеген Т.Жұртбаев // Ақиқат.- 1992.- № 7.- 71-78 б.
193. Аққала: [Өлең] // Егеменді Қазақстан.- 1992.- 1 қаңтар.
194. Ақан сері // Ақ Орда.- 1992.- № 1.- 24-30 б.
195. Алтын хакім Абайға: [Өлең] // Абай.- 1992.- № 1.- 2 б.
196. Екі жасар һәм үш жасар баланың тамағы / Дайынд. С.Дәуітов // Үйелмен және балабақша.- 1992.- № 2, 10, 11, 12.- 45-46 б.
197. Жан тәрбиесі / Материалды дайынд. С.Дәуітов // Үйелмен және балабақша.- 1992.- № 2,4,5,6.- 40-42 б.
198. Май келді: [Өлең] // Дидар.- 1992.- 1 мамыр.
199. Наурыз: [“Жаңа мектеп” журн№? 1926.- № 3-4] // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 1992.- № 3.- 3-4 б.
200. Оқжетпестің қиясында: [Поэма] // Торғай таңы.-1992.-18 маусым; Қазақ тілі.- 1992.- № 1.- 7-9 б.
201. “Педагогика” атты кітабынан // Үйелмен және балабақша.- 1992.- № 2.- 43-45 б.
202. Педагогика: [Ұрпақ тәрбиесіне арналған кітап / Баспаға әзірлеген Ш.Елеуқенов // Жұлдыз.- 1992.- № 4.-3-61 б.
203. Педагогика: Оқулық.-3-ші рет бас.- Алматы: Ана тілі, 1992.-160 б.
204. Сұлулық:[“Педагогика”атты еңбегінен / Газ. дайынд. Ж.Дәдебаев] Жас алаш.- 1992.- 1 қаңтар.
205. Таңдамалы: [Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудар-малар] / Қазақ Респ. Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер ин-ты.- Алматы: Ғылым, 1992.- 272 б.
206. Тәрбие бөлімдері / Материалды дайынд. С.Дәуітов // Үйелмен және балабақша.- 1992.- № 2, 3.- 40-43 б.

207. Түкістан: [Ташкентте шығып тұрған “Сана” журналынан] / Дайынд. Т.Қажыбаев // Көкшетау.- 1992.- 15 ақпан.

208. Восток: [Стихотворение] / Пер. с каз. Т.Василь-ченко // Бірлесу.- 1992.- № 22.- С. 7.

209. Грех Шолпан: [Рассказ] / Пер. с каз. Р.Кошеновой // Простор.- 1992.- № 11-12.- С. 37-44.

210. Люблю; Мое желание: [Стихи] / Пер. с каз. Л. Степанова // Прикасп. коммуна.- 1992.- 22 апр.

211. Мое желание; И меня ты, смерть, убаюкай; Люблю; Эй, Сарсенбай; Темная буревая ночь: [Стихи] / Пер. с каз. Л. Степановой // Простор.- 1992.- №1.- С. 2-6.

### 1993

212. Алтын хакім Абайға: [Өлең] // Алматы ақшамы.- 1993.- 4 наурыз.

213. Айдын шалқар көлім-ай: [Өлең] // Солтүстік Қазақстан.- 1993.- 1 желтоқсан.

214. Алаш деген елім бар: [Өлеңдер] // Қазақ әде-биеті.- 1993.- 13 тамыз.

215. Ақан сері: [Өмірі] // Егемен Қазақстан.- 1993.- 30 шілде, 12 тамыз; Парасат.- 1993.- № 8.- 4, 5, 9 б.; Орал өңірі.- 1993.- 4, 7, 11 қыркүйек.

216. Ән еркесі, жыр серкесі: [Мақалалар] // Халық кеңесі.- 1993.- 28 шілде.- Мазм.: Сұлулыққа табынудан туған мұң / “Сана” журн. 1923 ж.

217. Базар жырау; Әубәкір ақсақал Дибәев: [Мақалалар] // Алматы ақшамы.- 1993.- 4 наурыз.

218. Бастауыш мектепте ана тілі / Баспаға әзірлеген Ш.Елеуқенов // Жұлдыз.- 1993.- №1.- 3-13 б.

219. “Бөлеу нәм бесік...” және тербету: [Педагогика 1922 ж.] // Ана тілі.- 1993.- 23 қыркүйек.

220. Жазылашақ оқу құралдары ыам мектебіміз: [Мақа-ла “Бостандық туы” газетінің 1921 жылғы 11 айында “Сах-рада” деген бүркеншік атпен басылған / Баспаға дайынд. З. Илиясов] // Қазақстан мектебі.- 1993.- № 2.-73-75 б.
221. Жер жүзін топан басса екен: [Өлең] // Орталық Қазақстан.- 1993.- 1 қаңтар.
222. Жер жүзін топан басса екен..; Жұлдызды – жүзік, айды – алқа ғып берейін: [Өлеңдер] // Көкшетау.- 1993.- 12 тамыз.
223. “Жүрегім, мен зарлымын жаралыға...” : [Өлең] // Ақ орда.- 1993.- № 1.- 41-42 б.
224. Көкшетау; Сүй, жан сәулем; Сен сұлу: [Өлеңдер] // Көкшетау.- 1993.- 20 наурыз.
225. Күншілдік туралы // Ақ желкен.- 1993.- № 1.- 20 б.
226. Қазағым: [Өлең] // Бастауыш мектеп.- 1993.- № 11-12.- 3 б.
227. От; Сүйемін; Қазағым; Қазақ тілі; Сүйгенім анық; Тілегім; Айырылғанда; Күзгі күні: [Өлеңдер] // Қазақ әдебиеті.- 1993.- № 33.- 13 тамыз.- 12 б.
228. Педагогика.- Алматы: Рауан, 1993.- 112 б.
229. Сағындым: [Өлең] // Сарыарқа.- 1993.- № 1.- 18-19 б.
230. Сұлулыққа табынудан туған мұң: [Ақан серінің “Сырымбет” әнінің шығуы туралы] // Халық кеңесі.- 1993.- 28 шілде.
231. Ішкі сезім яки көңіл көріністері // Отбасы және балабақша.- 1993.- № 10.- 12-13 б.
232. Абаю: [Стихи] / Пер. с каз. Л.Халиф // Ленинское знамя.- 1993.- 24 июня.
233. Бабочка; “Так темна ураганная ночь...” ; Берниязу; Жизнь: [Стихи] / Пер. с каз. А.Парщиков // Степной маяк.- 1993.- 12 авг.
234. Буклет: [Стихи].- Алматы: Жазушы, 1993.- 28 с.

235. Волна; Шолпы: [Стихи] / Пер. с каз. Р.Көшеновой // Советы Казахстана.- 1993.- 12 авг.; Қазақстан сарбазы-Воин Казахстана.- 1993.- 17 авг.
236. Грех Шолпан: [Отрывок из последн. гл. повести] // Ленинское знамя.- 1993.- 12 авг.
237. Жизнь; Сон; Родная земля: [Стихи] / Пер. с каз. В.Шестерикова // Звезда Прииртышья.- 1993.- 28 авг.
238. Жизнь: [Стихи] / Пер. с каз. А.Парщиков // Ленинское знамя.- 1993.- 24 июня.
239. Жизнь Акана / Пер. с каз. С.Алдабергенов // Степной маяк.- 1993.- 29 июля.
240. И все же родина Ч.Валиханова – Кунтимес // Кустан. новости.- 1993.- 29 июня.
241. “Когда заволокли глухие тучи...”: [Стихи] / Перевела с каз. Л.Степанова // Веч. Алматы.- 1993.- 15 июня.
242. Люблю; Слово хромого Тимура: [Стихи] // Ленинское знамя.- 1993.- 24 июня.
243. Мое желание; Все гуще лес...: [Стихи] / Перевела с каз. Л.Степанова // Ленинское знамя.- 1993.- 12 авг.
244. Мудрые мысли // Советы Казахстана.- 1993.- 6 марта.
245. Наурыз: [Рассказ] / Пер. с каз. А.Турлыбаевой // Новое поколение.- 1993.- №3.- 31 марта.- С. 11.
246. Соловей; Родная земля; Гульсим: [Стихи] / Пер. с каз. В.Шестериков // Ленинское знамя.- 1993.- 11 мая.
247. Такие простые истины: [Отрывки из учеб. “Педагогика” / Пер. с каз. Р.Көшеновой] // Учитель Казахстана.- 1993.- 23 дек.
248. Тенгри; Я спещу; Казахский язык; Ты – прекрасна: [Стихи] / Пер. с каз. А. Ширяев // Простор.- 1993.- № 6.- С. 2-4.



249. Целуй меня; Красавица; “Из легких лепестков цветка...” : [Стихи] / Пер. с каз. С.Ахметов // Нива.- 1993.- № 4.- С. 76.

#### 1994

250. Жас сұлуға: [Өлең] // Қазақ әдебиеті.- 1994.- 1 шілде.

251. Сорлы қазақ: [Өлең] // Қазақстан мектебі.- 1994.- № 11-12.- 6 б.

252. Ішкі сезім яки көңіл көріністері: [Бала тәрбиесінде] // Отбасы және балабақша.- 1994.- № 1.- 17- 19 б.

253. Ішкі сезім яки көңіл көріністері: [Құлық сезім-дері] // Отбасы және балабақша.- 1994.- № 2.- 8-10 б.; № 3.- 16-18 б.

254. Мое желание: [Стихи] / Пер. с каз. Л.Степанова // Прикасп. коммуна.- 1994.- 20 марта.

255. Однажды; Палач; Свобода; Мотылек; Все гуще лес...; Жизнь; Ораза; Слово Хромого Тимура; Птенец взмахнул крылом...; Родной мой Сасыккол: [Стихи] / Пер. с каз. Л.Степановой, К.Бакбергенев, С.Ходжановой // Прос-тор.- 1994.- № 6.- С. 2-8.

256. Птенец взмахнул крылом; Ораза; Волна; Моты-лек: [Стихи] / Пер. сказ. Л.Степановой // Новое поколение.- 1994.- 29 июля.

#### 1995

257. Алтын Хакім Абайға: [Өлең] // Денсаулық.- 1995.- № 3-4.- 4 б.; Қазақ әдебиеті.- 1995.-8 тамыз.

258. Ақан сері // Көкшетау.- 1995.- 14 наурыз.

259. “Бөлеу нәм бесік...” және тербету // Жерұйық.- 1995.- 11 қаңтар.

260. Бұлбұл // Айқап.- 1995.- 109 б.

261. Дала, қала // Айқап.- 1995.- 100-101 б.

262. Жаз келді: [Өлең] // Қазақстан мектебі.- 1995.- № 5.- 9 б.

263. Жатыр // Айқап.- 1995.- 55-56 б.
264. Күз күні: [Өлең-жыр] // Айқап.- 1995.- 90-91 б.
265. Қатын алу, ерге шығу // Айқап.- 1995.- 169 б.
266. Махаббат не?: Хор сипатты қарындас // Қазақ әдебиеті.- 1995.- 7 наурыз.
267. Наурыз: [Қазақтың жаңа жылы жайында] // Қазақстан мектебі.- 1995.- № 3-4.- 3 б.
268. Осы күнгі күй: [Өлең] // Қазақстан мектебі.- 1995.- № 1-2.- 16 б.
269. Туған жер: [Өлең] // Қазақстан мектебі.- 1995.- № 1-2.- 71 б.
270. Түркістан: [Өлең] // Нұрлы жол.- Ташкент, 1995.- 18 қараша.
271. Шығармалар: 3 томдық.- Алматы: Білім, 1995. Т. 1.- 1995.- 256 б.
272. Грехопадение Шолпан: [Рассказ] / Пер. с каз. Е.Хасенова // Ай.- 1995.- № 4.- С. 50-59.
273. Ночь; Слово хромого Тимура: [Стихи] // Казахст. правда.- 1995.- 5 авг.
274. Шын сорлы // Айқап.- 1995.- 79-80 б.

## 1996

275. Бұлбұл: [Өлең] // Парасат.- 1996.- № 10.- 21 б.
276. Жамбылға; Алтыдан беске; Қаламыма: [Өлеңдер] // Егемен Қазақстан.- 1996.- 26 қаңтар.
277. Қайың: [Өлең] // Қазақ әдебиеті.- 1996.- 13 ақпан.
278. Мен жастарға сенемін: [Өлең] // Қазақстан мек-тебі.- 1996.- № 4.- 14 б.
279. Өткен – аяулы: [Өлең] // Қазақ әдебиеті.- 1996.- 20 ақпан.
280. Педагогика қандай пән // Ұлағат.- 1996.- № 1.- 93 б.

281. Түркістан: [Өлең] // Егемен Қазақстан.- 1996.- 22 қазан.
282. “Түркістан екі дүние есігі ғой...”; “Әрі ақын, әрі батыр қарабұжыр”; “Көкке сауып емшегін...”; “Тауда түнде үн берген”; “Далақтап шапқан бай ұлы...”; “Ер Баян сол кеткеннен кете берді”; “Қылмыстан қашып тәңірге”; “Өзгеріссіз өмір сорға айналмақ...”; “Үн иесі үн шықса...”; “Сүй, сәулем, шын сүйсең...”: [Өлеңдер] / Қытай елінен жинаған Ж.Бабалықұлы // Арқа ажары.- 1996.- 25 маусым.
283. Шығармалар: 3 томдық.- Алматы: Білім, 1996.- Т. 2-3.- 1996.- 512 б.
284. Против безработицы // Руд. Алтай.- 1997.- 22 нояб.
285. Түркестан: [Стихи] / Пер. Б.Джилкибаева // Столич. обозрение.- 1997.- 26 сент.

### 1997

286. Алтын Хакім Абайға: [Өлең] // Қазақстан мектебі.- 1997.- № 2.- 41 б.
287. Жазғытұры: [Өлең] // Қазақстан мектебі.- 1997.- № 2.- 68 б.
288. Жиіленді қара орман: [Өлең] // Заман Қазақстан.- 1997.- 28 наурыз.

### 1998

289. Батыр Баян: [Өлеңдер, поэмалар].- Астана: Елорда, 1998.- 331б.
290. “Дін” үйренгенге // Қазақ.- 1998.- 302-303 б.
291. Көңіл // Қазақ.- 1998.- 167 б.
292. Наурыз: [Мейрамы] // Заң газеті.- 1998.- 18 наурыз.
293. Сүй, жан сәулем!: [Өлең] // Арқа ажары.- 1998.- 21 наурыз.
294. Төбет // Қазақ.- 1998.- 219 б.
295. Түркістан: [Өлең] // Жұлдыз.- 1998.- № 1.- 3-5 б.

296. “Түркістан – екі дүние есігі ғой...” : [Өлең] // Абай.- 1998.- № 2.- Тысының екінші беті.

## 2001

297. Базар жырау: [1923 жылы “Ақжол” газетіні № 374 санында жарияланған мақаласы] / Дайынд. Т.Дайра-бай // Түркістан.- 2001.- 23 ақпан.- 1 наурыз.

## **М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР**

1. АБДУЛЛИН Х. Жыр жұлдызы: [М.Жұмабаевтың өлеңдері хақында] // Ленин туы.- 1989.- 10, 11 нояб.
2. АБДУЛЛИН Х. Мағжан // Қазақстан мұғалімі.- 1989.- 11 авг.; Қызыл ту.- 1989.- 20 янв.; Ленин туы.- 1989.- 17,18 янв.; Коммунизм таңы.- 1989.- 28 янв.
3. АБДУЛЛИН Х. Мағжан жыр жұлдызы // Қазақ әдебиеті.- 1993.- 26 наурыз.
4. АБДУЛЛИН Х. Мағжанның әзіл сықақтары // Ленин туы.- 1991.- 14 қараша.
5. АБДУЛЛИН Х. Несіне “қауіптенеміз?” : Ақын М. Жұмабаев творчествосы туралы // Қазақ әдебиеті. – 1991. – 11 қантар.
6. АБДУЛЛИН Х. Отты күннің сәулесінен от алған // Ленин туы. – 1993. – 3 тамыз.
7. АБДУЛЛИН Х.Сұлу жырдың сырбазы // Жез-қазған туы.- 1989.- 18 май.
8. АБДУЛЛИН Х. “Сұм өмір абақты ғой сана-лыға...” // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 13 тамыз.
9. АҒАДАН қалған асыл сөз: [“Алқа” атты әдеби үйірменің бағдарламасы жайында] / Алғы сөзін жазып, журн. дайындаған Т.Жұртбаев // Ақиқат. – 1997. - № 7. – 71-78 б.
10. АЗАПТЫ сапарлар: [Ортамызға қайта оралған ақын М.Жұмабаевтың өмірлік серігі Зылиха апайдың әңгімесі] / Әңгімені жазып алған А.Тасымбеков // Лениншіл жас.- 1989.- 10 янв.
11. АЙДАРОВ Т. Халқына қайта оралған арыстар: [А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев] ж.б. // Жетісу. – 1997. – 30 мамыр.
12. АЙМАУЫТОВ Ж., Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар: [М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, С.Торайғыровтар туралы] / Дайынд. Р.Сарғожин // Қазақ әдебиеті.- 1990.- 10 тамыз.

13. АЙМАУЫТОВ Ж. Мағжанның ақындығы тура-лы: [Ташкенттегі қазақ студенттеріне өтілген баяндама] // Лениншіл жас. - 1923. - № 6.- 18-34 б.; Мағжан Жұма-баев. Шығармалары.- Алматы, 1989.- 400-428 б.; Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар.- Алматы, 1992.- 264-294 б.; Қазақ әдебиеті.- 1989.- 20 янв; 27 янв. – 10-11 б.
14. АҚПАНБЕТОВ Ж. Бір сөзі мың жыл жүрсе дәмі кетпес // Азия.- 1993.- №23.- 6 б.
15. АҚПАНБЕТОВ Ж. Шын Хакім, сөзі асыл // Ле-нин туы.- 1993.- 12 тамыз.
16. АҚСҰҢҚАРҰЛЫ С. Ақын мен тобыр: [Эссе] // Орталық Қазақстан. – 1993. – 28 сәуір.
17. АҚСҰҢҚАРҰЛЫ С. “Өмір бойы өттім сұммен соғысып”: [Мағжанның монологы] // Орталық Қазақстан.- 1989.- 10 окт.
18. АҚТАЕВ С., Мұқанов М. Жүрек жыршысы: [Петропавлдағы той жайында сыр] // Халық кеңесі.- 1993.- 24 тамыз.
19. АҚЫН атын ардақтап: Қазақстан жазушылар одағында Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдығына арналған жыр мүшайрасы жайлы // Қазақ әдебиеті.-1993.-18 маусым.- 4 б.
20. АҚЫШЕВ З. Мағжан мен фатали; Ерші Жүсіп пен Аббас хан: [М.Жұмабаев жинағына берген бір түсінік төңірегінде] // Алматы ақшамы.- 1989.- 28 дек.
21. АЛДАЖҰМАНОВ Қ. Ақынның арманы мен үміті: [М.Жұмабаев өмірінен] // Егемен Қазақстан. – 1996. – 26 қаңтар.
22. АЛДАЖҰМАНОВ Қ. Түнін жарған азаптың - ұлы ақыны қазақтың: [М.Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында] // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 21 тамыз.
23. АЛТАЙ А. Алдаспаны алаштың ақын Мағжа // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 22 қазан.
